



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Г. Р. РАХМЕТОВА

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОТАРИАТЫ



Алматы, 2012

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

---

**Г. Р. Рахметова**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
НОТАРИАТЫ**

*Оқулық*

**Алматы, 2012**

ӘОЖ 347.9 (075.8)  
КБЖ 67.410 я 73  
Р24

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»  
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

**Пікір жазғандар:**

заң ғылымдарының кандидаты **С. О. Көшқали**;  
нотариус **М. Ә. Елікбай**.

**Рахметова Г. Р.**

**Р24 Қазақстан Республикасының нотариаты:** оқулық. – Алматы.  
2012. – 192 бет.

ISBN 978-601-217-366-6

Оқулықта Қазақстан Республикасында құқық органдарының бірі – нотариаттың даму тарихы және егеменді Қазақстанда нотариат бірлестігіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар толығымен көрсетілген. Қазақстан Республикасының нотариат заңнамасында қарастырылған нормативтік актілердің түрлері, жалпы талаптар және басқа да құқық қорғау органдарымен қарым-қатынасы зерделенген.

Оқулық жоғары және арнайы оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, және оқытушылар мен ғылыми қызметкерлерге, нотариустарға арналған.

ӘОЖ 347.9 (075.8)  
КБЖ 67.410 я 73

ISBN 978-601-217-366-6

© Рахметова Г. Р., 2012

© ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқулық «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген құзіреттер шегінде, нотариаттық іс-әрекеттер жасауы кезінде, мемлекеттік нотариустардың және жеке практикамен айналысатын нотариустардың, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасауға, уәкілдік берілген жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдардың және консульдық міндетті атқарушы адамдардың Қазақстан Республикасының атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібін белгілейді.

Оқулық қазіргі нотариат жүйесінің қалыптасу және даму ерекшеліктерін саралаумен қатар, дамыған елдердегі нотариаттық қызметтің беделділігін, қадірменділігін көрсетуге тырысуы арқылы оқушылардың бұл пәнге, қызметке ынталылығын арттырады деген үміттеміз.

Қазақстан Республикасында 1997 жылғы 14 шілдеде «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған соң еркін, бюджеттен тыс нотариат құрылып, елімізде нотариат ұйымдарын реформалау жүзеге асырылды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы бюджеттен тыс нотариаттық кеңселер азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ететін жаңа қалыптасқан әрі ұйымдасқан органдар жүйесіне айналды.

Оқулықта нотариаттық тәжірибеде өте жиі кездесетін ережелер мен процедуралар қамтылды. Бұл оқулықтың құралын жазудағы тағы бір міндет – заңгер маманы болып табылмайтын адамдар біле бермейтін сұрақтарды саралау. Тіпті заңгерлер арасында да нотариус қызметінің өзіндік ерекшелігін толық білмейтіндері кездеседі, шындығына келгенде нотариус қызметі күрделі, жауапты және өте көп еңбектенуді қажет етеді. Осыған орай, автор бұл оқулықтың кең ауқымды оқырмандар қауымына пайдасы тиер деп үміттенеді, себебі мұнда бірқатар күнделікті жиі кездесетін нотариаттық әрекеттердің мәні мен мазмұны айқындалып, оларды жүзеге асыру ережелері жөнінде терең түсінік беріледі.

# 1-ТАРАУ

## НОТАРИАТТЫҢ ТҮСІНІГІ, ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

**1.1 Нотариаттың түсінігі, нотариаттың міндеттері**

**1.2 Нотариаттық қызметтің пәні және принциптері**

**1.3. Нотариат туралы заңнама оның құқық жүйесіндегі орны**

**1.4. «Қазақстан Республикасының нотариаты» курсының пәні және жүйесі**

### **1.1 Нотариаттың түсінігі, нотариаттың міндеттері.**

Нотариат ұғымының лексикалық аудармасы латынша «nota» сөзінен алынған, қазақша мағынасы – таңба. Ежелгі Римде стенографиялық таңбалар жазу жылдамдығын қолданғандарды және мәмілелердің жобасын құрастырушы мамандарды – нотариустар деп атаған. Бұдан «notarius – нотариус» және «notarialis – нотариалдық», – деген сөздерінің ұғымы шыққан: Брокгауз және Эфронның энциклопедиялық сөздігінде нотариат сөзіне: «әр тектік актілердің ашық куәлігі үшін, келісімшарттар және сотқа жеке тұлғалар мен әкімшілік орындардың заңға сүйенген өмірінің ақиқаттығын қамтамасыз етуші мекеме», – деген түсінік береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалардың құзырына жатады. Ал ерекше функцияларды, соның ішінде құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді орындау нотариустарға тапсырған.

Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі, белгіленген жағдайлар мен шектерде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға – мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар) және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық

(селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдарының құқықтары бар.

Қазақстан Республикасының нотариаты нотариат-құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ заңдарда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі.

Нотариат біздің еліміздегі құқық қорғау органдарының арасында маңызды рөлге ие, ол құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі. Экономикалық реформаны әрі қарай тереңдету мақсатында және азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік қатынастарын қорғауды қамтамасыз етудің қажеттілігі жағдайында нотариат органдарының қызметі ерекше маңызға ие болады.

Нотариалдық органдардың қызметінің мәні – алынған құқықтың нақтылығын және оларды қойылған заң формасында бекітілуін қамтамасыз ету. Нотариат органдары өз қызметтерінде Қазақстан Республикасының заңдарын және ратификацияландырылған халықаралық шарттарды негізге алады.

Нотариалдық органдар азаматтық құқықтарын іске асыруға мүмкіндік туғызады және болуы мүмкін бұзушылықтың алдын алады. Мысалы, нотариустар мұра құқығы туралы куәліктерін беру кезінде еңбекке жарамсыз мұрагер және кәмелетке толмаған азаматтардың құқығының бұзылмағандығын қатал қадағалайды. Құқық бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, ол жөнінде құзыретті немесе құқық қорғау органдарға дер кезінде хабарлауға тиіс. Нотариат органдарының жеке және заңды тұлғалардың құқығын қорғаудағы міндеті мен сот міндеттерінің ортақ сәйкестіктері көп, дегенмен олар тек нотариаттарға тән ескерту міндетімен іске асады. Соттық таласу кезінде нотариалдық куәландырылған келісімшарт мүдделі тарапқа өз құқығын қорғауда жеңілдігін береді, өйткені келесім жасасқан тараптардың міндеттері мен құқықтары, қол қоюларының растығы, келісімшарт жасасқан уақыты, нотариалдық органмен ресми расталған, талассыз және сенімді болып табылады.

## 1.2. Нотариаттық қызметтің пәні және принциптері

Нотариат құқық қорғау органдарының жүйесінде сотпен тығыз байланысты. Нотариат та, сот та азаматтық айналымның заңдылығына алдын ала және кейінгі бақылау бойынша бірдей функцияны жүзеге асырады. Нотариаттың куәландырушы қызметі шешілуі нотариаттың құзыретіне жататын құқық туралы даулардың пайда болуының алдын алады. Нотариат органы даусыз фактілерді куәландырады. Олардың бар екендігіне нотариат органы тікелей не сәйкес құжаттардың негізінде көз жеткізе алады. Егер қандай да бір заңды фактіні растайтын құжаттар жоқ болса, оны сот ерекше іс жүргізу тәртібімен анықтауы мүмкін. Сот нотариаттық іс-әрекеттерді немесе оларды жасаудан бас тартуға берілетін шағымдарды қарайды, кейбір әрекеттерді жасау кезінде нотариат органы сот тәрізді ҚР АІЖК-нің нормаларын басшылыққа алады. Сотқа қарағанда, нотариат азаматтық құқықтардың заңды бекітілуіне және олардың болашақта бұзылу мүмкіндігінің алдын алуға бағытталған функцияны орындайды, яғни нотариаттың қызметі ескертуші сипатқа ие.

Нотариаттық қызметтің соттық қызметтен айырмашылығы талассыз істер, материалдық (көбіне, азаматтық) құқықтық даулар болып табылады. Мысалы, марқұмның артынан қалған дүниесіне мұрагерлер арасында дау болса, ондай дау сотта шешіледі.

Нотариустар нотариалдық іс-әрекеттерін заң негізінде, заңмен белгіленген ретте жасалады. Нотариат органдары өз қызметтерін жүзеге асыруда мүдделі тұлғалармен құқықтық қатынастарға кіреді. Нақтылы шарттар болған жағдайда нотариус өз құзыретінде атқару тиіс, ал оған жүгінген тұлғалар шарттардың орындалуын талап етуге құқылы. Басқа жағынан нотариус мүдделі тұлғалардан оларды куәландыратын қажетті мәліметтермен мен құжаттарды, құқыққа қабілеттілік және қылмыс жасай алатындық туралы мәліметтерді талап етуіне, сонымен бірге нотариалды іс орындалатын орынға олардың дербес қатысуын талап етуіне құқығы бар. Қатысушы тұлғалар нотариалдық қызметте нотариус талаптарын орындауы керек, оларды орындамау нотариустың нотариалдық әрекеттерді орындамауына заңды мүмкіндік береді.

Жеке және заңды тұлғаларға олардың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің құпиясын сақтауға кепілдік беріледі. Нотариус ретінде қызметін тоқтатқан адамдар нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтауға міндетті. Нотариаттық іс-әрекеттер туралы

мәліметтер, нотариус берген құжаттардың көшірмелері немесе дубликаттары тапсырысы бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жүргізілген заңды және жеке тұлғаларға, не олардың уәкілетті адамдарына ғана беріледі.

Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер мен құжаттар өздері жүргізіп жатқан істер бойынша соттың, тергеу және анықтау органдарының өздері жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша атқарушылық іс жүргізу органдарының жазбаша талап етуі бойынша, прокуратура органдарына, сондай-ақ әділет органдарына және нотариустар қызметін тексеруді жүзеге асыруға уәкілдік берілген нотариат палаталарына беріледі.

Жасалған нотариаттық іс-әрекет туралы мәліметтерді қасақана жария еткен адамдар заңға сәйкес жауап береді. Меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалар және лауазымды адамдар нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті мәліметтер мен құжаттарды нотариус оларды талап еткен кезден бастап он күн мерзімнен кешіктірмей оған табыс етуге міндетті.

Өсиеттер туралы мәліметтер, өсиеттердің дубликаттары мен көшірмелері мүдделі адамдарға, егер заңда өзгеше белгіленбесе, өсиет беруші өлгеннен кейін ғана беріледі.

*Нотариалдық қызметтің принциптері.*

Принцип (principium) – латын тілінен аударғанда «негіз», «негізін қалаушы бастау» деген ұғымды білдіреді.

Принциптер – құқықтың объективтік сипаты, қоғам дамуының заңдылықтары мен қажеттіліктерінің көрінісі болып табылады.

Ф. Энгельс «Анти-Дюрингте» принциптер жөнінде былай деп жазған болатын: «Принциптер табиғатқа және тарихқа сәйкес келетіндіктен ғана шынайы болып табылады».

Қазақстандық зерттеуші К. К. Айтхожин өзінің «Қазақстан Республикасының Конституциясының принциптері туралы» деген ғылыми мақаласында Конституция теориясының өзекті проблемаларының қатарына «принциптер категориясы мен жүйесін» жатқызады. Оның пайымдауынша, бұл қарапайым термин болғанымен, кез келген құқық саласында туындайтын нормалардың мәнін шынайы айқындап түсіндіруде ең маңызды ұғым болып табылады.

«Принцип» ұғымы философия ғылымында субъективтік мағынада негізгі ереже, алғышарт (ойлау принципі) ретінде түсіндірілсе, объективтік мағынада қайнар көз, алғашқы бастау (шынайы принцип, болмыс принципі) деп түсіндіріледі.



Нотариалдық қызметінің принциптері бастапқы негіз сияқты нотариат қызметінде азаматтық құқықтық қатынастарының нысананы көздейтін реттеулерін қамтамасыз етеді .

Ең алдымен, нотариалдық қызметтің принциптері Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 2 бабында бекітілген принцип негізінде реттеледі:

1) азаматтық заң қатынастарымен реттелетін қатысушылардың теңдік принципі (азаматтық құқықтың барлық субъектілері тең құқықтарға ие болатын және олардың ешқайсысы артықшылыққа ие бола алмайтынын білдіреді);

2) меншікке ешкімнің тиіспеуінің принципі (мемлекет меншік иелеріне иелік бойынша өкілеттіктердің іске асыруының мүмкіндігіне, пайдалану және ұйғарымға, оларға тиесілі дүниемен толық мәнде ҚР Конституциясының 26-бап, 3-пунктіне сәйкес ешкім өз мүліктен сот шешіміне басқа жағдайда айырыла алмайтынын білдіреді);

3) келісімшарттың еркіндік принципі (тараптар келісімнің мазмұнын едәуір дәрежеде өз қалауларымен анықтауға құқылы, бірақ келісімшарттың еркіндігі абсолютті болып табылмайды, сондықтан келісімшарттың мазмұнын анықтауда келісімшарт тараптарының нормативтік акті және қарастырулары ұтымды байланысқа жетуі керектігін білдіреді);

4) жеке істерге өзге тұлғалардың араласуы рұқсат етілмейтін принцип (мемлекеттік құрылымдар, олардың лауазымды тұлғалары және кез келген басқа тұлғалар нотариустардың жеке ісіне араласуға құқығы жоқтығын білдіреді);

5) азаматтық құқықтардың кедергісіз орындалу принципі (азаматтық құқықтық қатынастың субъектілері өз құқықтарын толық көлемде және қандай да шектеулерсіз жүзеге асырады, бастысы басқа тұлғалардың мүдделері мен құқықтарына нұқсан келтірмеуін білдіреді);

6) азаматтық құқықтың бұзылғанын қалпына келтіруді қамтамасыз ету принципі (оның мәні, қойылған азаматтық құқық бұзылған жағдайда оларды қалпына келтіруге кепілдік беретіндігінде);

7) азаматтық құқықты соттық қорғау принципі (оның мәні азаматтық құқықтық қатынастардың субъектісі өз құқықтар мен заңдық мүдделерін сот арқылы қорғауға құқығы бар екендігінде).

Бұдан басқа, нотариустардың қызметіне тікелей, қағидалар негізіне сүйенетін, нотариалдық органдардың қызметінің өте маңыз-

ды көрсеткіштерін көрсететін және құқықтық нормаларда бекітілген қағидалар қатары бар:

- нотариалдық қызметтің заңдылығы, нотариус өз міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын нақты және бұлжытпастан орындауы тиіс екенін білдіреді;

- нотариалдық қызметтің іске асырылуына көңіл бөлген жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғау;

- іс жүргізуді мемлекет тілінде немесе ҚР-ның «Тілдер туралы» заңында белгіленген тілде жүргізу;

- жасалатын нотариалдық қызметтің сырын сақтау

Нотариустың қызметі үшін маңыздысы дұрыс және тез істі шешетін іс жүргізу нормасы болады. ҚР заңнамасында алдын ала қарастырылған және бекітілген ережелердің нотариалдық қызметтің іске асырулары кезінде нотариалдық органдар қызметінің заңдылық және реттік әсерлерін қамтамасыз етеді.

Жалпыға ортақ қағидалардан бөлек, ҚР заңнамасында нотариалдық қағидалардың орындалуына бағытталған басқа да принциптер қарастырылған.

Құқық принципі дегеніміз – белгілі бір қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси даму заңдылықтарының ерекше құқықтық көрінісі.

Құқық теориясының ережелеріне сүйенсек, құқықтық ғылымда принциптердің екі түрі бар:

1. жалпықұқықтық (жалпысалалық) принциптер;
2. арнайы (салалық) принциптер.

В. Гуреевтің тұжырымдауынша, «жалпықұқықтық» (жалпы-салалық) принциптер барлық құқық салаларында көрініс тауып, бекітілген. Атап айтқанда, ол принциптер азаматтық, әкімшілік, еңбек, қаржы, қылмыстық және т.б. құқық салаларына тән. Ондай принциптер қатарына заңдылық, заңның кері күшін жоққа шығару жатады.

Ал арнайы (салалық) принциптер дегеніміз – нақты құқық саласына тән принциптер.

Осы ұстанымға орай нотариаттың түсінігі және атқаратын қызметіне байланысты қолданыстағы заңнамамен нотариаттық қызметтің төмендегі принциптері анықталған.

*Тәуелсіздік және заңға бағыну принципі.*

Аталған принцип ҚР «Нотариат туралы» Заңының 3-бабында бекітілген. Нотариустар мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға

уәкілетті басқа да адамдар нотариаттық іс-әрекеттер жасағанда тәуелсіз болады және олар тек қана заңға бағынады. Конституция ережелеріне негізделген бұл салалық принципке сәйкес, өз іс-әрекеттерін жасау барысында нотариустар өздеріне өтініш білдірген азаматтар мен заңды тұлғалардың заңды сақтауын талап етіп, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға қарсылық білдірулері тиіс. Нотариустар заң талаптарын бұзу және нотариаттық іс-әрекеттер жасау ережелерін бұзу арқылы рәсімделген құжаттарды қабылдамаулары қажет.

### *Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтау принципі*

Аталған принципті жүзеге асыру үшін нотариат туралы заңнамамен нотариуска және нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті басқа да адамдарға жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтау міндеттемесі жүктеледі. Заңдық мәні бар іс-әрекеттер құпиялығын сақтау туралы нормативтік талап көптеген құқық салаларының ережелерінде бар. Мысалы, белгілі мәліметтер құпиясын сақтауға сенім білдірілген тұлғалар асырап алу құпиясын сақтаулары тиіс (судьялар, АХАЖ органдарының қызметкерлері, босану және балалар үйлерінің қызметкерлері). Тергеу құпиясын сақтау тергеу органдарының қызметкерлері мен іске қатысушы тұлғаларға таралады, процеске қатысушылардың жеке өмірінің құпиясы қылмыстық және азаматтық істер жүргізуде, әкесін анықтауға байланысты істер жүргізуде қамтамасыз етілуі тиіс.

Неке-отбасылық, қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңнамасында жоғарыда аталған тұлғалардың қатарына нотариустар да кіреді, себебі нотариаттық тәртіппен рәсімделген құжаттар қылмыстық және азаматтық істер материалдарында дәлелдемелік немесе өзге де қажетті ақпараттар ретінде қоса қолданылады.

Бұрын берілген құжаттардың көшірмелері немесе дубликаттары жеке және заңды тұлғаларға олардың тек өздерінің тапсырыс беруі негізінде ғана берілетіндігі салалық (нотариаттық) заңнамамен белгіленген.

Сонымен қатар ондай құжаттар олардың уәкілеттік білдірген тұлғаларына да берілуі мүмкін.

Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер соттың, тергеу және алдын ала тергеу органдарының өз өндірісіндегі істер бойынша жаз-баша талабы негізінде беріледі, прокуратура органдарына, әділет органдарына және нотариаттық палаталарға нотариустар қызметін

тексеру уәкілеттілігі берілген органдарға жазбаша талап негізінде ғана беріледі.

Нотариаттық іс-әрекеттер құпиясын сақтауды қамтамасыз ету нотариус ретінде қызметін тоқтатқан тұлғаларға да қатысты. Ал жасалған нотариаттық іс-әрекеттер туралы әдейілеп мәлімет таратқан тұлғалар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Нотариус іс-әрекеттеріндегі аталған принцип азаматтар мен заңды тұлғалар үшін нормативтік кепілдік болып табылады. Олардың жеке істері мен олар үшін маңызды коммерциялық немесе басқа да ақпарат ешқайда таратылмай, болашақта да құпия күйінде қалады.

Объективтілік (шынайылық) принципі

Нотариус басшылыққа алуы тиіс бұл принцип сот өндірісінде де бар. Нотариус қызметінде бұл принципке сәйкес, өзі куәландыратын кез келген нотариаттық іс-әрекеттерге қатысты оның жеке қызығушылық мүддесі орын алмауы тиіс.

Бұл принципті қамтамасыз ету үшін ҚР «Нотариат туралы» заңнамасымен (Нотариат туралы Заңның 19-бабы) төмендегідей шектеулер қойылған:

Нотариустың:

- кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- делдалдық қызмет көрсетуге;
- өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус міндеттерін орындауға, жалданған жұмысшы ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы жоқ.

Объективтілік принципі сонымен қатар ҚР «Нотариат туралы» Заңының 46-бабында бекітілген шектеулермен қамтамасыз етіледі. Бұл бапқа сәйкес нотариус және басқа жергілікті атқару органдарының лауазымды адамдары өз атына және өз атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, аға-інілері, апа-сіңлілері, немерелері, атасы, әжесі) атына және олардың атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

Нотариус өз қызметінде жеке бас пайдасын ойламай, өз мүддесін ғана көздемей заңға сәйкес, объективті және негізді әрекет етуі тиіс. Ол жеке және заңды тұлғаларға олардың заңды құқықтарын жүзеге асыру мен қорғауға ықпал етіп, өзіне өтініш білдірген тұлғаларға олардың заңды құқықтарын жүзеге асыру мен қорғауға ықпал етіп, өзіне өтініш білдірген тұлғаларға заңды білмеуі себебінен оның өзіне қарсы әсер етпеуі үшін ол жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің

құқықтық салдары туралы ескерту айтуы қажет. Осы мақсатта нотариус жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға қажетті барлық мәліметтер мен құжаттарды талап етуі, ал оған жүгінген мүдделі адамдар оларды нотариусқа берулері тиіс.

Ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың шынайылығы мен түпнұсқалығын анықтау мақсатында нотариус өз бетінше бағалау жасайды, ал қажет болған реттерде күмәнділік тудырған құжаттарды арнайы сараптамаға жіберуге құқылы.

*Нотариаттық қызмет көрсетуге қол жеткізу мүмкіндігі принципі*

Бұл принцип ерекше және нотариустың кәсіби қызметін жүзеге асыруда маңызды болып табылады. Бұл принципті сақтау қажеттілігі азаматтар мен заңды тұлғаларды білікті заңдық көмекпен қамтамасыз ету қажеттілігімен анықталады. Нотариус себепсіз жағдайлармен өзіне өтініш білдіріп жүгінген адамға заңдық кеңес беру арқылы заңи көмек көрсетуден, нотариаттық іс-әрекет жасаудан заңдық көмек көрсетуден, нотариаттық іс-әрекет жасаудан заңға қайшы келмеген реттерде (мысалы, ҚР «Нотариат туралы» Заңының 48-бабымен көзделмеген реттерде) бас тарта алмайды.

Кез келген азамат немесе заңды тұлға нотариустың нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуына соттық тәртіппен шағымдануға құқылы.

*Құқықтар мен заңи фактілердің даусыздығы принципі*

Нотариус нақты немесе тиісті құжаттармен расталған тек даусыз фактілерді қабылдайды. Бұл принцип нотариустың өзінің құқықтық табиғатымен негізделеді, оған сәйкес, нотариус тек даусыз фактілер мен жағдайларды куәландырады, себебі олар заңи мәнге және салдарға ие.

### **1.3. Нотариат туралы заңнама оның құқық жүйесіндегі орны**

Латын тілінен аударғанда норма сөзі (латын. norma) – міндетті деп танылған заңдастырылған заң, тәртіп, құрылым деген мағынаны білдіреді. Кейбір құқықтық нормалардың мазмұны мен әрекет ету тегігі құқықтық емес нормалармен ұқсас болады.

Нотариаттық қайнар көздері ұлттық-құқықтық нормаларда ерекше орын алады.

Нотариаттың қайнар көздері – азаматтық-құқық қатынастарының субъектілерімен қалыптасатын қоғамдық қатынастарды реттейтін,

құқық нормаларының құқықтық нысан ретіндегі көрінісі. Нотариаттың қайнар көздер терминінің негізгі түсінігі заңды түрде субъектілерге қарым-қатынас тәртібін бекіту. Қайнар көз ретінде саналу үшін, әр нысан бірнеше факторларға, белгілерге ие болуы керек.

Заң әдебиетінде көптеген авторлар әкімшілік құқығының қайнар көздері ретінде негізгі 6 нысанын атап өтеді, олар:

1. Нормативті актілер.
2. Құқықтық салт-дәстүр.
3. Сот прецеденті.
4. Шарт
5. Сот тәжірибесін жалпылау.
6. Ғылыми құқықтық доктрина.

1. Нормативтік құқықтық актілер – референдумда қабылданған өкілетті орган немесе мемлекеттік лауазымды адам қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе уақытша тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат. Нормативтік акт – қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі құралы. Құқық нормасы (құқықтық норма) – нормативтік құқықтық актіде тұжырымдалған, көп мәрте қолдануға арналған және нормативтік реттелген ахуал шеңберінде барлық тұлғаларға қолданылатын жалпыға міндетті мінез-құлық ережесі.

2. Құқықтық салт-дәстүр деп қоғамдағы мемлекеттік билікке тәуелсіз пайда болған тәртіптер жиынтығын айтуға болады, сонымен қатар оның мемлекет пен құқықтың даму тарихында алатын орны ерекше. Бүгінгі күні ол қайтадан кеңінен тарауда. 1994 жылғы 21 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 3-бабында азаматтық құқықтың қайнар көзі ретінде салт-дәстүр танылады деп көрсетілген.

3. Сот прецеденті деп белгілі бір іс бойынша сот қабылдаған шешімнің тура сондай істерге қолданылуын айтуымызға болады. Сот прецеденті әкімшілік құқықтың қайнар көзі ретінде англо-саксон құқық жүйесінде кеңінен қолданылады. Бірақ құқықтың аталған қайнар көзі Қазақстанның құқық жүйесіне тән емес.

4. Шарт – екі немесе одан да көп субъектілердің арасындағы келісім. Құрамы мінез-құлық ережелерінен тұрады және тек қана осы субъектілер үшін ғана міндетті. Шарт құқықтың қайнар көздерінің барлық талаптарына сай келеді.

5. Сот тәжірибесін жалпылау немесе талдап қорыту – бұл бірдей және көптеген нормалардың қатынасының нәтижесінде шығатын нақты істі шешу барысында пайда болған құқықтық жағдай. Соттық тәжірибені жалпылау, егер республиканың Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысымен қаралса құқықтың қайнар қайпар көзі болып табылады, сонымен қатар құқық қабылдау және құқықтық шығармашылық қызметінде зор рөл атқарады.

6. Ғылыми-құқықтық доктрина — құқық және құқық ғылымы саласындағы пайда болған қағидалар мен көзқарастар жүйесі. Құқықтық доктринаның негізгі жағдайларымен байланысты мыналар іске асады:

- құқықтық әрекет;
- құқықтық нормаларды қолдану процесінде заң нормаларын талқылау;

- құқықтағы кемшіліктерді толықтыру.

Іс жүзінде ғылыми құқықтық доктрина құқықтың қайнар көзі функциясын атқарады, алайда оны бірқатар жағдайларға байланысты нотариаттық қызмет атқарудағы қайнар көзі қатарына жатқызуға да болмайды. Біріншіден, ғылыми доктринада нақты іс-әрекет тәртібіне сілтеме табу қиын, бұл оны күнделікті әрекетте қолдануды қиындатады. Екіншіден, ғылыми доктрина мемлекеттік билікпен арнайы қайнар көз ретінде қабылданбайды, сондықтан оның, шығарған шешімдерінің негізгі арнайы құқықтың қайнар көзіне сілтемесіз заңды күші болмайды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда референдум арқылы қабылданған болатын. Конституция нотариаттың қайнар көздерінің ішінде үлкен орын алады. Конституция құқық негізін құрайды, сонымен қатар барлық азаматтық, құқықтық элементтерінің бағынуын қадағалайды. Президент, Парламент актілері негізінен Конституцияға сүйеніп қабылданады. Олардан басқа азаматтық құқықтың қайнар көздеріне тағы да ведомствалардың, министрліктердің қаулылары да жатады.

Нарықтық экономиканың құқықтық негізін құрайтын түйінді заңдардың бірі – Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 14 шілдесінде қабылданған «Нотариат туралы» Заңы. Бұл заң нотариаттың құрылымдық негізінің өзгеруін ескере отырып, мемлекеттік нотариатпен қатар жекеменшік нотариаттардың пайда болатынын айқындады.

Сонымен қатар нотариат туралы заңдар Азаматтық кодекс нор-

маларынан және Қазақстан Республикасының нотариаттық қызметті реттейтін өзге де заңдарынан тұрады.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жүргізу заңдар мен нормативтік құқықтық актілермен бірге Нұсқаулықтарға, Ережелерге негізделеді. Оған Қазақстан Республикасы нотариустарының нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы, Қазақстан Республикасында нотариаттық іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі, Қазақстан Республикасы нотариустарының депозиттік операцияларға есеп жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықтары, Нотариустардың сынақтан өтушілері туралы, Нотариаттық қызмет құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы, Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы, т.б. ережелері кіреді.

#### **1.4. «Қазақстан Республикасының нотариаты» курсының пәні және жүйесі**

«Қазақстан Республикасының нотариаты» курсын оқытудың пәні болып азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында нотариаттық іс-әрекеттерді заңда көзделген тәртіппен жасау кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары табылады. Бұл қоғамдық қатынастар даусыз құқықтар мен фактілерді куәландырумен, құжаттарды, олардан алынған үзінділерді куәландырумен және өзге әрекеттермен байланысты пайда болады. Сонымен бірге, оқу пәніне азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымына тән құқықтық ұғымдар, теориялық көзқарастар мен концепциялар кіреді, өйткені нотариаттың қызметі оның зерттеу объектісі болып табылады. Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының зерттеу объектісіне: нотариаттық заңнама саласы, оның нормалары мен институттары, сондай-ақ құқықтық нормаларды қолдану тәжірибесі; нотариат заңнамасының даму тарихы; шетелдердің нотариат құқығы мен заңнамасының тарихы мен теориясы жатады.

Бұл курстың оқу пәніне нотариат органдары арқылы азаматтар мен ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тәртібін реттейтін құқық нормалары кіреді.

«Қазақстан Республикасының нотариаты» курсын оқытудың мақсаты студенттерге субъективтік құқықтарды нотариат арқылы қорғау нысанын реттейтін құқық нормаларының маңызын; азаматтық, шаруашылық және басқа қатынастарда заңдылықты



нығайтудағы нотариаттың рөлін; нотариаттық іс-әрекеттерді жа-сау тәртібін, құқық нормалары мен оларды нотариат органдарының тәжірибеде қолдануының арасындағы тығыз байланысты түсіндіру болып табылады.

Курстың міндеттеріне: құқықтың қажетті қайнар көздерімен, нотариаттық құқықтың концептуалды проблемаларымен танысу, нотариат туралы маңызды нормативтік құқықтық актілерді меңгеру және нақты мәселелерді шешу кезінде оларды дұрыс қолдана білу жатады. Нотариаттық әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің, нотариат куәліктерінің, куәландырылатын құжаттар мен мәмілелердегі куәландырушы жазбалардың нысандарымен танысуы қажет.

Студенттерде сонымен бірге нотариустардың құқықтары мен міндеттері, нотариаттық қызметпен айналысу құқығынан үміткердің және нотариаттық практикамен айналысатын нотариустың кәсіби біліміне, тәжірибесіне және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптар туралы нақты түсінік болуы керек.

«Қазақстан Республикасының нотариаты» курсына меңгеру азаматтық, отбасылық, азаматтық, азаматтық іс жүргізу, әкімшілік құқығы тәрізді пәндерден алынған білімдерге негізделеді, өйткені аталған пәндердің шегінде мемлекеттік органдардың жүйесі, субъективтік құқықтарды қорғау нысандары, сәйкес құқықтық қатынастардың мазмұны мен олардың субъектілері, құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу не оларды жа-рамсыз деп тану негіздемелері туралы мәселелер оқылады.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

1. Нотариаттың қоғамдағы жария-құқықтық рөлі қандай?
2. Нотариаттық қызмет қандай мақсаттар мен міндеттерге бағытталған?
3. Нотариат қызмет пәніне қандай іс-әрекеттер мен қатынастарды жатқызуға болады?
4. Құқық принциптері аясындағы нотариат принциптерінің мәні мен орны қандай?
5. Нотариус мамандығының қоғамдағы орны мен ерекшелігі туралы пікіріңіз қандай?

## 2-ТАРАУ

### НОТАРИАТТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУ КЕЗЕНДЕРІ

- 1.1 Нотариаттың қалыптасу және даму тарихи
- 1.2 Егеменді Қазақстанның нотариатының даму кезендері
- 1.3 Қазіргі жағдайлардағы нотариат және оның рөлі

#### 2.1 Нотариаттың қалыптасу және даму тарихи

Ежелгі Римде нотариустардың үлгілері және жаршылары көшірмеші болды. Нотариус – латыншадан «көшірмеші» деп аударылуы текке емес. Олардың міндетінде жолдаулар және өтінулерді әртүрлі тектің құрастыруы ғана емес, түрлі мәмілелердің құрастыруы да кірді, мемлекеттік қызметте тұрғандары (*scribae*) және жеке тұлғалардың қарамағындағылар (*exceptores et notarii*), сияқты екі дәрежесі болды.

Мемлекеттік қызметтерде тұрғандары магистратпен өмір бойына римдік азаматтардан сайланды, сонымен бірге азаматтық-құқықтық абыройынан айырылмады. Олар ашық құжаттар даярлады, қоғамдық есепшоттар жүргізді, көшірмелер жасады және құжаттардың көшірмелерін берді, сонымен бірге декреттер және магистраттың ұйғарымдарын әзірледі және оларды сақталды. Преторлық соттық процестерде олар соттық журнал жүргізді. Жеке тұлғаларда қызметте тұрған көшірмеші қалыпты ережеге сай еріктілер, жалданушылар және құлдар болды. Олар өз қожайынының қарастыруы бойынша хатшылық қызметтерді орындады.

Дегенмен, үшінші ерекше дәрежедегі, құқықтық құжаттар мен материалдарды ресімдейтін тұлғалар болды. Бұл – табеллиондар. Олар мемлекеттік қызмет пен жеке тұлғаларда тұрмаған, азат адамдар болды. Табеллиондар сыйақы үшін мемлекеттік бақылауда болып, баршаға заңдық және нормативтік актілер жазды.

Олар өз қызметтерін тек қана кеңселерде жасады. Табеллион жасаған құжатқа ашық актінің сипатын беру үшін оны сот хаттамасына енгізу керек болды, кейін бұл актінің заңдылығы туралы сұрақтар пайда болмаған. Табеллиондар құқықтық білімі бар, табеллиондар корпорациясына қабылданған, қала профектісімен қызметке бекітілген еркін римдік азамат бола алды, қағаздар дайындаумен айналысты, мемлекет бақылауында болды.

Табеллиондар нотариаттың «атасы» болды. Еуропалық елдерде нотариат әрдайым қоғамдағы құрметті орынды алды. Мысал ретінде Францияны келтіруге болады. Бонапарт азаматтық кодексті енгізуді ойға алғанда ол маңызды құқықтық актіні іске асыратын құрылымды құрастыруды қажет деп білді. Бұл құрылым нотариат болды.

Император кеңесшісі Реаль нотариатты енгізуді былай негіздеді: «Тарапты келістіруге және дауды шешуге шақырылған шенеуніктерден тысқары, тыныштықты, екіжақтық тараптары үшін кеңесшілер болып табылатын, сонымен бірге олардың ерік білдірулерінің нақты редакторлары болатын:

- әр тараптың келісімшартта қабылдайтын міндеттемелерін толығымен түсіндіретін;
- шарттардың міндеттемелерін анық баяндайтын;
- куәландырылған және нақты шешімі шыққан мінездеме беретін;
- үлесін дұрыс және мәңгі есте сақтайтын басқа шенеуніктер болып келеді.

Олар адал адамдардың арасындағы даулардың пайда болуына жол бермейді, пайдақор адамдарды әділетсіз дауды қоздыруда жетістікке жету үмітінен айырады. Бұлар алаламайтын кеңесшілер, нақты редакторлар, ерікті судьялардың бұл тегі әр тараптың келісімшарттарын атқаратындар, – олар нотариустар, бұл мекемелер – нотариаттар».

Нотариат институтын енгізгеннен кейін Реаль «Нақтылық сезім» тән Бонапарт француз құқығын жөнге келтіруді, оны халықтың пайдасына іске асыратын құзырлы заңгерлердің тартуларынсыз елестете алмады», – деді.

Қазақстан аумағындағы нотариаттың заң шығаруын реттеуінің қалыптасу тарихы Ресейдегі нотариаттың даму және қалыптасу тарихымен үздіксіз жалғасқан.

Ресей мен Қазақстан Республикасында нотариат институтының пайда болуы Романовтар әулетінің патшалық ету кезеңімен байланысты.

1649 жылы Земстволық шіркеу Шіркеу жинағын қабылдады, өз кезегінде ол нотариалдық институттың дамуындағы дәуірді құрды. Ол оған дейін пайда болған жеке үзбелі жарлықтарды ретке салып жүйеледі, 1832 жылғы заңда қабылданған мүліктік құқыққа қатаң тәртіп күшейту негізін қалады.

Бірінші Петр кезеңінде барлық нотариалдық қызметтерді өткізуді ықшамдауға бағытталған реформалар жүргізілді, дегенмен,

олар іске аспады. Сол уақытта заңдық алқа мекемелері пайда болды, оларға бас кеңселердің қызметін қадағалайтын мүмкіндікті бекітті.

Нотариаттың қалыптасуының келесі кезеңі ІІ Екатеринаның патшалық етуімен байланысты. 1775 жылы әділеттік алқаларды қысқартуға байланысты, бірлескен әділет департаменті және вотчиналық алқа болып табылатын басыбайлы актілерді іске асыру азаматтық соттың палатасына тапсырылды.

1781 жылдан тек қана сауда мәмілесі және делдалдықтардың әртүрлі тегі үшін делдалдар және нотариустар бекітілді. ІІ Екатеринаның басқару кезеңінде Жаңа жинаққа сәйкес әртүрлі жеке құқықтық актілердің дұрыс және заңды іске асыруын, құжаттардың құрастыруын, ауыртпашылықтан босатылған бақылаушы өкілдер үшін басыбайлы реттің іске асырылуын қадағалайтын нотариалдық сипаттық үкімет мекемелері көптеп пайда болды.

ІІ Александрдың Ресейдің қоғамдық және мемлекеттік өмірінің барлық салаларын қамтыған реформалық кезеңінде нотариалдық іс те өзгертілді. ІІ Александр патшаның жаңа Сот жарғыларымен бірге, нотариалдық абырой туралы ереже құрастырылды, оған Батыс Еуропаның үш нотариалдық: 1813 жылғы француздық, 1845 жылғы австриялық және 1861 жылғы бавариялық заңнамасы негізге алынды.

Ал Қазақстанда, бұл кезеңде әдет-ғұрыптық құқықтық нормалар мен ережелер жойылып, би соттары қолданыстан алынып, жаңа басқару жүйесі қалыптаса бастады.

XIX ғасырдың ортасына дейін империяның көптеген аймақтарында нотариаттық қызметті заңдық реттеу мен ұйымдастыру мәселелері өзекті болып табылмады. Бұл сол кезеңдегі азаматтық айналымдағы істердің шынайы мәмілелермен шектелгендіктен, ерекше заңдық рәсімдеуді қажет етпеуімен байланысты болды. Азаматтық айналым барысында азаматтар арасында туындауы мүмкін даулар көп уақыт бойы дәстүрлі жолмен шешім тауып, бұл әрекет барысында қолданылған заңдық шешім нысандарымен жасалды.

Алайда, XIX ғасырдың 70 жылдарында Түркістан өлкесі аймағында азаматтық айналым барысында туындаған қатынастар ерекше реттеуді қажет етті. Оған империя аймағының шеткері жақтарында азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысушыларды құқықтық қорғауға қатысты бірыңғай ережелер қалаптаса бастауы себеп болды. Бұл үдеріске жергілікті халық өкілдері де барған сайын көбірек

қатыса бастады. Оған өндірістің дамуы, көші-қон үдерістері, шаруа халықтың басым бөлігінің қоныс аударуы, сауданың дамуы да себеп болды. Бұл үдерістердің барлығы қоғамдық қатынастардың ішінде барлық уақытта маңызды болып келген меншік қатынастарын қалыптастыруға ықпал етті.

Октябрь төңкерісінің (1917 ж.) алғашқы кезеңінде уездерде бітімгер судьяларға нотариаттық қызмет көрсету уәкілеттігі берілді. Нотариаттық әрекеттерді жүзеге асыру бойынша олардың қызметтері барлық уездік қалалар мен ауылдарға таралды, ал нотариустар болмаған жағдайда аға нотариус міндеттерін соттың бір мүшесі атқарды.

XIX ғасырдың 60-жылдарынан басталған патшалық Ресейдегі нотариаттық қызметтерге байланысты реформалар ұлттық, географиялық және өзге ерекшеліктеріне орай бір мезгілде аяқталмады. Олар мемлекеттік қазынадан белгілі бір қаржылық шығындарды, әдеттегі жағдайдан ерекше, жаңа жағдайда жұмыс істеуге дайын білікті заңгерлерді қажет етті. Осының барлығы патша әкімшілігін болашаққа бағытталған ұзақ және мақсатты жұмыс істеуге мәжбүрледі.

Кеңестік кезеңде нотариаттың жаңа кезеңі басталды. Отандық нотариат тарихына қатысты еңбегінде К. Исламова келесі тарихи хронологияны келтіреді.

1921 жылы «Нотариат туралы» Ережені енгізу Декреті мен нотариаттық столдарды тарату туралы Декрет қабылданды, бірақ 1923 жылы «Мемлекеттік нотариат туралы» Ереже енгізілді де, «Нотариаттық кеңселерді тарату туралы» Декрет алынып тасталды. Ұзақ уақыт бойы бұл Ереженің осы баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жүрді.

1936 жылдың 10 маусым күні РСФСР БОАК және ХККФ «Нотариаттық органдарды қайта құру туралы» қаулысымен қалалық және кеңестік, сондай-ақ аудандық атқару комитеттерінің қарауынан нотариаттық қызметтер алынып, олар нотариаттық кеңселерге топтастырылды.

Барлық аудандық, қалалық орталықтарда нотариустар басқаратын мемлекеттік нотариаттық кеңселер ұйымдастырылды. «КСРО, одақтас және автономды республикалардағы соттық құрылымдар туралы» Заң жарық көргенге дейін, яғни нотариаттық органдар жоқ жерлерде, ол қызметтер халықтық соттарға жүктелді.

Қазақ КСР Кеңестік Халық Комиссарлар Комитетінің 1940

жылғы 20 сәуірдегі «Нотариаттық кеңселер жүйесін бекіту туралы» қаулысымен 1940 жылға 120 қалалық және аудандық нотариаттық кеңселер тізімі нормативтік негізде анықталды.

1974 жылы 13 тамызда Қазақ КСР-нің «Мемлекеттік нотариат туралы» Заңы қабылданды. Ол барынша орталықтандырылған деңгейдегі алғашқы нормативтік акт еді, себебі бірыңғай одақтас мемлекет құрамында болған республиканың заңы болатын.

Оның қолданыстағы мерзімінде Қазақстанның барлық аймақтарында осы саланы маман заңгерлермен қамтамасыз ету ісі тәртіпке келтірілді, нотариаттық тәжірибе және оны қалыптастыруға мемлекеттік бақылау жүргізілді. Нотариаттық органдарға қатысты ұйымдастыру және басқару қызметтері Әділет министрлігі мен оның жергілікті органдарында заңды негізде бекітілді.

## **2.2. Егеменді Қазақстанның нотариатының даму кезеңдері**

Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет деп жариялаған соң нотариаттың дамыту кезеңдері пайда болды, атап айтқанда:

1994 жылы Қазақстанда Мемлекеттік заңдық реформаның бағдарламасы қабылданды;

1997 жылдың 14 шілдесінде «Нотариат туралы» заң қабылданды;

1997 жылдың желтоқсанында Әділет министрлігінен республиканың мемлекеттік нотариустары іскерлік сараптаудан өтті. Іскерлік сараптау кәсіби білімдерін тексеру ғана емес, оларды нарықтық ойлауға парасаттық және психологиялық тұрғыда бағыттады;

1998 жылдың 5 сәуірінен бастап, нотариалдық іспен айналысу құқығына алғашқы лицензиялар берілді;

1998 жылдың қаңтары мен тамызы аралығында нотариат туралы 30-дан астам нормативтік актілер, сонымен қатар нотариалдық қызметті іске асыру туралы нұсқаулықтар, нотариустардың іс жүргізуі туралы нұсқаулықтары, құжатты ресімдеудегі дұрыстықтары туралы нұсқаулықтар, нотариалдық қызметті атқару құқығына ие болған лауазымды тұлғалар және т.б., құрастырылды;

1998-1999 жылдары республиканың облыстарында жеке нотариаттарды реттеу және үйлестіру үшін жаңа басқару органы – аймақтық нотариалдық палаталар құрылды.

2000 жылдың 18 ақпанында аймақтық нотариалдық палата өкілдерінің алғашқы құрылтайы өткізілді, соның нәтижесінде республикалық нотариалдық палата құрылды.

2001 жылдың тамызында – «Қазақстандағы құқықтық реформа: нотариалдық жүйені реформалау» ТАСИС жобасы іске асырыла басталды.

2001 жылдың қыркүйек айында республикалық нотариалдық палата Афина қаласында өткен Латын нотариат одағының халықаралық конференциясына бақылаушы ретінде қатысты.

2003 жылдың 5 мамырында – «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының заңына толықтырулар мен өзгертулер енгізу» заңы қабылданды. Нотариалдық қызмет кәсіпкерлік болып табылмайтыны және пайда табу мақсатын көздемейтіні туралы заңдық бекіту тапты. Бұдан былай нотариат ашық құқықтық институт жеке және заңдық тұлғалардың мүдделерін қорғайтын заңмен бекітілген жүйе болып табылды.

2011 жылдың 26 желтоқсанында – «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының заңына толықтырулар мен өзгертулер енгізу» заңы қабылданды. Заң нотариалдық әсерлердің кадрлық резерв туралы жағдайды және нотариустың бос қызмет орнының орнын басу жарысын болдырмауды жетілдіру жобасынан бас тартуға бағытталған. Әділеттік органдарының құзырларынан әрбір нотариалдық округ бойынша нотариустардың сандарын бекіту, нотариалдық қызмет көрсетуге лицензия алған тұлғалардың резервін құрастыру, жеке нотариустың бос орнын басуға конкурстық таңдау өткізуден бас тартты. Нотариалдық қызметтің ұйымы реттеледі, сонымен қатар нотариалдық кеңселерге деген талаптар орнатылады. Нотарус лицензиясын алуға үміткерлерді іскерлік сараптау кезіндегі және нотариус орнына үміткерлер, олардың қызметтерінің аумағын анықтау сайыстарын өткізер кезде коррупциялық факторлар жойылады.

Сайып келгенде, нотариаттың даму кезеңі мен қалыптасуына қарасақ, бұл институтқа өзгерістер енгізілді, дегенмен нотариустың құқықтық жағдайы тарихтың сан алуан өзгерістерінде өзгеріссіз қалды.

### **2.3. Қазіргі жағдайлардағы нотариат және оның рөлі**

Қазақстанда құқықтық мемлекет құру **азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен** байланысты арнайы институттарды одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

жүйесіндегі маңызды тетігі Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты болып табылады. Бұл мемлекеттік құқық қорғау институтын құру Қазақстандағы демократияның дамуындағы үлкен қадам болды. Осы институт қызметінің нәтижелігін арттыру мәселесін қарау керектігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлге азаматтарға заңгерлік көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын нотариат ие.

Азаматтардың білікті заңгерлік көмек алуға конституциялық құқығын іске асыру әділ сот төрелігіне қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылады. Осы құқықтың іске асырылу тетіктері жетілдіруді қажет етеді.

Заңгерлік көмек көрсету жүйесінің өзі де жетілдіруді талап етеді. Ең алдымен, табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесін жақсарту қажет.

Маңызды міндеттердің бірі – нотариат қызметінің жүйесін жетілдіру. Нотариаттың азаматтық айналымдағы қатынастардың қосымша тұрақтылығын және заңдық қауіпсіздігін, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін сапалы қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық инфрақұрылымның бір бөлігі ретіндегі рөлін нормативтік-құқықтық айқындау қажет. Нотариаттың ұлттық моделі нотариаттың көмегіне барлық ел аумағында қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан Республикасындағы нотариат – құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі.

Нотариат міндеттерін нотариус орындайды. Ол:

1. ҚР Нотариат қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға;

2. Азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы болдырмау үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдары жөнінде ескертуге;

3. Кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға;

4. ҚР-ның заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға;



5. Кәсіптік әдепті сақтауға;

6. Әділет органына және нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге міндетті.

Нотариус сотта немесе басқа құзіретті органда іс туындаған жағдайда, егер кейіннен дәлелдемелерді табыс ету мүмкін емес немесе қиын болады деп топшылауға негіз болса, мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз етеді. Нотариус мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзіретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді.

Нотариаттың құқықтық табиғатын анықтайтын негізгі белгі болып, оның юрисдикциялық, құқық қорғаушы қызметі табылады. Бір жағынан, бұл қызмет Әділет министрлігінің құқықтық қорғау мен заң қызметін ұйымдастырудың жалғасы болып табылады. Өйткені мемлекеттік және жеке нотариустар реестрін ҚР Әділет министрлігі жүргізеді. Екінші жағынан, нотариат пен сот азаматтық айналымдағы бастапқы және кейінгі бақылауда бірдей қызмет атқарады.

Сондықтан да, олардың қызметі тығыз байланысты. Сот нотариаттық қызметке арыздар мен одан бас тарту арыздарын қарастырса, нотариаттық актілер сотта немесе арбитраждық сотта қаралады. Бірақ кейбір қызметтерді жасаған кезде нотариаттық орган сот сияқты: АІЖК нормаларын қолданады.

Нотариаттық қызметтің пәніне құқықтар мен фактілерді шоғырландыру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кезінде пайда болатын қатынастар жатады.

Нотариат туралы заңдар Азаматтық кодекс нормаларынан, “Нотариат туралы” Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі заңынан және Қазақстан Республикасының нотариаттық қызметті реттейтін өзге де заңдарынан тұрады.

Азаматтардың заңды мүдделері мен субъективтік құқықтарын қорғауды ұйымдастыру қызметін ҚР-да құрамына нотариат та кіретін органдар жүйесі атқарады. Оған, біріншіден, мемлекеттік нотариаттың кеңселері мен жеке практикамен айналысушы нотариустар, нотариаттың іс-әрекет жасауға уәкілетті атқарушы билік органдарының лауазымды тұлғалары, ҚР консулдық мекемелердің

лауазымды тұлғалары, бас дәрігер, қарттар мен мүгедектер үйінің бастығы, нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті әскери мекемелердің басшылары кіреді.

Нарықтық экономикалық қатынастарға өту мен кәсіпкерліктің дамуына, меншік нысанының алуан түрлілігіне байланысты нотариат реформасы қажет болды. Сол себептен 1997 жылы 14 шілдеде “Нотариат туралы” заң қабылданды.

Бұл реформаның нәтижесінде экономикалық кеңістікте 2:

біріншісі – мемлекеттік кеңседегі нотариус,

екіншісі – жеке практикамен айналысушы нотариус қызмет ететін болды.

Олардың айырмашылығы мынада: мемлекеттік нотариус нотариаттық қызмет үшін түсетін пайданы мемлекетке береді де, ол үшін нақты жалақы алады, ал жеке практикамен айналысатын нотариус барлық ақшаны өзіне алады (салық пен заңда көзделген басқа жағдайларды қоспағанда).

Нотариаттың азаматтық қоғамдағы маңызы өте зор. Нотариустар адамдарға толық меншік иесі болуына көмектеседі, құқықтық тәртіптің орнауына белсенді қатысады. Шынымен де, қазіргі кездегі жаңа меншік құқықтық қатынастарының пайда болуына байланысты көптеген азаматтар нотариустың көмегіне жүгінеді. Өйткені нотариус заңды тұлғалар мен азаматтардың заңды мүдделері мен сөзсіз құқықтарының кепілі болып табылады.

Нотариат – мемлекеттік органдардың жүйесі ретінде қаралады. Бұл жүйеге ҚР Әділет министрлігі, мемлекеттік нотариустар, жеке практикамен айналысушы нотариустар, консулдық мекемелер мен атқарушы биліктің лауазымды тұлғалары және ерекше жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өзге де уәкілетті лауазымды тұлғалар кіреді.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

1. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариаттық іс-әрекет жасауға басты негіз болып табылатын азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз не?

2. Әрекет қабілеттілігінің қандай түрлері бар?

3. Заңнама талаптары бойынша қандай жағдайларда нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға негіздеме бар?

## 3-ТАРАУ

### НОТАРИАТ ОРГАНЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ.

**3.1. Қазақстан Республикасындағы нотариат органдарының жүйесі**

**3.2. Нотариалдық округ**

**3.3. Нотариустардың құқықтық дәрежесі**

**3.4. Нотариустардың құқықтары, міндеттері және шектеулері**

#### **3.1. Қазақстан Республикасындағы нотариат органдарының жүйесі**

Нотариатты Қазақстан Республикасында органдар жүйесі, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариалдық қызметті іске асыру құқығы берілген лауазымды тұлғалар құрайды. Бұл жүйеге мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істеуші нотариустар немесе жеке тәжірибемен айналысушылар, сонымен қатар, заңнамаға сәйкес ерекше жағдайларда ғана нотариалдық әсерлермен айналысуға құқығы бар лауазымды тұлғалар кіреді.

Нотариаттық жүйеге кіретін органдар өкілеттілігі әртүрлі. Нотариалдық әсерлерді толық көлемде мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустар әрі жеке тәжірибеленушілер атқарады.

Нотариаттық органдар жүйесіне кіретіндердің қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңымен басқарылады. Нотариустар кәсіби қызметтерінде тәуелсіз және тек заңға бағынады, дегенмен ол иерархиялық пирамиданың құрамына кіреді, әрі оның төменгі және негізгі буыны болып табылады.

Жүйенің шыңында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тұрады, оның құрамына нотариатты дамыту стратегиясын құрушы, әдістемелік және арнайы сұрақтар бойынша нұсқаулықтарды өңдеуші нотариат бөлімдері кіреді.

Дербес тұратыны, аймақтық нотариалдық палаталар – коммерциялық емес ұйымдар, оның құрамында нотариустар әрі нотариалдық қызметпен айналасу құқығына лицензия алуға үміткер тұлғалар бола алады.

Заңға сәйкес палаталардың функциясы айтарлықтай кең: жеке-ше нотариустардың қызметін үйлестіріп отырады, нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады, нотариустарды сынақтан өткізу мен оқытуды ұйымдастырады және т.б.

Ал аймақтық палаталары республикалық палатаның мүшесі болып келеді. Республикалық палатаның функциясына: өзінің мүшесіндегі нотариаттық палаталардың қызметін үйлестіріп отырады, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нотариат мәселелері бойынша заң жобалары жөніндегі және сарапшылық қызметіне қатысады; нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады және нотариат мәселелері жөнінде әдістемелік материалдар әзірлейді және т.б. іс-әрекеттер кіреді.

### **3.2. Нотариалдық округ**

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңының 20 бабында: «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлуімен сәйкес нотариалдық округ бір ауданның аумағы, республикалық дәрежедегі қала және басқала аумағы болып табылады», – делінген. Мемлекеттік нотариустың қызметінің аумағы нотариалдық округтің шегінде, аумақтық әділет басқармасымен анықталады, ал жеке нотариустың қызметіне байланыстысы – аумақтық әділет басқармасы нотариалдық палатамен бірлесіп талқылауда анықталады. Нотариустың қызметінің аумағының қолдану ережесі мұраларға сенімді басқарушыны тағайындауға қатысты нотариалдық қызмет көрсету, мұра құқығы туралы куәлік қағаздар беру, жұбайлар және басқа тұлғалардың дүниесіндегі еншіге меншік құқығы туралы куәлік қағаз беру, ортақ дүниеге бірлескен меншіктік құқығы болу, сонымен бірге жатсыну келісімшарттарының қатынасы және тіркеуге жататын дүниенің кепілдігі туралы келісімі, өйткені тиісті құжаттарды тіркеу сол дүние тұрған жерге байланысты сақталады.

Нотариалдық қызметті іске асыру үшін барлық өзге жағдайларда жеке және заңды тұлғалар кез келген нотариусқа жүгінуге құқылы.

Әрбір нотариустың өз нотариалдық округі шектеріндегі жұмыс орны (бюро, кеңсе) болуы тиіс. Нотариус жұмыс орны оған жүгінгісі келген барлық азаматтарға ашық болуы тиіс. Нотариус қызметінің аумағы әділет басқармасы және нотариалдық палатаның бірлескен

шешімімен өзгертіле алады. Нотариус басқа округке оны іске асыру үшін шығуға құқығы жоқ. Нотариус егер де өз нотариалдық округінің шектеріне нотариалдық қазметте болса, онда оның заңдық күші болады; алайда, бұл – ереже емес, ерекшелік. Басқа нотариалдық округке шығу қажеттілігі туған жағдайда, онда нотариус болмаса немесе өте қажет болған жағдайда заңмен рұқсат етіледі.

Нотариалдық қызмет жасау құқығына ие болған тұлғалар.

Нотариалдық қызметті мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істеушілер немесе дербес тәжірибемен шұғылданатын нотариустар атқара алады. Ал, егер елді мекенде нотариустар болмаса, нотариалдық қызмет аудандық маңызды қалалар аппаратына, ауыл және ауылдық округтерінің әкімдеріне, нотариалдық қызметті атқаратын атқарушы уәкіл, Қазақстан Республикасының атынан консулдық функцияны атқарушылар және нотариалдық қызметті заңмен іске атқарушы басқа да тұлғаларға артылады.

Бұл істі асыруда нотариалдық қызметті бұл органның аппаратының лауазымды тұлғаларының біріне өкіметтің атқарушы органын шешімімен тапсырылады.

Аталған уәкілетті лауазымды адамы мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

1. Өсиеттерді куәландырады;
2. Сенімхаттарды куәландырады;
3. Құжаттар көшірмелерінің және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;
4. Өтініштерге қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;

Ал консулдық қызметті жүзеге асыратын лауазымды адам мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы шарттардан басқа мәмілелерді куәландырады;
2. Мұраға құқық туралы куәліктер береді;
3. Ерлі-зайыптылар мен ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;
4. Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;
5. Құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;
6. Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландырады;

7. Азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;
8. Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;
9. Құжаттар берілген уақытты куәландырады;
10. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;
11. Ақшаны депозитке қабылдайды;
12. Сақтауға құжаттар және бағалы қағаздар қабылдайды;
13. Теңіз наразылықтарын жасайды;
14. Дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Демек, нотариалдық қызметтері жалпылама барлық іс-әрекеттерді жасай алады.

Аталған іс-әрекеттерден басқа, жеке тұлғалардың өтініші бойынша, кез келген жерде өсиеттер мен сенімхаттар да куәландырылу мүмкін, Қазақстан Республикасының заңнамасында осы жағдайлар бөлек қарастырылып аталған. Олар:

1. Ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінде тұрып жатқан азаматтардың, осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

2. Госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлер мен басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медициналық жағынан орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

3. Әскери қызметшілердің, ал нотариустары мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан пункттерінде, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің осы бөлімдер, құрамалар, мекемелер мен орындардың командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

4. Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

5. Жүзу кезінде Қазақстан Республикасының туы астында жүзіп жүрген теңіз мекемелерінде немесе ішкі суларда жүзіп

жүрген кемелердегі азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

6. Барлау және басқа да экспедицияларда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

7. Халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан кәмелетке толған жастағы іс-әрекет қабілеті бар азаматтардың осы мекемелердің немесе халықты әлеуметтік қорғаудың тиісті органының басшысы куәландырған сенімхаттары.

Осы жағдайларда куәландырылған өсиеттер, міндетті түрде сол округтің жақын нотариусына жеткізілуі тиіс.

### **3.3. Нотариустардың құқықтық дәрежесі**

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңына сәйкес нотариалдық қызмет сөзсіз лицензиялауға жатады. «Нотариат туралы» заңның 6 бабына сәйкес жиырма бес жасқа толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл мерзіммен тағылымдамадан, әділет аттестаттау комиссиясында аттестациядан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызмет атқаратын әкімшілік мемлекеттік белгіленген тәртіппен қызмет атқаратын әкімшілік мемлекеттік қызметші мемлекеттік нотариус болып табылады. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуды қоспағанда, мемлекеттік нотариусқа жеке нотариусқа қойылған тараптарда қолданылады.

Бірақ заңда белгілеген тәртіппен соттылығы өтелмеген жағдайда немесе алынбаған белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған, бұдан басқа өзіне қатысты ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылған, лицензиясынан айырылғандықтан не нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік нотариус қызметінен босатылғандықтан нотариаттық қызметті тоқтатқан адам да осындай оқиға болғаннан кейін бес жыл бойы – нотариус бола алмайды.

Нотариалдық қызметті лицензиялау тіркеу қызметінің комитетімен және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің құқықтық көмек көрсетуімен іске асырылады (нотариалдық қызмет-

пен айналысу құқығын лицензиялау 15.08.2011 жылдан электрондық түрде беріледі).

Нотариалдық қызметке үміткерлерге қойылатын талаптары Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №36 бұйрығымен «Тағылымдамадан өтушілердің кәсіби дайындығының бірыңғай бағдарламасын бекіту және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» және Қазақстан Республикасы үкіметінің 22 мамыр 2012 жылдың №653 «Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен реттелген.

Бұйрықта, тағылымдаманы ұйымдастыруды мемлекеттік нотариаттық кеңседе әділет органы, жекеше нотариустарда аумақтық нотариаттық палата жүзеге асырады. Тағылымдамадан өтуші Нотариаттық палатаның басқармасының шешімімен бекітілген нотариуста тағылымдамадан өтеді. Өту мерзімі бір күнгізбелік жылға, ал қысқартылған жағдайда – үш айдан кем емес болу тиіс.

Тағылымдама теоретикалық дайындық және практикалық дағдылардан тұрады, соның ішінде практикалық дағдылар: нотариаттық іс жүргізу туралы сабақтардан, нотариаттық құжаттардың жобаларын дайындаудан, тағылымдамадан өту туралы қорытынды есепті дайындаудан тұрады, ал практикалық дағдыларды игеру нотариаттық іс-әрекеттердің жобаларын жасаудан тұрады.

Ал қаулысында тағылымдамадан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер және жеке практикамен айналысатын нотариустардан немесе мемлекеттік нотариустардан тағылымдамадан өткен адамдар әділет органдары жанында құрылатын нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда аттестациядан өтеді. Комиссияның жұмыс органы аумақтық әділет органы болып табылады. Комиссия жеті мүшеден – нотариаттық палатаның төрағасын қоса алғанда, екі нотариустан, әділет органдарының екі өкілінен, құқықтанушы ғалымнан және мәслихаттың екі депутатынан тұрады.

Аумақтық әділет органы бастығының аттестаттау комиссиясының мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Комиссия төрағасы



болып табылады. Аумақтық әділет органы Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін аумақтық әділет органы қызметкерлерінің ішінен Комиссия хатшысын тағайындайды және Комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы.

Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасы Жоғары Сот кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар, тұрақты судьялар және өз міндеттерін атқару кезінде теріс қылықтар жасағаны және заңдылықты бұзғаны үшін судья лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судьялар болып жұмыс істеген адамдар және мемлекеттік нотариустар аттестаттаудан босатылады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін өзін аттестаттауға жіберу туралы өтінішті Комиссияға мынадай құжаттарын қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша аумақтық әділет органдары арқылы жібереді:

1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2. жоғары заң білімі туралы дипломның (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

3. наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген медициналық анықтамалар;

4. бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;

5. тағылымдамадан өткені туралы қорытынды (қорытынды электрондық түрде ресімделген жағдайда берілмейді).

Егер құжаттар тиісінше ресімделмеген (құжаттарда күні және тіркеу нөмірі, уәкілетті адамның қолы немесе елтаңбалы мөрдің болмауы) не құжаттар пакеті толық берілмеген жағдайда, аумақтық әділет органының кеңсесіне пошталық байланыс бөлімдері арқылы келіп түскен өтініш берілген құжаттармен бірге олардың түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, қайтару себебі туралы жазбаша хабарламамен бірге үміткерге қаралмай қайтарылады. Үміткер құжаттарды қолма-қол ұсынған кезде, өтінішті қайтару берілген құжаттармен бірге қаралмай дереу жүргізіледі.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді аумақтық

әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге жібереді. Аттестаттауға жіберуден бас тартуға сот тәртібімен шағым берілуі мүмкін.

Аумақтық әділет органы аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттаудың өтетін орны, күні, уақыты туралы оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді. Аттестаттауға жіберілген үміткерлердің тізімдері оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей аумақтық әділет органының интернет-ресурстарында орналастырылады. Аттестаттау қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі және үміткердің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өтеді.

Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне компьютерлік тест тапсыру;

- нотариаттық қызметпен айналысуға үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру.

Аттестаттаудан өту кезінде үміткерге анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануға жол берілмейді. Егер көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, үміткер Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттаудан шеттетіледі және тек үш ай өткен соң ғана қайталап құжаттарын тапсыруға болады.

Үміткер 70 және одан да көп дұрыс жауап берсе тестілеуден өтті деп саналады. Ал ауызша емтиханда билеттердің сұрақтарына берген ауызша жауаптарының дұрыстығын бес балдық жүйе бойынша бағалайды. Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестаттаудан өтушінің емтихан билетінің сұрақтары бойынша жинаған жалпы орташа балы Комиссияның хаттамасында көрсетіледі. Егер жалпы орташа балл кемінде төрт балды құраса, үміткер аттестаттаудан өтті деп саналады.

Комиссияның аттестаттау туралы шешімі оның шығарылған сәтінен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады. Аттестаттаудан өтпеген үміткер бір жылдан соң қайта аттестаттауға жіберіледі.

Дәлелді себептер (денсаулық жағдайы бойынша, іссапарда болу себебінен, еңсерілмейтін күштің салдарынан қатысудың мүмкін еместігі) бойынша аттестаттауға келмеген үміткер Комиссияның келесі отырысына шақырылады. Үміткер қайта келмеген жағдайда, оның өтініші қаралмайды және аумақтық әділет органдарына ұсынылған құжаттармен бірге қайтарылады.

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер лицен-

зияны алу мақсатында құжаттарын лицензиятқа жіберіп, 10 күнен кешіктермей алады.

Нотариалдық қызмет – бұл Қазақстан Республикаларының заңнамасында қарастырылған нотариалдық қызметті нотариус және басқа уәкілдерімен іске асыру.

Өз қызметінде нотариус алаламайды және тәуелсіз. Нотариалдық қызметті іске асыруда нотариустар және нотариалдық қызметінің жүзеге асыруына құқықты тұлғалар тәуелсіз және тек қана заңға бағынады. Олар қолданыстағы заңды, нормативтік құқықтық актілерді, сонымен бірге мұндай қызметті реттейтін Қазақстан Республикасы бекітілген халықаралық келісімшарттарды негізге алады. Демек, нотариалдық қызмет көрсете тұрып, нотариусқа жүгінген екі тараптың құқықтарын бірдей сақтауы тиіс, біреуіне кесірі тиетіндей екіншісінің мүдделерін қорғауға құқығы жоқ. Сонымен бірге, ол бұдан басқа дербес мақсаттар қудалай алмайды. Нотариалдық қызметтің кепілдігі Қазақстан Республикасының «Нотариаттар туралы» заңының 3-бабында бекітілген, сонымен бірге нотариус жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға бағытталған органның бірі және оған қысым көрсетуден ерікті болуға тиіс.

Нотариус әрбір нотариалдық қызметті іске асыруда тек қана қолданыстағы заңға бағынады, оған жүгінген азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін тең дәрежеде сақтап, өз алдына шешім қабылдай алады. Өз кәсіби міндеттерін орындауда нотариустың қызметіне ешкімнің араласуға құқығы жоқ.

Нотариалдық қызметті атқаруда нотариус тұлғаларға нотариалдық қызмет көрсету барысындағы, кеңес беру кезінде жеке бастың мүдделері немесе заңды тұлғаның қызметтердің, әртүрлі мәліметтер мен құжаттарға мәлім болады. Мұндай мәліметтердің көбінесе оңаша сипаты болады. Нотариустық іс-әрекеттерді жасаған кезде, оларды жариялауға тыйым салынады. Осы ереже нотариус қызметті тоқтатқан немесе жұмыстан шыққан жағдайда да сақталады, жасырын сырды сақтаудан нотариусты тек қана сот босатуға құқылы; егер сол соттың өндірісінде нотариусқа қарсы қылмыстық іс болатын болса. Нотариалдық қызмет кезінде белгілі болған мәлімет және құжаттардың жасырын сырының сақталуы туралы талап өз қызметтерін орындаған нотариалдық кеңсенің барлық қызметкерлеріне таралады.

Алайда жасалған немесе жасалып жатқан нотариалдық қызмет сот, прокуратура, тергеу басқармасы өндірісінде болған қылмыстық

және азаматтық істерге байланысты талап еткен мәліметтер, төрелік соттың төрелігіндегі дау шешімінде болса, нотариус заңмен белгіленген мерзімде мәліметтерді көрсетуі тиіс. Осыған байланысты кез келген құжаттар нотариалдық кеңседен тек аталған органдардың сұрауы бойынша ғана беріле алады.

Өсиеттер туралы анықтама мұра қалдырушының өлімінен кейін беріледі. Сонымен бірге келесі мәселені ескеру керек: өсиеттер туралы анықтамалар өсиет бойынша немесе заң бойынша мұрагерге ғана емес, өсиет мұра қалдырушымен оның пайдасына қалдырылуы мүмкін деген тұлғаларға да берілуі тиіс. Дегенмен, мұндай мәліметтер тек мұра қалдырушының өлімі туралы куәлік қағазын немесе оның нотариалдық куәландырылған көшірмесін көрсеткен жағдайда беріледі, анықтамада мұра кімнің мүддесіне қарай құралғаны туралы мәліметтер болмайды. Өсиеттің мазмұны өсиетте көрсетілген тұлғаға немесе тұлғаларға жариялана алады.

Жасалған немесе жасалып жатқан нотариалдық қызметтерге қатысты мәліметтер, сонымен қатар мұраның құқықты рәсімдеу, мұралық мүлікті қорғау, нотариалдық құжаттар және олардың көшірмесі, жасалған немесе жасалып жатқан нотариалдық қызметті тапсырған немесе тапсырыс берген тұлғаға ғана беріледі. Егер нотариалдық қызметті атқарған тұлға, басқа тұлғаға нотариалдық кеңседе аталған мәліметтерді алуға сенімхат берсе, онда нотариус сенімді тұлғаға мәліметтерді бермеуге құқығы жоқ.

### **3.4. Нотариустардың құқықтары мен міндеттері**

Нотариус:

1. Өзіне жүгінген жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне сәйкес осы Заңда және ҚР-дың басқа да заң актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауға;

2. Мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға;

3. Құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге;

4. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге;

5. ҚР-дың заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардан нотариаттық талаптарды сақтай отырып, жеке және

занды тұлғалардан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қажетті құжаттар мен мәліметтер талап етуге;

6. Ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысуға, соның ішінде жалдау шарты бойынша айналысуға құқылы.

Нотариус:

1. ҚР-дың Нотариат туралы Заңының және ҚР-дың нотариат қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға;

2. Азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге;

3. Кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға;

4. ҚР-дың заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға;

5. Кәсіптік әдепті сақтауға;

6. Әділет органына және нотариаттық палатаға өз іс-әрекеттеріне түскен шағымдар бойынша өзі жасаған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, өзге құжаттар, ал қажет болған жағдайларда жеке түсініктемелер, оның ішінде кәсіптік әдеп талаптарын сақтамау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге міндетті.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

1. Нотариаттық қызмет субъектілері
2. Нотариустың құқықтары
3. Нотариустың міндеттері
4. ҚР нотариатының жүйесі
5. Нотариат қызметінің түсінігі
6. Нотариус лицензиясы
7. Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыру
8. Ақшаны депозитке қабылдау
9. Мұрагерлікке құқық туралы куәліктер беру
10. Нотариаттық қызметтің кепілдіктері
11. Жекеше нотариустың қызметін сақтандыру
12. Нотариаттық қызмет жүйесі
13. Нотариаттық қызмет қағидалары
14. Қанша уақытқа сынақтан өту мерзімі қысқартылады

## 4-ТАРАУ

### НОТАРИУСТАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАДАҒАЛАУ

- 4.1. Нотариустардың іс-әрекетін қадағалау
- 4.2. Әділет органдарының құқықтық жағдайы
- 4.3. Нотариалдық палатаның түсінігі және өкілеттілігі
- 4.4. Республикалық нотариалдық палата және оның құқықтық дәрежесі
- 4.5. Нотариалдық палатаның жарғысы

#### 4.1. Нотариустардың іс-әрекетін қадағалау

Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың және аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы мен нотариат палатасы жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Республикалық нотариаттық палатамен бірлесіп белгілейді. Нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының салық заңдарын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасы салық қызметінің органдары жүзеге асырады. Нотариустың заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады.

Әділет органы мен нотариаттық палатаның лауазымды адамдары нотариус қызметін тексеру кезінде мәлім болған нотариаттық іс-әрекеттер жасау құпиясын сақтауға міндетті. Құпияны жария еткені және нотариусқа келтірген зияны үшін бұл адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға кіріскен жекеше нотариустың жұмысын тексеру ол нотариаттық іс-әрекетті жүзеге

асыра бастағаннан кейін кем дегенде алты айдан кейін және бір жылдан кешіктірілмей және одан кейін әрі кеткенде жылына бір рет жүргізіледі.

#### **4.2. Әділет органдарының құқықтық жағдайы**

Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады.

Жеке практикамен айналысатын нотариустың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы мен нотариат палатасы жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Республикалық нотариаттық палатамен бірлесіп белгілейді. Нотариустың және аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының лауазымды адамдарының салық заңдарын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының салық қызметінің органдары жүзеге асырады.

Әділет органы мен нотариаттық палатаның лауазымды адамдары нотариус қызметін тексеру кезінде мәлім нотариаттық іс-әрекеттер жасау құпиясын сақтауға міндетті. Құпияны жария еткені және нотариусқа келтірген зияны үшін бұл адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді. Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға кіріскен жекеше нотариустың жұмысын тексеру ол нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыра бастағаннан кейін, кем дегенде 6 айдан кейін және бір жылдан кешіктірмей жүргізіледі және одан кейін үш жылда бір рет жүргізіледі.

ҚР-дың Әділет министрлігінің құзыретіне аумақтық әділет органдары нотариустардың халыққа құқықтық қызмет көрсету саласындағы заңдылықты ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне басшылықты, оны үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады, нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы ережені және нұсқауларды бекітеді; ҚР-ның мұрағаттар және құжаттаманы басқарушы уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы нотариаттық іс жүргізу жөнінде нұсқаулық әзірлейді және бекітеді; аудандық маңызы бар қаланың,

кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарын аттестациялау туралы ереже әзірлейді және бекітеді; жекеше нотариустарды есеп алып тіркеу тәртібі туралы ереже әзірлейді және бекітеді; әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустардың санын бекітеді; әдістемелік, нұсқамалық және түсіндірмелік материалдар әзірлейді; нотариустардың қызметін лицензиялайды; нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны тоқтата тұру және оның күшін тоқтату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ нотариустардың лицензияларын айыру туралы талаптарға бастамашы болады; Республикалық нотариаттық палатаның келісімі бойынша нотариустардың қызметін бақылау тәртібін бекітеді; кадрлық резерв және нотариустың бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы ережені бекітеді және т.б. іс-әрекеттерді жасап келеді.

Аумақтық әділет органының құзыретінде:

Мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашады және таратады; азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне өтініштерін қарайды; жекеше нотариустардың заңнамаларының талаптарын сақтауын бақылауды ұйымдастырады және өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтарған және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де талаптарын бұзған жекеше нотариустарға шаралар қолданады; аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын лауазымды адамдарына әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді; нотариустың заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады; жекеше нотариусты жауапқа тарту туралы нотариаттық палатаға ұсыныс енгізеді; жекеше нотариустардың келу сипатындағы есептілік тіркеуін жүргізеді; ҚР заңдарының талаптарына сәйкес нотариустардың жеке мөрлерін жасауға тапсырысты жүзеге асырады және оларды береді; нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілетті аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппараттарының лауазымды адамдарын аттестациялауды жүргізеді; заңда көзделген



жағдайларда мемлекеттік нотариатты оңтайландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

Аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп:

1) нотариаттық округтегі жекеше нотариустардың қызмет аумағын белгілейді;

2) Әділет министрлігіне бекітуге нотариаттық округтегі нотариустардың саны туралы ұсыныс енгізеді;

3) нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған адамдардың резервін қалыптастырады және жекеше нотариустың бос орнына орналасу үшін конкурстық іріктеуді жүргізеді; резервті қалыптастыруға арналған құжаттар нотариаттық палатаға ұсынылады және сонда сақталады;

4) нотариаттық округте нотариустар уақытша болмаған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастырады;

5) нотариустарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

6) нотариаттық практиканы қорытады;

7) азаматтар мен заңды тұлғалардың жекеше нотариустардың іс-әрекеттеріне өтініштерін қарайды;

8) жеке практикамен айналысатын нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығына және оның іс жүргізу ережелерін сақтауына бақылау жасауды жүзеге асырады;

9) нотариаттық қызметті жүзеге асыратын жекеше нотариустарға аттестаттау жүргізеді.

10) тиісті нотариаттық округте қызметі тоқтатылған нотариустың жеке мөрін жою және құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариаттық мұрағатқа беру жөніндегі, сондай-ақ егер нотариус лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда лицензиарға беру үшін лицензияны алып қою жөнінде шаралар қабылдайды.

### **4.3. Нотариалдық палатаның түсінігі және өкілеттілігі**

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық бөлінісіне сәйкес бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы нотариаттық округ болып танылады.

Нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Нотариаттық палатаның қызметі ҚР Нотариат туралы заңымен және жарғымен реттеледі. Нотариаттық палата заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

Қазақстан Республикасының әрбір облысы, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасында бір нотариаттық палата құрылады. Аумақтық нотариаттық палаталар қауымдастық (одақ) нысанындағы Республикалық нотариаттық палатаға бірігуге құқылы.

Нотариаттық палатаның өкілеттігі:

- жекеше нотариустарға жалпы басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіріп отырады;

- мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, нотариаттық істі дамытуда оларға көмек көрсетіп, жәрдем береді;

- жекеше нотариустар нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

- жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;

- нотариаттық іс-әрекет жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастырады;

- жекеше нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы ҚР заңдарының өзге де талаптарын бұзу жағдайлары туралы аумақтық әділет органдарын хабардар етеді;

- жекеше нотариустарды сынақтан өткізу мен оқытуды ұйымдастырады;

- өз мүшелерінің қызметіне байланысты істер бойынша сот белгілеген сараптама шығындарын өтейді;

- жекеше нотариусты кәсіптік міндеттері мен әдепті бұзғаны үшін нотариустың ар-ождан кодексіне сәйкес жауапқа тартады;

- жекеше нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарайды.

Нотариаттық палата жекеше нотариустың жасаған іс-әрекеттерінің заңдылығы туралы мәселені қараған кезде нотариустан жасалған нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтерді, ал қажет болған жағдайларда өз түсініктемелерін, соның ішінде кәсіптік әдептің сақталмауы туралы мәселелер бойынша түсініктемелерін табыс етуді талап етуге құқылы. Нотариаттық палата жарты жылдың және жылдың қорытындылары

бойынша Республикалық нотариаттық палата мен аумақтық әділет органына өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады.

Нотариаттық палата өз қызметін жарғы негізінде атқарады. Жарғыда: атауы, қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері; палатаның құқықтары мен міндеттері; мүше болу мүшелікті тоқтата тұру және одан айрылу шарттары мен тәртібі; мүшелердің құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі; басшы органдарды құру тәртібі, олардың атқаратын қызметтері мен өкілеттік мерзімі; мүліктің қалыптасу көздері және мүлік пен табысты пайдалану тәртібі; жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі; палатаны қайта құру мен тарату тәртібі; таратылған жағдайдағы мүліктің тағдыры, т.б. көзделуі тиіс.

#### **4.4. Республикалық нотариалдық палатасы және оның құқықтық дәрежесі**

Республикалық нотариалдық палатаның түсінігі және құқықтық дәрежесі.

Республикалық нотариаттық палатаның қызметі ҚР Нотариат туралы заңымен және жарғымен реттеледі. Республикалық нотариаттық палата заңда белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс. Республикалық нотариаттық палата мынадай өкілеттерге ие:

- нотариаттық палаталардың қызметін үйлестіріп отырады;
- мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда нотариаттық палаталар мен нотариустардың мүдделерін білдіреді;
- ҚР Әділет министрлігінің нотариат мәселелері бойынша заң жобалары жөніндегі және сарапшылық қызметіне қатысады;
- Нотариустарды оқытуды ұйымдастырады;
- Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады және нотариат мәселелері жөнінде әдістемелік материалдар әзірлейді;
- Нотариустың ар-ождан кодексін әзірлеп, бекітеді;
- Заңдарға және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады. Республикалық нотариаттық палата ҚР Әділет министрлігіне өз қызметі туралы жыл сайын ақпарат беріп отырады.

#### **4.5. Нотариаттық палатаның жарғысы**

Нотариаттық палатаның жарғысында:

- 1) атауы, қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері;

- 2) палатаның құқықтары мен міндеттері;
- 3) мүше болу, мүшелікті тоқтата тұру және одан айырылу шарттары мен тәртібі;
- 4) басшы органдарды құру тәртібі, олардың атқаратын қызметтері мен өкілеттік мерзімі;
- 5) мүліктің қалыптасу көздері мен мүлік пен табысты пайдалану тәртібі;
- 6) жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
- 7) палатаны қайта құру мен тарату тәртібі, таратылған жағдайдағы мүліктің тағдыры көзделуге тиіс.

Нотариаттық әрекеттер жасау субъектілерінің жауапкершілігі

Нотариаттық іс-әрекеттер құпиясын сақтауды қамтамасыз ету нотариус ретінде қызметін тоқтатқан тұлғаларға да таралады. Ал жасалған нотариаттық іс-әрекеттер туралы әдейілеп мәлімет таратқан тұлғалар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Нотариус іс-әрекеттеріндегі аталған принцип азаматтар мен заңды тұлғалар үшін нормативтік кепілдік болып табылады. Олардың жеке істері мен олар үшін маңызды коммерциялық немесе басқа да ақпарат ешқайда таратылмай, болашақта да құпия күйінде қалады. Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер соттың, тергеу және алдын ала тергеу органдарының өз өндірісіндегі істер бойынша жазбаша талабы негізінде беріледі, прокуратура органдарына, әділет органдарына және нотариаттық палаталарға нотариустар қызметін тексеру уәкілеттілігі берілген органдарға жазбаша талап негізінде ғана беріледі.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

1. Нотариаттық қызмет субъектілері
2. Нотариустың құқықтары
3. Нотариустың міндеттері
4. ҚР нотариатының жүйесі
5. Мемлекеттік нотариат кеңсесі
6. Нотариаттық палата
7. Нотариаттық палатаның жарғысы
8. Нотариаттық әрекеттер жасау субъектілерінің жауапкершілігі
9. Нотариаттық іс-әрекеттер құпиясын сақтау
10. Нотариаттық палатаның құқықтары мен міндеттері
11. Нотариаттық палатаның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

## 5-ТАРАУ

### НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

#### 5.1. Нотариустармен жасалынатын іс-әрекеттер

5.2. Уәкілетті лауазымды адамдармен және консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер

5.3. Нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға теңестірілген өсиеттер мен сенімхаттарды лауазымды адамдардың куәландыруы

#### 5.1. Нотариустармен жасалынатын іс-әрекеттер

Жеке практикамен айналысатын нотариустың құзыретіне мыналар кіреді:

- 1) мәмілелерді куәландырады;
- 2) шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәландырады;
- 3) мұраға сенімгерлік басқарушыны тағайындайды;
- 4) мұраға құқық туралы куәліктер береді;
- 5) ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;
- 6) мүлікті иеліктен алуға тыйым салады және салынған тыйымды алып тастайды;
- 7) құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;
- 8) құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;
- 9) құжаттардың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландырады;
- 10) азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;
- 11) азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;
- 12) құжаттардың берілген уақытын куәландырады;
- 13) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;
- 14) ақшаны депозитке қабылдайды;
- 15) вексель наразылықтарын жасайды;

- 16) сақтауға құжаттар және бағалы қағаздар қабылдайды;
- 17) теңіз наразылықтарын жасайды;
- 18) дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Бірақ осы аталған іс-әрекеттер осы тізімімен шектелмейді, демек нотариустардың құзыреттіне басқа да нотариалдық іс-әрекеттер жасалуы да көзделуі мүмкін.

## **5.2. Уәкілетті лауазымды адамдармен және консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер**

Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттерді нотариустардан басқа аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының лауазымды адамдары және консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар атқара алады.

Елді мекенде нотариус болмаған жағдайда аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті лауазымды адамдары мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасайды:

1. Өсиеттерді куәландырады;
2. Сенімхаттарды куәландырады;
3. Құжаттар көшірмелерінің және олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;
4. Өтініштерге қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады;
4. Заң актілерінде көзделген өзге де іс-әрекеттерді жасауы мүмкін.

Консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер:

1. ҚР аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы шарттардан басқа мәмілелерді куәландырады;
2. Мұраға құқық туралы куәліктер береді;
3. Ерлі-зайыптылар мен ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді;
4. Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады;
5. Құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын тексереді;
6. Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландырады;

7. Азаматтың тірі екендігі фактісін куәландырады;
  8. Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады;
  9. Құжаттар берілген уақытты куәландырады;
  10. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;
  11. Ақшаны депозитке қабылдайды;
  12. Сақтауға құжаттар және бағалы қағаздар қабылдайды;
  13. Теңіз наразылығын жасайды;
  14. Дәлелдемелерді қамтамасыз етеді;
- Егер ҚР заң актілерінде консулдық қызметті жүзеге асыратын лауазымды адам жасайтын өзге де нотариаттық іс-әрекеттер көзделуі мүмкін.

### **5.3. Нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға теңестірілген өсиеттер мен сенімхаттарды лауазымды адамдардың куәландыруы**

ҚР-ның “Нотариат туралы” Заңында көзделген жағдайларда және шектерде нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті басқа да лауазымды тұлғалар.

ҚР нотариат туралы заңының 37-бабына сәйкес нотариаттық куәландырылған құжаттарға:

- ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінде тұрып жатқан азаматтардың, осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу мекемелерінің бас және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорлары, бас дәрігерлері куәландырылған өсиеттері;

- госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы емдеу мекемелердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырылған өсиеттері мен сенімхаттары;

- әскери қызметшілердің, ал нотариустары мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан пункттерінде, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілерінің отбасы мүшелерінің

осы бөлімдер, құрамалар, мекемелер мен орындардың командирлері куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

- бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері мен сенімхаттары;

- ҚР туын көтеріп жүзіп жүрген теңіз мекемелерінде немесе ішкі суларда жүзіп жүрген кемелердегі азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;

- барлау және басқа да экспедицияларда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

- халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрып жатқан кәмелетке толған жастағы іс-әрекет қабілеті бар азаматтардың осы мекемелердің немесе халықты әлеуметтік қорғаудың тиісті органының басшысы куәландырған сенімхаттары теңестіріледі.

Жоғарыда аталған лауазымды адамдар өсиетті куәландырған күннен бастап, он күннің ішінде, ал егер бұл дәлелді себептермен мүмкін болмаса, мұндай мүмкіндік пайда болысымен куәландырған өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының тұрғылықты жеріндегі нотариусқа сақтауға дереу беруге міндетті.

Егер өсиет қалдырушының ҚР-да тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе оның тұратын жері белгісіз болса, өсиет ҚР-ның Әділет министрлігі белгілейтін нотариусқа жіберіледі. Нотариус сақтауға келіп түскен өсиетті тексеруге және оның заңға сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тиісті дәрежеде ресімдеу үшін өсиет қалдырушыға және өсиетті куәландырған лауазымды адамға бұл туралы хабарлауға міндетті.

Куәландырған өсиеттердің уақтылы берілмеуі салдарынан мұрагерге келтірілген шығын үшін лауазымды адам ҚР заңдарына сәйкес жауапты болады.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

1. Қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес, ҚР нотариустарының қандай іс-әрекеттер жасауға құқықтары бар?

2. Жергілікті атқарушы органның лауазымды адамдары қандай нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға уәкілетті болып табылады?

3. Консулдық қызметті жүзеге асыратын лауазымды адамға қолданыстағы заңнама қандай нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығын береді?



4. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариаттық іс-әрекет жасауға басты негіз болып табылатын азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз не?

5. Әрекет қабілеттілігінің қандай түрлері бар?

6. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі дегеніміз не?

7. Нотариаттық тәртіппен рәсімделетін құжаттарға қол қоюға байланысты қандай нормативтік талаптар көзделген?

8. Нотариаттық іс-әрекет жасау үшін ұсынылатын құжаттарға қандай нормативтік талаптар көзделген?

9. Нотариаттық куәландыру үшін ұсынылған құжаттың түпнұсқалығын анықтау туралы нотариус қаулысында қандай мән-жайлар қамтылуы қажет?

10. Нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қандай жағдайларда кейінге қалдырылуы мүмкін?

11. Заңнама талаптары бойынша қандай жағдайларда нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға негіздеме бар?

## 6-ТАРАУ

### НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

**6.1. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау және тоқтата тұру тәртібі**

**6.2. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту**

**6.3. Нотариаттық іс қағаздарын жүргізудің жалпы ережелері.**

**6.4. Нотариаттық мұрағат және істерді сақтау.**

#### **6.1. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау және тоқтата тұру тәртібі**

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгілі бір нотариустың оның қызметінің аумағы шегінде нотариаттық іс-әрекет жасауы тиіс екендігі туралы осы Нұсқаулықта көзделгеннен басқа жағдайларда кез келген нотариус ҚР-ның бүкіл аумағында нотариаттық іс-әрекеттер жасай алады.

Нотариус қызметінің аумағы:

1. мұрамен сенімгерлік басқарушыны тағайындауда;
2. мұраға құқық туралы куәліктер бергенде;
3. жұбайлардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер бергенде;
4. тіркеуге жататын жылжымайтын мүліктерді иеліктен алу және кепілге салу туралы құжаттарды куәландырғанда сақталады.

Нотариаттық іс-әрекеттер нотариаттық кеңсенің үй-жайында, үй-жайдан тыс жерлерде де жасалуы мүмкін. Егер нотариаттық іс-әрекеттер нотариат кеңсесі немесе жеке қызметпен айналысатын нотариус кеңсесінде немесе жеке қызметпен айналысатын нотариус кеңсесінен тыс жерлерде жасалса, онда құжаттағы куәландыру жазбасында және нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімде нотариаттық іс-әрекеттер жасалған орынның мекенжайы және уақыты көрсетіле отырып жазылады.

Нотариус пен жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының өз атына және атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, балалары, аға-інілері, апа-сіңілілері,

немерелері, әжесі, атасы) атына және олардың атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

Осы ережелерді бұза отырып жасалған нотариаттық іс-әрекеттер жарамсыз болып табылады.

Нотариаттық іс-әрекеттер бұл үшін барлық қажетті құжаттар табыс етіліп, мемлекеттік нотариус немесе «Нотариат туралы заң» арқылы нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілдік берілген адамдар болған жағдайда мемлекеттік баж төлеген немесе жекеше нотариус арқылы нотариаттық іс әрекеттеріне ақы төленген күні жасалады.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жасау мынадай негіздер бойынша:

1. жеке және заңды тұлғалардан қосымша мәліметтерді талап ету қажет болғанда;

2. құжаттарды сараптамаға жібергенде;

3. басқа бір мүдделі адам куәландырмақшы болған құқықты немесе фактіні сотта даулаушы мүдделі адамның жазбаша өтініші бойынша кейінге қалдырылуы мүмкін. Бұл ретте нотариус қабылданған өтінішке оның қабылданған күні және өтініш беруші адамның жеке басын анықтағаны, сондай-ақ өтініш берген адамға сотқа жүгіну тәртібі мен мерзімін түсіндіргені жөнінде белгі соғады.

Нотариаттық іс-әрекет жасауды кейінге қалдыру туралы қаулы шыққан күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін. Нотариаттық іс-әрекет жасау кейінге қалдырылған жағдайда нотариус мүдделі адамға нотариаттық іс-әрекет жасауға жүгінген күннен бастап үш күнінен кешіктірмей, нотариаттық іс-әрекет жасауды кейінге қалдыруының дәлелді себебі көрсетілген қаулыны береді.

Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мынадай негіздер бойынша:

1. Жеке және заңды тұлғалардан қосымша мәліметтерді талап ету қажет болғанда;

2. Құжаттардың сараптамаға жіберілуі негізінде кейінге қалдырылуы мүмкін.

Нотариаттық іс-әрекеттер жасауды кейінге қалдыру мерзімі нотариаттық іс-әрекеттер жасауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарылған күннен бастап бір айдан аспауы керек.

Басқа бір мүдделі адам куәландырмақшы болған құқықты немесе фактіні сотта даулаушы мүдделі адамның өтініші бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жасау он күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін. Егер осы мерзім ішінде соттан өтініштің түскені туралы хабар алынбаса, нотариаттық іс-әрекеттер жасалуы тиіс.

Басқа бір мүдделі адам куәландыруды өтінген құқық пен фактіні

даулаушы мүдделі адамның өтініші түскені туралы соттан хабар алынған жағдайда, нотариаттық іс-әрекеттер жасау сот істі шешкенге дейін тоқтатыла тұрады.

Нотариус немесе лауазымды адам нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде нотариаттық іс-әрекеттер жасауды өтінген азаматтың, оның өкілінің немесе заңды тұлға өкілінің жеке басын анықтайды.

Адамның жеке басын анықтау нотариаттық іс-әрекеттер жасауды өтінген азаматтың жеке куәлігі немесе төлқұжаты негізінде жүргізіледі.

Нотариаттық іс-әрекет барлық қажетті құжаттар ұсынылған және мемлекеттік төлемақы төленген күні (нотариаттық іс-әрекетті мемлекеттік нотариус жасағанда) немесе жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттеріне төлемақы төленген күні жүзеге асырылады.

Сонымен қатар белгілі жағдайларда нотариаттық іс-әрекеттерді жасау:

1. Жеке және заңды тұлғалардан қосымша мәліметтер талап ету қажет болғанда;

2. Құжаттарды сараптамаға жібергенде;

3. Басқа бір мүдделі адам куәландырмақшы болған құқықты немесе фактіні сотта даулаушы мүдделі адамның өтініші бойынша кейінге қалдырылуы мүмкін.

4. Аталған жағдайларда нотариус тиісті қаулы шығарып, нотариаттық іс-әрекетті жасауды отыз күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырады, ал бұл мерзім қаулы шығарылған сәттен бастап саналады.

Мысалы, құжаттар ұсынылған күні нотариаттық іс-әрекет жасауға басқа адам куәландыруды сұрап отырған құқық немесе фактіге дауласып, мүдделі адамның сотқа арыз беруі кедергі болуы мүмкін.

Бұл жағдайда нотариус тарапынан нотариаттық іс-әрекет жасау арыз берілген күннен бастап, он күннен аспайтын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін. Егер осы мерзім аралығында соттан арыздың келіп түскені туралы жазбаша хабарлама келмесе, онда нотариаттық іс-әрекет жасалуы мүмкін. Ал мұндай хабарлама келіп түскен жағдайда нотариаттық іс-әрекет істі сот шешіп, сот шешімінің заңды күшіне енуіне дейін тоқтатылады.

## 6.2. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту

ҚР «Нотариат туралы» Заңының 48-бабына сәйкес, нотариус келесі жағдайларда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарта алады:

1. Мұндай іс-әрекет жасау заңдарға қайшы келсе;
2. Іс-әрекетті басқа нотариат жасауға тиіс болса;
3. Нотариаттық іс-әрекет жасау жөнінде қабілетсіз азамат немесе қажетті өкілеттігі жоқ өкіл өтініш жасаса;
4. Заңды тұлға атынан жасалатын мәміле оның жарғысында немесе ережесінде көрсетілген мақсаттарға қайшы келсе;
5. Мәміле заңдар талаптарына сәйкес келмесе;
6. Нотариаттық іс-әрекет жасау үшін табыс етілген құжаттар заң талаптарына сәйкес келмесе.

Іс-әрекет нотариаттық орган тарапынан жасалуы қажет болмайтын жағдайда нотариус нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарта алады.

Арызданған тұлғаларға нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартылған жағдайда нотариус ол нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш берген күннен бастап он күннен ішінде жазбаша түрде бас тарту себебі көрсетілген дәлелді қаулыны береді.

Бұл қаулыда нотариус:

- қаулының шығарылған күнін;
- нотариустың фамилиясы мен аты-жөнін;
- нотариаттық іс-әрекетті жасау туралы өтініш берген азаматтың фамилиясын, атын, әкесінің атын;
- оның тұрғылықты жері (заңды тұлғаның аталуы мен адресі) мүдделі тұлға жасауды өтінген нотариаттық іс-әрекетті;
- нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарту себептерін (заңнамаға сілтеме жасау арқылы);
- бас тарту туралы шағымдану тәртібі мен мерзімі көрсетілуі тиіс.

Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға сот тәртібімен шағымдануға болады. Бұл процедура ҚР Азаматтық істер жүргізу кодексінің 279-бабымен реттеліп, ерекше өндіріс тәртібімен жүзеге асырылады.

Осылайша, бір жағдайда мүдделі тұлғалардың нотариусқа жүгінуге мүлдем құқығы жоқ болса, басқа жағдайларда нотариаттық іс-әрекетті жасауға қажетті шарттардың орындалмауы бас тарту себебі ретінде танылады. Нотариаттық іс-әрекетті жасауға кедергі болып отырған жағдайлар жойылған соң, мүдделі тұлғалар нотари-

ат органына нотариаттық іс-әрекетті жасау туралы өтінішпен қайта жүгіне алады.

Егер сот тарапынан нотариустың нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуы негізді деп танылса, онда мүдделі тұлғалар болашақта осыған ұқсас өтінішпен нотариат органына өтініш білдіру құқығына ие бола алмайды.

Тағы да бір шектеуді естен шығармаған жөн. Нотариуспен жергілікті атқару органдары лауазымды адамдарының өз атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері, немерелері, атасы, әжесі) атына және олардың атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ. Бұл шектеуді орындамаған жағдайда нотариустың ар-ождан Кодексі негізінде нотариус жауапкершілікке тартылады.

Аталған реттердегі нотариаттық іс-әрекеттерді кез келген басқа нотариус жасайды.

Нотариуспен және жергілікті атқару органдарының лауазымды адамдарымен белгіленген ережелерді бұза отырып жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің нотариаттық заңдық күші жоқ және олар жарамсыз болып табылады.

Нотариус әрекеттеріне немесе нотариатты әрекетті жасаудан бас тартуына берілетін шағым.

Егер нотариус жіберілген қатенің салдарынан өзінің жасаған нотариаттық іс-әрекеті қолданылып жүрген заңдарға қайшы келгенін немесе заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғанын анықтаса, онда ол бұл туралы заңмен белгіленген тәртіпте көрсетілген нотариаттық іс-әрекеттің күшін жою жөнінде шаралар қабылдау үшін тиісті прокуратура органдарына хабарлауға міндетті. Прокурорға ұсыныс жасалғаны туралы нотариус аумақтық прокуратура органына мүдделі адамдарға, әділет органдарына, нотариаттық палатаға жеткізеді.

Нотариус өз бастамасы бойынша немесе мүдделі адамдардың өтініші бойынша куәландырылған немесе берілген құжаттары мәнін өзгертпейтін және заңмен қорғалатын үшінші жақтардың құқықтары мен мүдделеріне тимейтін көпе-көрінеу жаңылыс жазулар мен арифметикалық қателерді түзете алады.

Нотариустың қызметі тоқтатылған не мемлекеттік нотариаттық кеңсе таратылған жағдайда нотариаттық куәландырылған немесе берілген құжаттарға жоғарыда көрсетілген түзетулерді құжаттар сақтауға берілген нотариус, нотариатқа палата енгізеді.

### 6.3. Нотариаттық іс қағаздарын жүргізудің жалпы ережелері

Нотариаттық іс қағаздарын жүргізу Мемлекеттік Стандарттың ұйымдастыру-әкімшілік құжаттарына қойылатын негізгі ережелері мен талаптары ескеріле отырып жасалған және нотариатта іс қағаздарын жүргізудің біртұтас тәртібін орнықтырады.

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның 4-бабына сәйкес нотариаттық іс-қағаздарын жүргізу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырғысы келген адам іс қағаздары жүргізілетін тілді білмейтін болса, ресімделген құжаттардың мәтіндерін оған нотариус немесе аудармашы аударып беруге тиіс.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінде іс қағаздарын жүргізудің және мұрағаттың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуі үшін жауапкершілік аумақтық әділет органы басқармасы бастығының бұйрығымен мемлекеттік нотариат кеңсесі нотариустарының біріне жүктеледі.

Жеке практикамен айналысатын нотариустардың іс қағаздарын жүргізуі мен мұрағатының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жауапкершілікті жеке практикамен айналысатын нотариустың өзі көтереді. Мұрағат үшін жауапты мемлекеттік нотариус жұмыстан шыққан немесе басқа жұмысқа ауысқан жағдайда, оның міндеттері басқа нотариусқа жүктеледі, бұл жөнінде қабылдау-өткізу актісі жасалады. Жеке жұмыс істейтін нотариус өз өкілеттігін тоқтатқан жағдайда аумақтық әділет органы және нотариаттық палата құжаттарды басқа нотариусқа немесе тиісті мемлекеттік мұрағатқа тапсыру жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

Нотариаттық мәмілелерді куәландыру, куәліктер беру және басқа құжаттарды куәландыру, сондай-ақ оларға куәландыру жазбалары «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы» Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №32 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықтың талаптары және 6.38-72 Мемлекеттік стандартының негізгі ережелері мен талаптары ескеріле отырып жазылуы тиіс.

Нотариустан шығатын ұйымдастыру-әкімшілік сипаттағы құжаттарда мемлекеттік нотариаттық кеңсенің атауы немесе жеке практикамен айналысатын нотариустың тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асырып отырған нотариаттық округі көрсетілуі керек. Құжат түрінің атауы хаттама, қаулы, сенімхат және тақырыптары бас әріптермен жазылады. Құжатқа тақырып қойылады. Тақырыпты құрастырушы қояды,

барынша қысқа және құжаттың мазмұнын дәл көрсетуі тиіс. Хабарламалар мен телефонхаттарға тақырып қойылмайды.

Құжатқа мекенжайды жазғанда төмендегідей деректемелер сақталуы тиіс: құжат ұйымға, оның құрылымдық бөлімшесіне немесе нақты тұлғаға жолданады; ұйымның және оның құрылымдық бөлімшесінің атауы атау септігінде көрсетіледі; құжат лауазымдық қызметкерге жөнелтілген жағдайда ұйымның атауы атау септігінде, ал алушының лауазымы мен тегі барыс септігінде көрсетіледі; хат алмасушы адамның пошталық мекенжайы құжат жолданып отырған ұйым атауынан кейін толық көрсетіледі. Құжат азаматтарға жөнелтілген жағдайда алдымен пошталық мекенжайы, одан соң алушының тегі, аты-жөні көрсетіледі;

Қызметтік құжаттардың барлық даналарына қол қойылуы тиіс.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінде немесе жеке практикамен айналысатын нотариусқа келіп түсетін барлық құжаттар тіркеуге жатады. «Жеке өзіне» белгісі соғылған конверттер мен құттықтау қағаздар және осы тектес құжаттар тіркелмейді және ашылмайды. Келіп түскен құжаттардың конверттері егер құжаттың жөнелтілген және алынған уақыттарын, жөнелтушінің мекенжайын тек солар бойынша анықтауға болатын жағдайда жойылмайды.

Келіп түскен құжаттар қабылданғанда ең алдымен өзге мақсаттағы құжаттар іріктелініп алынады, сонымен қатар ішіне салынған құжаттардың тұтастығы тексеріледі. Қателесіп жеткізілген құжаттар тиісінше қайта жөнелтіледі. Егер құжаттардың немесе оған қосымшаның жоқ болғандығы анықталса, бұл жөнінде жөнелтушіге хабарлама жасалады. Құжаттарды есепке алу және олардың орындалуына бақылау жасау үшін нотариат кеңселері мен жекеше нотариустар төмендегідей журналдар жүргізуі тиіс:

- хат-хабардың кіріс журналы
- хат-хабарлардың шығыс журналы

Нотариусқа келіп түскен құжаттар хат-хабарлардың кіріс журналында тіркеуден өтеді.

Пошта арқылы түскен мұраны қабылдау туралы арыздар, мұраға құқық туралы куәлік беру, мұрадан бас тарту туралы, мұралық мүліктерді қорғауға шаралар қабылдау, несие берушінің талаптары, жылжымайтын мүлікті иеліктен айыруға тыйым салу туралы хабарламалар, т.б. кіріс журналында тіркеледі.

Нотариус банкке немесе басқа сатушыға сақтауға тапсырылған мұралық мүліктің жекелеген заттары көрсетіліп тізімделген бағалы мұралық мүліктерді есепке алу кітабына тіркейді.



Жіберілетін құжаттар хат-хабарлардың шығыс журналында тіркеледі. Құжатқа хат-хабарлардың шығыс журналындағы реттілік нөміріне сай келетіндей тіркеу нөмірі, сондай-ақ оның көшірмесі сақталатын наряд нөмірі қойылады. Хат-хабарлар алушыларға пошта арқылы жіберіледі немесе қолға тапсырылады.

Құжаттардың орындалу сапасы мен мерзімдеріне бақылау жасауды мемлекеттік нотариат кеңсесін басқаратын нотариус немесе жеке практикамен айналысатын нотариус жүзеге асырады.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінің және жеке практикамен айналысатын нотариустың құжаттары олар орындалғаннан кейін белгілі бір мәселелер бойынша құжаттар жиынтығы ретінде іске топтастырылады. Құжаттарды топтастыру іс жүргізуде олардың сақталу мерзімдері көрсетілген жүйеленген тақырыптар тізбегінен тұратын үлгі номенклатурасының негізінде іс номенклатурасында түзіледі.

Нотариат істері номенклатурасының даналары қажетті мөлшерде басылады және келер жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады.

Іс номенклатурасы тиісті түзетулермен қайта жасалады және тиісті мұрағатпен келісіледі де, мемлекеттік нотариаттық кеңсенің жетекшісі немесе жеке практикамен айналысатын нотариус бекітеді. Іс номенклатурасының алғашқы данасы нотариуста сақталады, екіншісін нотариус жұмыста пайдаланады, үшіншісі нотариат мұрағатына тапсырылады, төртіншісі іс номенклатурасы келісілген мұрағатта қалдырылады.

Іс номенклатурасында күні бұрын көзделмеген, бірақ жыл бойына қосымша нарядтар жүргізу қажет болған жағдайда пайдалану үшін резервтік нөмірлер көзделеді. Жыл аяқталғаннан кейін ашылған нарядтардың саны туралы қорытынды жазу енгізіледі.

Уақытша сақтау істері үшін есеп құжаты ретінде іс номенклатурасының бір данасы мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе тұрақты түрде жеке практикамен айналысатын нотариустың мұрағатында қалдырылады.

#### **6.4. Нотариаттық мұрағат және істерді сақтау**

Нотариат туралы ҚР заңының 49-бабына сәйкес барлық нотариаттық іс-әрекеттер тізілімдерге тіркеледі. Тізілімдер нысаны ҚР Әділет министрлігінде бекітіледі. Тізілімдер баулануы, парақтары нөмірленуі, парақтардың жалпы саны қол қойылып мөрмен бекітілуі тиіс, мұны мемлекеттік нотариаттық кеңселерде-

аумақтық әділет органының қызметкері, жеке практикамен айналысатын нотариус тізілімінде-нотариаттық палата жүзеге асырады.

Әрбір нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу үшін жеке өзінің тізілімін иеленеді, сол үшін жеке индекс беріледі. Куәландыру жазбасында немесе берілетін құжатқа нотариус қол қойғаннан кейін нотариус нотариаттық іс-әрекетті тізілімге енгізеді. Тізілімдегі жазуды өшіріп тазартуға жол берілмейді, ал түзетулер нотариустың қолымен және мөрімен бекітілуі тиіс. Тізілімді қарындашпен жазуға жол берілмейді. Жіберілген қателер анықталған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттерді нөмірлеу барысында нотариустың қолымен анықтама жасалады да тізілімнің соңында тігіледі. Жалпы тіркеу тізіліміне нотариус жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің бәрі жазылып отырады. Тізілім кітабы 7 бағанадан тұрады, олар мынадай тәртіппен толтырылады. Бірінші бағанада, тіркелген нотариаттық іс-әрекеттің реттік нөмірі көрсетіледі; екінші бағанада, нотариаттық іс-әрекеттің жасалынған күні көрсетіледі; үшінші бағанада, нотариаттық іс-әрекеттер жасалған азаматтардың немесе олардың өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты және тұрғылықты орындары, заңды тұлғалардың атауы мен тұрған орны көрсетіледі. Өз бетімен қол қоя алмайтындар үшін қол қойған азаматтардың, сондай-ақ аудармашылардың тегі мен аты-жөні, тұрғылықты мекені де осы бағанада көрсетіледі. Егер нотариаттық ресімделген құжаттың ( шарт, өсиет т.б.) бір данасы мемлекеттік нотариат кеңсесінде немесе жекеше нотариуста қалдырылатын болса, тараптардың мекенжайы көрсетілмейді; төртінші бағанада, нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш берген азаматтардың жеке куәліктері мен төлқұжаттарының деректемелері көрсетіледі; бесінші бағанада, құжаттар көшірмелерінің растығы куәландырылғанда көшірмелердің неше дана, неше беттен тұратыны, құжаттардың атауы, құжат берілген адамның тегі, аты-жөндерінің бастапқы әріптері, сол құжатты берген органның атауы көрсетіледі. Бұл бағанада мәміленің түрі, мәселен, «өсиет», «сатып алу-сату шарты» деп көрсетіледі, сондай-ақ берілген куәліктер туралы мәліметтер, мысалы, «меншік құқығы туралы куәлік» деп жазылады. Сенімхатты куәландыру барысында сенімхат түрі көрсетіледі; алтыншы бағанада, мемлекеттік нотариус өндірген мемлекеттік баж салығының сомасы немесе нотариаттық іс-әрекетті жасағаны үшін жеке нотариусқа төленген қаржы мөлшері көрсетіледі, төлемдік тапсырыс бойынша көрсетілген қаржы жұмсалғанда оның нөмірі мен берілген уақыты көрсетіледі. Егер азамат мемлекеттік баж салығын

немесе жекеше нотариусқа қаржы төлеуден босатылған жағдайда босату негізі атап айтылады; жетінші бағанада, нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш білдірген адамның қолы қойылады.

Шетелде іс-әрекет жасауға бағытталған құжаттарды нотариаттық ресімдеу осы құжат ұсынылатын мемлекеттің құқығы ескеріле отырып жүзеге асырылады. Шетелде әрекет етуге арналған құжат әдеттегідей іс жүргізілетін тілде баяндалады. Азаматтың өтініші бойынша құжат шет тіліне аударылуы мүмкін. Куәландыру жазбаларын толтыру барысында нотариустың тегін, өз аты мен әкесінің атын, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің толық атауын және нотариаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензияның нөмірі мен берілген күнін мөр басылымындағыдай толық та айқын көрсету қажет; құжатқа қол қойған тұлғаның тегі мен аты-жөнін төлқұжат немесе жеке куәлік бойынша көрсетілгендей реттілікпен көрсету қажет. Мөр құжаттың бос жерінде куәландырылған жазбалар астына, мәтін мен нотариус қолына тиіп кетпейтіндей етіп қойылады.

Шетелде әрекет ету үшін құжаттар сапалы қағазға толтырылуы, бүкіл мәтін бастырылуы тиіс. Нотариаттық іс-әрекет кімнің атынан жасалса, сол адамдарға құжаттардың бірінші данасы тапсырылады. Құжаттарды бүктеуге, ақырына дейін жазылмаған жолдарды, бос орындарды сызғылауға, сондай-ақ оларға мастикалық мөрлерді соғуға рұқсат етілмейді.

Нотариустың өз тегі, аты-жөні көрсетілген жеке мөрі болады, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) немесе нотариусқа берген лицензия нөмірі мен күні (жеке практикамен айналысатын нотариустың мөрі) көрсетіледі, бұл мөр металдан арнайы жабдықта дайындалуы, оны дайындауға қойылатын бүкіл талаптар сақталуы және жоғары дайындау сапалылығымен, жалған дайындаудан қорғалуымен, беріктігімен және бояғыштарға төтеп беру секілді айрықша қасиеттерімен сипатталуы тиіс.

Мемлекеттік нотариустың мөрі “ҚР Тіл туралы заңының” 21-бабына сәйкес мемлекеттік тілде және Әділет министрінің 1997 жылғы 01 тамыздағы № 64 Бұйрығымен бекітілген “Мемлекеттік нотариустың мөрі туралы” Ереженің талаптарына сәйкес дайындалады.

Жекеше практикамен айналысатын нотариустың мөрі ҚР Әділет министрінің 1999 жылғы 24 ақпандағы №16 Бұйрығына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады. Мөр мәтініне нотариустың тегін, аты мен әкесінің атын жазу төлқұжатқа (жеке куәлікке) сәйкес жүргізіледі. Нотариустардың мөрлерін дайындауға

тапсырыс орталықтандырылған тәртіппен аумақтық әділет органы не аумақтық нотариаттық палатаның жазбаша тапсырысы бойынша жүзеге асырылады.

Мөрлер арнайы ашылып жүргізілетін, нөмірленген, жіппен бауланған және тиісті органның мөрімен бекітілген журналға қолдары қойылғаннан кейін ғана беріледі. Журнал қатаң есепке алынған және тұрақты сақталатын құжат болып табылады. Нотариус мөрі куәландыру жазбасының мәтінінде нотариаттық куәландыру немесе құжатты куәландыру кезінде, қаулыда немесе тапсырмада олардың өз қолдарын бекіту үшін пайдаланылады. Мөрді нотариаттық қызметке қатысы жоқ құжаттарға соғуға жол берілмейді. Мөрдің дұрыс пайдалануы мен сақталуы жөніндегі жауапкершілік нотариусқа жүктеледі. Мөр жоғалғанда немесе ұрланғанда нотариус аумақтық әділет органына немесе нотариаттық палатаға жедел хабар беруге міндетті.

Мемлекеттік нотариус қызметтен босатылған жағдайда не жеке практикамен айналысатын нотариустың лицензиясы тоқтатылғанда немесе кері қайтарылып алынғанда аумақтық әділет органы және нотариаттық палата нотариус мөрін алу және бұдан әрі осы мақсатқа пайдалануға болмайтындай етіп бедерін кетіру жолымен комиссиялы түрде жою шараларын қолданады, бұл жөнінде акт жасалынады.

Жеке практикамен айналысатын нотариустың лицензиясы тоқтатыла тұрған жағдайда мөр уақытша сақтауға аумақтық әділет органына тапсырылады. Жеке мөрлерді пайдалану үшін тек көк және қою көгілдір бояғыштарды қолдануға болады, қара немесе түрлі-түсті бояғыштарды қолдануға болмайды.

Жойылған мөрлердің күшін жойғандығы және жарамсыздығы туралы хабарды әділет органдарының республикалық және жергілікті басылымдарында жариялау қажет

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

- 1) Нотариаттық әрекеттерді жасау орны
- 2) Мұрамен сенімгерлік басқаруды тағайындау
- 3) Нотариус қызметінің аумағының қызметін шектеу
- 4) Нотариаттық әрекеттерді жасау мерзімдері
- 5) Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарту
- 6) Бас тарту туралы шағымдану тәртібі
- 7) Бас тарту шағымдану туралы шағымдану ережелері

## 7-ТАРАУ

### ҚҰЖАТТАРДЫ НОТАРИАТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУ

7.1 Мәмілелерді куәландырудың жалпы ережелері

7.2 Мәмілелердің жекелеген түрлерін куәландыру

7.3 Теңіз наразылықтарын жасау

7.4 Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыру

7.5 Құжаттардағы қолдардың түпнұсқаулығын куәландыру

7.6 Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру

7.7 Азаматтың тірі табылу және азаматтың белгілі бір жерде табылу фактісін куәландыру

7.8 Құжаттардың көрсетілу уақытын куәландыру

#### 7.1 Мәмілелерді куәландырудың жалпы ережелері

Нотариус заңдармен бекітілген міндетті нотариаттық нысанда мәмілелерді куәландырады. Тараптардың тілегін заңмен міндетті нотариаттық нысанмен белгіленбеген мәмілелер мен басқа да мәмілелер куәландырылуы мүмкін.

Нотариус тараптарға олар табыс еткен мәмілелер жобасының мазмұны мен мағынасын түсіндіруге және оның мазмұны тараптардың шын ниеттеріне сәйкес келетінін және заң талаптарына қайшы келмейтінін тексеруге міндетті.

Егер мәміле жасау сәтінде әрекет етуге қабілетті жеке тұлға алкогольдік немесе есірткілік масаю халінде болса нотариус мәмілені куәландырудан бас тартуға тиіс. 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың атынан мәмілелерді олардың ата-аналары, ал әрекет қабілеттілігі жоқ азаматтардың атынан-қамқоршылары жасайды. 14-тен 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-аналарының, ал әрекет қабілеттілігі шектелген адамдар – қорғаншыларының келісімімен жасайды.

Кәмелетке жасы толмағандар, қамқорлыққа алынғандар атынан қамқоршылар мәміле жасау үшін немесе оларды заңда көрсетілген жағдайларда жасау үшін қамқоршылық және қорғаншылық органдарының келісімі талап етіледі. Тіркелуге жататын қозғалмайтын мүлікті иеліктен алу және кепілге салу тура-

лы мәлімдемелер иеліктен алынатын немесе кепілге салынатын мүлікке деген құқықты растайтын құжаттарды көрсеткен жағдайда куәландырылуы мүмкін.

Мәмілелердің мазмұны баяндалатын нотариаттық тәртіпте куәландырылатын құжаттар данасының саны екеуден кем болмауы тиіс, оның біреуі нотариуста қалады, бірақ мәмілеге қатысушылардың санынан артық болмауға тиіс.

Қолданып жүрген заңдарға сәйкес мәміленің мынандай түрлері міндетті нотариаттық куәландыруға жатады:

1) тұрғын үйлерді иеліктен шығару, яғни сатып алу-сату, айыр-бастау, сыйға тарту, өмір бойы асырау шартымен иеліктен шығару және кепілге салу туралы шарттар;

2) өсиеттер;

3) мүліктік басқаруға, егер заңда өзгеше көрсетілмесе, нотариаттық куәландыруды талап ететін мәмілелерді жасауға берілетін сенімхаттар;

4) шаруашылық серіктестіктердің құрылтайшылық құжаттары;

5) неке келісімшарттары.

Нотариус тараптарға олар табыс еткен мәмілелер жобасының мазмұны мен мағынасын түсіндіруге және оның мазмұны тараптардың шын ниеттеріне сәйкес келетінін және заң талаптарына қайшы келмейтінін тексеруге міндетті.

Егер мәміле жасау сәтінде әрекет етуге қабілетті жеке тұлға алкогольдік немесе есірткілік масаю халінде болса нотариус мәмілені куәландырудан бас тартуға тиіс.

Мәміле жарамсыз деп танылғанда немесе ол тараптардың келісімі бойынша бұзылған жағдайда нотариус бұл жөнінде тізілімде осы туралы белгі қояды және иеліктен айырушыға құқық беретін құжаттарды қайтарады. Бұл ретте бұрын алынған мемлекеттік баж салығы тараптарға қайтарылмайды. Мәмілелердің мазмұны баяндалатын нотариаттық тәртіпте куәландырылатын құжаттар данасының саны екеуден кем болмауы тиіс, оның біреуі нотариуста қалады, бірақ мәмілеге қатысушылардың санынан артық болмауға тиіс.

Нотариус жылжымайтын мүлікті иеліктен алу және өзге де жылжымайтын мүлікке заттық құқықтарды иеліктен алу шарттарын мүліктің тұрған жері бойынша куәландырады. Ортақ бірлескен меншіктегі немесе үлеске меншік құқығындағы мүліктерді иеліктен алу ортақ бірлескен мүліктің барлық қатысушыларының келісімімен жүргізіледі. Нотариаттық куәландыруды немесе мемлекеттік

тіркеуді талап ететін мәмілелерді жасауда ортақ бірлескен меншікке қатысушылардың мәміле жасауға келісімі нотариаттық тәртіп бойынша расталуы тиіс. Сондықтан мүлікті иеліктен алу шарттарын жасағанда, нотариус басқа меншік иелерінің соның ішінде жұбайлардың мүлікті билеуге келісімін талап етуге міндетті. Егер жұбай нотариусқа өзі келіп, жылжымайтын мүлікті иеліктен алуға өтініш берсе, қолының түпнұсқалығын куәландыру талап етілмейді. Бұл жағдайда нотариус жұбайдың жеке басын анықтайды және қойылған қолының түпнұсқалығын тексереді, бұл туралы өтінішке белгі қояды және жеке басты анықтайтын құжатты, оның нөмірін, берілген күнін, құжат беруші мекеменің атауын көрсетеді.

Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу шарттарын куәландырғанда нотариус ең алдымен иеліктен алынатын жылжымайтын мүліктің орналасқан жер учаскесінің құқықтық тәртібін анықтауы қажет.

Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу шарттарын куәландыру кезінде нотариус жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттарды талап етеді және жер учаскесі меншік иесінің оған тиісті құқықтарды алу жөніндегі өкілеттіктерін айқындайды. Көп пәтерлі тұрғын үйлерде пәтерлерді иеліктен алу кезінде жер учаскесіне құқық белгілеуші құжаттар талап етілмейді.

Жылжымайтын мүліктің жеке немесе заңды тұлғаға тиесілігін растайтын құжаттарға мыналар жатуы мүмкін:

- жекеменшік тұрғын үй құрылысын салатын тұрғын үй құрылыс ұжымына тұрғын үй құрылысын салу үшін жер учаскесін беру туралы шарт;

- сатып алу-сату туралы шарт;

- жекешелендіру шарты;

- жария саудадан алғандығы туралы акт;

- ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік;

- меншік құқығын растайтын заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі;

- мүлікті бөлу туралы шарт;

- мұраға құқық туралы куәлік;

- Әкімнің шешімі, сатып алу-сату шарты, жер учаскесіне меншік құқығы туралы мемлекеттік акт;

Құқық беруші құжаттар қатарына жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растауға құзырлы органдардың заң актілері тәртібінде белгіленген өзге де құжаттар жатуы мүмкін. Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу шартын куәландыру кезінде нотариус мемлекеттік

тіркеуді белгіленген тәртіппен тіркеуші органның құжат мәтініндегі белгісі негізінде тексереді. Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеудің және жылжымайтын мүлікті тіркеу үшін белгіленген тәртіппен құрылған басқа мемлекеттік ұйымдардың тіркеуші органдар нақтылы құрылғанға дейін олармен жасаған мәмілелерінің заңды күші болады.

Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу шарттарын куәландыру кезінде нотариус:

1. Құқық белгілеуші құжатты;
2. Құқықтық кадастрдың тіркеу парағынан көшірмені;
3. Құрылыстың иеліктен алу сәтіндегі техникалық сипаты туралы анықтаманы талап етеді. Иеліктен алынатын мүлікті бағалау актісі мұны тек мәміле тараптары көзделген жағдайларда ғана талап етіледі.

Нотариус тұрғын үйді өмір бойы ұстау шартымен иеліктен алу шартын келесі талаптар сақталған жағдайда куәландырады:

- сатушы жасына немесе денсаулық жағдайына қарай еңбекке қабілетсіз болуы керек;

- сатып алушы сатып алу бағасын төлеу есебінен сатушының есебінен сатушының өмірінің аяғына дейін оған тұрғын жай беру, тамақтандыру, оны бағып- күту, қажетті көмек көрсету түрінде нақтылы материалдық қамтамасыз етуге міндеттенеді;

- сатушының тірі кезінде үйді иеліктен алуға болмайды;

- егер сатып алушы өмір бойы асырау шартымен иеліктен алу шарты бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамаса, шарт сатушының талабы бойынша бұзылуы мүмкін;

- егер оған қатысты емес мән-жайларға байланысты материалдық жағдайының өзгергені соншалық, ол сатушыға шартта көрсетілген жағдайды тудыра алмаса немесе сатушы өзінің еңбек қабілеттілігін қалпына келтірсе шарт сатушының талабы бойынша бұзылуы мүмкін. Өмір бойы асырау шартымен тұрғын үйді иеліктен алу шартының мәтінінде барлық көрсетілген шарттар анық баяндалуы тиіс. Бұған қоса шарттың мәтініне сатып алушының сатушыны асырау жөніндегі қосымша міндеттерді енгізуге болады.

Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу шартын куәландыру кезінде нотариус аталған шарттарды мемлекеттік тіркеуге алудың қажеттігін түсіндіреді.



## 7.2. Мәмілелердің жекелеген түрлерін куәландыру

Нотариус мәмілелердің төмендегідей түрлерін куәландырады:

1. Мүлікті ақысыз пайдалануға немесе жалға беру туралы шарттарды куәландыру;
2. Мүлікті пайдалану тәртібі туралы шарттарды куәландыру;
3. Мүлікті бөлу туралы шарттарды куәландыру;
4. Некелік келісімшарттарды куәландыру;
5. Өсиеттерді куәландыру;
6. Сенімхаттарды куәландыру;
7. Шаруашылық серіктестіктердің құрылтай құжаттарын куәландыру;

1. Жекеменшіктегі жылжымайтын мүлікті ақысыз пайдалануға не жалға беру туралы шарттарды куәландыру кезінде нотариус жылжымайтын мүлікке құқық беретін құжаттарды талап етеді. Нотариус істе көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қалдырады.

Мүлікті уақытша пайдалану немесе жалға беру туралы шарттың жағдайлары тараптардың келісімімен, сондай-ақ ҚР-да қолданылып жүрген заңдар талаптарымен айқындалады. Жекеменшіктегі тұрғын үйлерді жалға беру немесе уақытша ақысыз пайдалануға беру тұрғын үйдің барлық меншік иелерінің келісімімен жүргізіледі. Келісім шарттары ҚР Тұрғын үй қатынастары туралы заңында белгіленген ережелер бойынша айқындалады.

Нотариус мемлекеттік жер пайдаланушыға тиісті жер учаскесін өкілетті орган арқылы мемлекеттің келісімімен ғана ұзақ мерзімді жалға беру шартын куәландыруға құқылы. Қызметтік тұрғын үйге қызмет көрсету үшін учаске ретінде бөлінген қызметтік жер тізіліміне құқықтан басқа мемлекеттік жер пайдаланушыларға тиесілі жер учаскелерін уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын куәландыруға жол берілмейді.

Нотариус тараптарға жылжымайтын мүлікті бір жылдан аса мерзімге уақытша ақысыз пайдалануға немесе жалға беру құқығының белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуге жататындығын түсіндіреді.

2. Нотариус азаматтардың және заңды тұлғалардың, оның ішінде шетел азаматтарының ортақ меншігіндегі мүлікті пайдалану тәртібі туралы шарттарды куәландырады. Тараптардың келісімімен белгіленген ортақ мүлікті пайдалану тәртібі туралы шарттарды куәландыруы мүмкін. Егер дау туындаған жағдайда нотариус сотқа

жүгіну тәртібін түсіндіреді. Әрбір қатысушыға қатысты пайдалану тәртібі туралы шартта ол пайдалануға құқылы жылжымайтын мүліктің нақты бөлігі, олардың реттік нөмірі мен мөлшерін көрсетумен техникалық құжаттың атауы көрсетіледі.

Нотариус жылжымайтын мүліктің заңдастырылмаған бөліктерін пайдалану тәртібін белгілеуші шартты куәландыруға құқылы емес.

Мүлікті пайдалану тәртібі туралы шартты куәландыру кезінде таппар жер учаскесін пайдалану тәртібін айқындап та, айқындамай да жер учаскесіндегі тұрғын үйді пайдалану тәртібін белгілеуге құқылы.

Жылжымайтын мүлікті пайдаланудың тәртібі туралы шарт дербес құқық белгілеуші құжат болып табылмайды, ол құқық белгілеуші құжатқа қосымша ретінде жүреді және заңмен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуге жатады. Егер ортақ бірлестік немесе бірлескен меншікке қатысушылар ортақ меншік тәртібін тоқтатқысы келсе, нотариус оларға мүлікті пайдалану тәртібі мен мүлікті бөлу шартын бекітудің құқықтық салдарының айырмашылығын, сондай-ақ соңғысының жасалу шарттары мен тәртібін түсіндіреді.

**3.** Нотариус ортақ бірлескен немесе үлестік меншіктегі мүлікті бөлу туралы шарттарды куәландырады.

Тұрғын үйді немесе пәтерді сол тұрған қалпында бөлу үй-жайдың тұрғын жайы да, қосымша жайлары да бөлгеннен кейін бірнеше тұлғаның меншігінде немесе пайдалануында қалмайтын жағдайда мүмкін болады. Сондықтан егер бөлінген бөлікте жеке есік шығарудың және қажетті қосымша жаймен қайта жабдықтаудың техникалық мүмкіндігі болмаса, тұрғын үйді немесе пәтерді бөлуді куәландыруға нотариустың құқығы жоқ. Бұл жағдайда нотариус мүдделі адамдарға олармен мүлікті пайдалану тәртібі туралы шарт жасалуы мүмкін екендігін түсіндіреді.

Жылжымайтын мүлікті бөлу кезінде ортақ пайдаланылатын үйдің төбесі, іргетасы, үй астындағы жер учаскесі бөлінбейтіндіктен ортақ үлес меншігінде қалады. Үй жанындағы жер учаскесі, жер учаскесін бөлу жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжатта көрсетілсе, немесе бөлу кезінде жекеменшікке ауысқан жылжымайтын мүлік бөлігінің мөлшеріне пара-пар үлес көрсетіле отырып ортақ меншік үлесінде қалдырылған жағдайда бөлінуі мүмкін. Ортақ меншікке қатысушылар арасындағы келісім бойынша тұрғын емес үй-жайды бөлу шартын бекіту кезінде ортақ пайдаланудағы басқа да орындар қалдырылуы мүмкін. Мүлікті бөлгеннен кейін

ортақ үлестік меншікте қалатын мүлік бөлігі дербес объект ретінде бөлініп, оған дербес кадастрлық нөмір беріледі, басқа бөліктері бұрынғы қосалқы меншік иелерінің жекеменшігіне көшеді.

Тұрғын үй-жайды алу туралы шарттың мәтінде әрбір бұрынғы меншік иесіне ауысқан жиынтық пайдалы алаңның, тұрғын үйдің жалпы пайдалы алаңына қатынасы арифметика тілімен көрсетілуі керек, сондай-ақ жалпы үлестік меншікте қалатын объектілер көрсетілуі керек.

Тұрғын емес үй-жайды бөлу, бөлу туралы шарттың мәтінде әрбір бұрынғы меншік иесінің меншігіне ауысқан үй-жайлардың, барлық үй-жайдың жалпы жиынтық ортақ ауданына қатысы арифметика тілімен көрсетілуі керек. Егер ортақ үлеске дәліздер, баспалдақ аралығы, т.б. жатса, нотариус арифметика тілімен олардың жалпы ауданының барлық үй-жайдың жалпы жиынтық ауданына, сондай-ақ бұрынғы қосалқы меншік иелерінің бөлуден кейін олардың жекеменшігіне жатқызылған жылжымайтын мүліктің мөлшеріне пара-пар есептелген жалпы пайдалану орындарына жалпы үлестік меншігіндегі үлестерінің мөлшерін көрсетуі керек.

Нотариус сонымен бірге ол бойынша жалпы үлестік немесе бірлескен меншікке қатысушылардың барлығының келісімі бойынша қатысушылардың біреуі немесе бірнешеуі жалпы мүліктің нақтылы бөлігін, оның ішінде тұрғын үйдің жеке бөлігін меншікке ала алады, ал басқа бөлігі қалған қатысушылардың жалпы меншігінде қалады. Нотариус жұбайлардың мүлкін бөлу кезінде ортақ бірлескен меншік режимін және неке бұзудың мүліктік салдарын анықтайтын некелік келісімшарттың бар-жоғын анықтайды. Мұндай келісімшарт болған жағдайда мүлікті бөлу неке келісімшартында белгіленген тәртіп пен шартқа сәйкес жүргізіледі.

Жылжымайтын мүлікті бөлу туралы шартты, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікті бөлу шартын куәландыру кезінде нотариус:

- белгіленген тәртіпте тіркелген құқық белгілеуші құжатты;
- Құқықтық кадастрдың тіркеу парағынан көшірмені;
- Бөлу сәтіндегі жылжымайтын мүліктің техникалық сипаттама-сы туралы анықтамаларды талап етеді. Егер бұл тараптар келісімінде көзделсе, мүлікті бағалау актісі талап етіледі.

Мүлікті бөлу туралы шарт заңмен белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік тіркелуге жатады. Үлесті бөлу кезінде құқық белгілеуші

құжат үлестің бөлінуі туралы белгі соғылып, құқықты иеленушіге қайтарылады.

4. Некелік келісімшарт міндетті нотариаттық куәландыруға жатады. Нотариус некелік келісімшарт туралы мәмілелерді куәландырудың жалпы ережелеріне сәйкес куәландырады. Некелік келісімшартта тараптардың мүліктік құқығы мен міндеттері, сондай-ақ ҚР-ның заңдарына қайшы келмейтін басқа шарттар да реттелінеді.

Некелік келісімшарттар неке тіркелгенге дейін және сонымен қатар тіркелгеннен кейін де куәландырыла береді. Неке келісімшарты жасалған соң жұбайлардың мүліктік келісім тәртібі ерлі-зайыптылардың неке кезіндегі жинаған мүліктерін иелену, пайдалану мен билеуде тең құқыққа ие болатындығы жөніндегі бірлескен меншіктің бекітілген заң тәртібінің орнына қолданылады.

Некелік келісімшарт, сонымен қатар жұбайлардың біреуінің некеге дейінгі немесе неке кезіндегі сыйға тартылған немесе мұралық тәртіппен иеленген мүліктерін иелену, пайдалану мен басқару тәртібін өзгертуі мүмкін. Некелік келісімшарт жасау кезінде тараптар өз қалаулары бойынша:

1. Ортақ меншік тәртібін, не неке кезінде жинаған барлық мүліктеріне бөлек меншік тәртібін, жұбайлардың біреуінің болашақта иеленетін мүліктерінің бөлігіне немесе жекелеген түрлеріне меншік тәртібін таңдауға;

2. Бір-бірін асырау жөніндегі өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауға;

3. Жұбайлардың табыстарына қатысу тәртібін белгілеуге;

4. Отбасының шығындарды бөлу тәртібін анықтауға;

5. Неке бұзылған жағдайда жұбайлардың әрқайсысына берілетін мүлікті анықтауға;

6. Некелік келісімшартқа жұбайлардың мүліктік қатынастарына байланысты кез келген өзге де жағдайларды енгізуге құқылы.

Сонымен қатар некелік келісімшартта көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі мерзімдермен шектелуі не ерекше жағдайлардың туындауына немесе туындамауына байланысты болуы мүмкін. Некелік келісімшарт жұбайлардың келісімі бойынша кез келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін, бұл жағдайда некелік келісімшарттың өзгертілуі немесе бұзылуы туралы келісім міндетті түрде нотариаттық куәландыруға жатады. Некелік келісімшартты орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді. Нотариус жұбайларға мүлік жөнінде мәмілелер жасағанда нотариустың, со-

нымен қатар басқа да мүдделі адамдардың осы келісімшарттың жағдайларымен танысуы тиіс екенін түсіндіреді.

5. Нотариус ҚР заң талаптарына сәйкес іс-әрекетке қабілетті азаматтар жасаған және олардың өздері нотариусқа табыс еткен өсиеттерді куәландырады, мұндай жағдайда өсиет қалдырушының азаматтығына мән берілмейді. Бірнеше тұлғалар атынан не өкілдер арқылы өсиеттерді куәландыруға жол берілмейді. Өсиет жазбаша түрде дайындалып, оны жасау орны мен уақыты көрсетіліп, өсиет қалдырушының қолы қойылуы керек.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістігіне немесе өзге себептерге байланысты өсиетке өз қолымен қол қоя алмаса басқа азамат қол қояды, бұл туралы куәландыру жазбасында тиісті белгі соғылады. Өсиет бір немесе бірнеше жеке тұлғалардың пайдасына, сондай-ақ заңды тұлғалардың және мемлекеттің пайдасына да жасалады. Егер өсиет бірнеше адамдардың пайдасына жасалса, өсиет қалдырушы әрбір мұрагердің үлес мөлшерін, немесе олардың әрқайсысына тиісті мүлікті немесе барлық мұрагерлердің мұрадағы үлестерінің тең екенін көрсетуі керек.

Мұрагер, егер мұны өсиет қалдырушының өзі қаламаса, басқа жағдайларда өсиет жасау кезінде қатысуға құқылы емес, бұл жөнінде өсиет қалдырушының, нотариустың және оның мөрінің бедерлемесімен, қойған қолдарының расталуымен өсиеттің екі данасына да белгі соғылады. Өсиетті куәландыру кезінде нотариус өсиет қалдырушыға заң бойынша жасы кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз мұрагерлердің өсиеттің мазмұнына қарамастан міндетті үлесін алуға құқылы екендігін түсіндіреді, бірақ бұл ереже ақшалай салымға өсиет жасау кезінде қолданылмайды. Нотариус өсиет қалдырушының өтініші бойынша өсиеттен бас тартуды, міндеттемелер жүктеуді, мұрагерді тағайындауды, өсиетті орындаушыны тағайындауды қамтитын шарттарды өсиетке енгізу мүмкіндігін түсіндіреді. Өсиеттің мәтінінде өсиетті орындаушыны тағайындау туралы шарт енгізілуі мүмкін. Өсиетті орындау мұра қалдырушы арқылы өсиеттер тағайындалған мұрагерлермен қатар басқа адамға да жүктелуі мүмкін. Өсиет орындаушы болып әрекет қабілеті жоқ адам, сол сияқты өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қойған адам тағайындалмайды.

Нотариаттық органда өсиетті есепке алудың кітабы жүргізіледі. Оған осы органда куәландырылған өсиеттер, сондай-ақ нотариаттық куәландыруға тенестірілген өсиеттерді куәландыруға өкілетті лауа-

зымды адамдардан алынған өсиеттер туралы мағлұматтар енгізіледі. Өсиет алдыңғы толық немесе жартылай өзгертетін жаңа өсиетті жасау жолымен және өсиетті бұзу туралы өтініш беру жолымен өзгертілуі мүмкін.

Өкіл арқылы өсиетті бұзу туралы хабарлама алуға, бұған дейін жасалған өсиетті бұзатын немесе өзгертетін жаңа өсиет алумен теңестіруге жол берілмейді. Өсиетті бұзу туралы арыздағы қолдың түпнұсқалылығы нотариаттық жолмен куәландырылуы керек. Өсиетті бұзу немесе өзгерту туралы хабарламаның нотариаттық куәландырылуы тиіс болады. Нотариус өсиет бұзылған жағдайда бұл туралы нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған түзілімде және алфавиттік кітапқа, істерде сақталатын өсиеттің данасына, ал мүмкіндігіне қарай мұра қалдырушының қолындағы данаға белгі соғады. Осы дана өсиет қалдырушыдан алынып, істерде сақталатын данаға тігіледі. Егер өзгертілетін өсиет басқа нотариат кеңсесінде сақталса, нотариус осы органға өсиетті бұзу туралы куәландырылған өтінішті қосып хабарлама жібереді.

**6.** Нотариустар бір немесе бірнеше адамның атынан бір немесе бірнеше адамның атына сенімхаттарды куәландырады. Сенімхат мәтінінде оның жасалған жері, күні, өкілдің және өкілеттенушінің аты-жөні, тұратын жері, қажет жағдайда қызметі көрсетілуі керек. Сенімхаттың қолданылу мерзімі жазбаша көрсетіледі және үш жылдан аспауы керек. Егер сенімхатта мерзім көрсетілмесе, ол жасалған күннен бастап бір жылға дейін күшін сақтайды. Жасалған күні көрсетілмеген сенімхат жарамсыз болып есептеледі.

Нотариаттық куәландыру талап етілетін мүлікті басқаруға, мәмілені жасауға арналған сенімхат, сондай-ақ қайта сенім білдіру тәртібімен берілетін сенімхат нотариаттық куәландыруға жатады.

Қайта сенім білдіру тәртібімен берілетін сенімхат қайта сенім білдіру құқығы көрсетілген тек негізгі сенімхат бойынша өкілдің сенімхатты берген адамның мүддесін қорғау жағдайына байланысты дәлелдемелерді ұсынғаннан кейін барып куәландырылады. Сенімхатты куәландыру кезінде сенім білдірілген адамнан оның тексерілетін мүлікке құқығын растайтын дәлелдемелер талап етілмейді. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхатта берілген құқықтардан артық құқық болуға тиіс емес. Мұндай сенімхаттың мерзімі өзін беруге негіз болған сенімхаттың қолданылу мерзімінен артпауы тиіс. Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхатта негізгі сенімхатты куәландырудың уақыты мен орны,

негізгі сенімхат берілген адамның тегі, аты, тұратын жері, сондай-ақ өкілеттіктер берілетін адамдар, қажет жағдайда олардың қызметі көрсетілуі керек. Негізгі сенімхатта қайта сенім білдіру туралы белгі соғылады. Негізгі сенімхаттың көшірмесі нотариуста қалатын сенімхаттың данасына қосылады.

Сенімхат беруші тұлға кез келген уақытта сенімхатты немесе қайта сенім білдіру туралы сенімхатты бұзуға құқылы, ал сенімхат берілген тұлға кез келген уақытта одан бас тартуға құқылы. Бұл құқықтардан бас тарту жөніндегі келісім жарамсыз болып табылады.

Сенім білдірушінің сенімхатты бұзу туралы өтініші нотариаттық куәландырылуы керек. Бұл жағдайда нотариус сенімхатты бұзшы адамға сенім білдірушіге және барлық белгілі үшінші адамдарға сенімхат берілген өкілдікке, сонымен қатар сенімхатты куәландырған нотариусқа сенімхаттың бұзылғандығы жөнінде хабарлау міндеттілігін түсіндіреді. Сенім білдірушіге және мүдделі үшінші адамдарға сенімхаттың бұзылуы туралы хабарлау міндеті сенім білдірушіге жүктеледі.

7. Нотариус шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттары Құрылтай шарты мен Жарғыны куәландырады. Шаруашылық серіктестіктерінің Құрылтай шартына оның барлық қатысушылары қол қояды. Шаруашылық серіктестігінің Жарғысына, Құрылтай шартына сәйкес осы серіктестіктің басқарушысы болып тағайындалған құрылтайшы немесе шаруашылық серіктестігіне қатысушылар тағайындаған оның бірінші басшысы қол қояды.

Нотариус құқықтық нысандардағы өзге коммерциялық емес ұйымдардың (өндірістік және тұтыну кооперативтерінің, қоғамдық және діни бірлестіктердің, қоғамдық қорлардың, қауымдастықтардың, т.б.) құрылтай құжаттарын куәландырудан бас тартуға құқығы жоқ.

### **7.3. Теңіз наразылықтарын жасау.**

Кеме иесінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін дәлелдерді қамтамасыз ету мақсатында нотариус кеме иесіне мүлктік талап қоюға негіз бола алатын, кемеінің жүзу немесе тұру, апатқа ұшырау, жүктердің бүлінуі, т.с.с. уақытында орын алған оқиға туралы кеме капитанының арызын қабылдайды.

Өз арыздарында кемелердің капитандары жүзу кезінде болған

оқиғалар (апат, жүктің бүлінуі және т.с.с.) туралы хабарлайды. Теңіз наразылығы туралы арызда оқиға жағдайларының және капитанға сеніп берілген мүлікті сақтау үшін ол қабылдаған шаралардың сипаттамасы болуға тиіс. Егер теңіз наразылығын мәлімдеу қажеттігін тудырған оқиға айлақта болған болса, наразылық оқиға сәтінен бастап жиырма төрт сағат ішінде мәлімденуге тиіс.

Наразылықты белгіленген мерзім ішінде мәлімдеу мүмкін болмаған ретте, теңіз наразылығы туралы арызда мерзімді өткізіп алу себебі көрсетілуге тиіс. Теңіз наразылығы туралы арызда баяндалған жағдайларды растау үшін кеме капитаны сауда теңіз қатынасын реттейтін заңдарға сәйкес арыз берумен қатар, бірақ кеме айлаққа кірген сәттен бастап жеті күннен кешіктірмей (немесе егер оқиға айлақта болса, ол болған сәттен бастап) нотариусқа қарауға кеме журналын және капитан куәландырған кеме журналынан алынған көшірмені беруге міндетті.

Нотариус капитаны арызының, кеме журналы мағлұматтарының негізінде, сондай-ақ капитанның өзінен және мүмкіндігінше, кеме менің командалық құрамындағы кемінде екі куәдан және кеме командасындағы екі куәдан жауап алу негізінде теңіз наразылығы туралы акт жасайды және оны өзінің қолымен және мөрімен куәландырады. Теңіз наразылығы туралы актінің бір данасы капитанға немесе ол өкілеттік берген адамға беріледі. Басқа данасы капитан арызымен және кеме журналынан алынған көшірмемен нотариаттық орган істерінде қалады.

#### **7.4. Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыру**

Нотариус құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын, егер ол Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмеген және заңдық мәні болған жағдайда куәландырады. Нотариустың заңды мағынасы жоқ жеке хаттарды, монографияларды, мақалаларды, кітаптарды, газеттік шығарылымдарды және де нормативтік құқықтық актілердің және басқа да құжаттардың көшірмесінің дұрыстығын куәландыруға құқығы жоқ.

Өсиеттің көшірмесінің дұрыстығы өсиет қалдырушының қайтыс болғаны туралы куәлік көрсетілген кезде ғана куәландырылады. Нотариус құжаттың көшірмесінің дұрыстығын күші



тоқтатылған құқық қатынастары баяндалған деген негізбен (мысалы, мерзімі өтіп кеткен сенімхат көшірмесін) куәландырудан бас тартуға құқылы емес. Нотариус тазартылған, қосымша жазу жазылған, сызып тасталған сөздері, сондай-ақ ескертілмеген өзге де түзетулері бар құжаттың, немесе егер құжат қарындашпен жазылса, мәтіні түсініксіз болса, тиісті түрде нөмірленбеген, бауланбаған және бекітілмеген бірнеше бетке жазылса, немесе мөрдің бедерлемесі анық емес, өшіріліп қалған құжаттың көшірмесінің дұрыстығын куәландыруға құқылы емес.

Нотариалды куәландырылған көшірмеде түпнұсқа құжаттың дәлме-дәл мәтіні болуға, лауазымды адамдардың колдарының бар екендігі көрсетілуге, сондай-ақ құжат бекітілген мөрдің нақты мәтіні болуға тиіс. Көшірмеде нотариустың куәландыру жазбасы, оның қолы және мөрдің бедерлемесі қойылады.

Бірнеше бетке жазылған құжат көшірмесі сақталып жасалуға тиіс. Нотариус шетел мемлекетінің ресми мекемелері берген құжаттың көшірмесінің дұрыстығын куәландыруды құжатта ресмилендіру туралы белгі болғанда ғана жүргізеді. Егер Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеті арасында тиісті келісім болған жағдайларда құжатты ресмилендіру немесе апостиль талап етілмейді.

Құжаттан алынған көшірменің дұрыстығы көшірме жасалатын құжатта өзара байланысты емес жеке-жеке мәселелердің шешімі болған жағдайда куәландырылады. Көшірмеде құжаттың белгілі бір мәселе бойынша бөлігінің толық мәтіні қайталануға тиіс. Бірнеше жеке-жеке, бірақ өзара байланысты бір тұлғаға қатысты (жеке де, заңды да) мәселелері бар құжаттан алынған жазулардың дұрыстығы куәландырылмайды.

Азамат берген құжат көшірмесінің дұрыстығы жеке тұлға қолының дұрыстығын заңда белгіленген тәртіппен нотариус немесе нотариаттық іс-әрекет жасауға заңмен өкілеттік алған лауазымды тұлға куәландырған жағдайда куәландырылады. Құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығы бұрын нотариаттық тәртіпте куәландырылған болса және оны түпнұсқа құжатты берген заңды тұлға ғана куәландырады. Соңғы жағдайда құжаттың көшірмесі аталған заңды тұлғаның бланкісінде жасалуға, оның мөрімен бекітілуге және оның түпнұсқа құжат құжатты берген заңды тұлғада жатыр деген белгісі болуға тиіс.

Құжаттың көшірмесінен алынған көшірмені куәландыру тәртібі құжаттың көшірмесін куәландыру ережелеріне ұқсас. Бұл ретте

көшірмеден алынған көшірменің дұрыстығы онда арнайы нысандағы куәландыру жазуын жазу жолымен куәландырылады. Тізілімде құжаттың мазмұны мен деректемелері, сондай-ақ көшірмені алғаш куәландырған орган туралы жазу жазылуға тиіс.

## **7.5. Құжаттардағы қолдардың түпнұсқалығын куәландыру**

Нотариус мазмұны заңақтілеріне қайшы келмейтін және құжаттағы қолдың түпнұсқалығын куәландырады. Нотариаттық әрекет жасау үшін нотариусқа арызды өзі берген адам қолының дұрыстығы арыз берумен қатар (жұбайының мүлікті иеліктен шығаруға келісім беруі және т.б.) арыз берушінің жеке басы анықталады, ал оның қолының дұрыстығы жеке басын куәландыратын құжат негізінде тексерілді деген нотариустың қол қоюымен (тізбеде тіркелмей) куәландырылады. Нотариус құжатта 14 пен 18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандардың қолының дұрыстығын ата-аналарының біреуінің (асырап алушының, қамқоршының) қатысуымен, ал әрекет қабілеттілігі шектеулі адамдардың – қамқоршылардың келісімімен куәландырады.

Өсиетті жою, сенімхатты жою туралы, мұрадан бас тарту, өсиетті орындаушының келісімі туралы, бірге иемденушіні тұрғын үйдің (пәтердің) бөлігін сатуды хабардар ету туралы арыздар міндетті нотариаттық куәландыруға жатады.

Азаматтың құжатқа қойған қолының дұрыстығын куәландыра отырып, нотариус құжатта жазылған фактілерді куәландырмайды, ол тек қолды белгілі бір адамның қойғанын растайды. Қолдардың дұрыстығын куәландыру кезінде нотариус осы Нұсқаулықтың 16, 17-тармақтары бойынша азаматтардың әрекетке қабілеттілігін анықтайды.

Егер құжатта куәландыру құқығы мемлекеттік органға берілген жағдайлар көрсетілген болса (мәселен, туу, неке қию, қайтыс болу уақыты және т.б.), азаматтың құжатқа қойған қолының дұрыстығы куәландырылмайды.

Банкке ұсынылатын, қолдардың үлгілері мен заңды тұлға мөрінің үлгісі бар карточкалардағы заңды тұлғалар лауазымды адамдары қолдарының дұрыстығын куәландыру кезінде нотариус заңды тұлғаның құқық қабілеттілігін, сондай-ақ қолдың дұрыстығын және лауазымды адамның қол қою өкілеттіктерін тексереді. Қол қою құқығына заңды тұлғаның құқық қабілеттілігін және лауазымды

адамның өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмесі нотариуста қалады.

## **7.6. Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру**

Егер нотариус тиісті тілдерді білген жағдайда, ол бір тілден екінші тілге жасалған аударманың дұрыстығын куәландырады. Егер нотариус құжат жазылған тілді немесе құжаттың оның ішінде нотариаттық куәландырылған мазмұнын аудару қажет болған тілді білмесе аударманы аудармашы жасауы мүмкін. Бұл ретте нотариус осы Нұсқаулықтың 14-тармағының талаптарына сәйкес аудармашының өкілеттігін тексереді және жеке басын анықтайды. Аудармашының өкілеттігі оның біліктілігін растайтын (білімі туралы диплом, аудармашы қызметіне қабылданғаны туралы бұйрық және т.б.) құжат бойынша тексеріледі.

Егер аударманың дұрыстығын куәландыру үшін шетел мемлекетінің ресми мекемелері берген құжат ұсынылса, мұндай нотариаттық әрекет құжатта оның ресмилендірілгендігі немесе апостили туралы белгі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Егер нотариаттық әрекет жасау кезінде (мәмілені куәландыру, көшірменің дұрыстығын куәландыру және т.б.) бір мезгілде басқа тілге аудару да жүзеге асырылса, онда аударма түпнұсқамен бір бетте жазылады, түпнұсқа оң жақта, аударма сол жақта тұратындай етіп тік сызықпен сызылған бір бетте аударма түпнұсқамен бірге, екі мәтін қатар орналастырылады. Аударма аударылатын құжаттың бүкіл мәтінінен жасалуға (соның ішінде куәландыру жазуы, құжатты ресмилендіру туралы жазба және т.б.) және қойылған қолдармен аяқталуға тиіс. Аударма астына аудармашының қолы қойылады. Куәландыру жазбасы құжат мәтінінің және оның аудармасының астына жазылады.

Газет басылымдарының, кітаптардың, мақалалардың, монографиялардың, Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді актілерінің аудармаларымен нотариаттық әрекеттер жасау авторлық құқықтар сақтала отырып және заңмен белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Құжатты шет тілден орыс тіліне аударудың дұрыстығын куәландыру кезінде аударма жеке парақта жасалады және түпнұсқа құжатпен бірге (тууы туралы, неке туралы куәліктерден, төлқұжаттардан, сондай-ақ әртүрлі куәліктерден,

кредиттік карточкалардан, автокөлік құралдарына жүргізушілік құқықтары мен техникалық төлқұжаттарынан басқа) тігіледі.

Түпнұсқадан бөлек мәтінде орналастырылған аударма түпнұсқа құжатқа бекітіледі, нөмірленеді, бауланады және нотариустың қолымен және оның мөрімен бекітіледі.

### **7.7. Азаматтың тірі табылу және азаматтың белгілі бір жерде табылу фактісін куәландыру**

Нотариус мүдделі (жеке де, заңды да) тұлғалардың жазбаша арызының негізінде азаматтың тірі табылу фактісін куәландырады. Жеке адамның тірі табылу фактісі адамның нотариаттық органға келуі жағдайында да, нотариустың бұл фактіні нотариаттық кеңседен тыс жерде куәландыруы жағдайында да белгіленеді. Жеке тұлғаның тірі табылу фактісін белгілеу үшін нотариустың оның жеке басын жеке басты куәландыратын құжат бойынша тексеруі жеткілікті. Кәмелетке толмаған адамның тірі табылу фактісін куәландыру оның заңды өкілдерінің (ата-анасының, асырап алушыларының, қамқоршыларының, қорғаншыларының), сондай-ақ кәмелетке толмағанды қорғауына алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі. Кәмелетке толмаған адамның жеке басы оның заңды өкілдерінің сөзі бойынша белгіленеді.

Нотариус кәмелетке толмағанның жеке басын анықтау бойынша қосымша шаралар (көршілерден, мұғалімдерден және т.б. сұрау) қолдануы мүмкін. Азаматтың тірі табылу фактісін растау түрінде мүдделі адамдарға куәлік беріледі. Бұл куәліктің бір данасы нотариаттық органның (нотариустың) істерінде сақталады.

Нотариус мүдделі (жеке немесе заңды) тұлғалардың жазбаша арызы бойынша жеке адамның белгілі бір жерде табылу фактісін куәландырады. Азаматтың белгілі бір жерде табылу фактісі оның нотариаттық органға келуі жағдайында да, бұл фактіні нотариус нотариаттық кеңседен тыс жерде куәландырған жағдайда да белгіленеді.

Кәмелетке толмаған адамның белгілі бір жерде табылу фактісін куәландыру оның заңды өкілдерінің (ата-анасының, асырап алушыларының, қамқоршыларының, қорғаншыларының), сондай-ақ кәмелетке толмағанды қамқорлығына алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі. Азаматтың белгілі жерде табылу фактісін белгілеу үшін нотариус оның жеке басын жеке

басты куәландыратын құжат бойынша анықтайды. Кәметке толмағанның жеке басы анықталады.

Аталған фактіні растау түрінде мүдделі адамдарға куәлік беріледі. Куәліктің бір данасы нотариаттық органның (нотариустың) істерінде қалады.

### **7.8. Құжаттардың көрсетілу уақытын куәландыру**

Нотариус құжаттардың көрсетілу уақытын жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша арызы негізінде куәландырады. Көрсетілу уақытын куәландыру жүзеге асырылатын құжаттар әртүрлі болуы мүмкін – өнертабысты сипаттау, басқа ғылыми және әдеби шығармалар, іссапар куәліктері және т.б. Құжаттарды көрсетілу уақытын куәландыру кезінде нотариус жеке тұлғаның жеке басын, не құжатты ұсынған заңды тұлға өкілінің өкілеттіктері мен жеке басын анықтайды.

Көрсетілген уақытын куәландыру қажет құжат нотариусқа кемінде үш данадан беріледі. Егер үш түпнұсқа дананы беру мүмкін болмаса, онда нотариус осы құжаттың көшірмесінің дұрыстығын куәландырады (нотариатты түрде немесе жай қол қою арқылы) және әрбір данада берілген уақыты туралы куәландыру жазуын жазады. Мұнда түпнұсқаны қоса отырып екі дананы, қажет болған жағдайда бір дананы тиісті адресатқа жолдау мүмкіндігі болу үшін мүдделі адамға береді, бір данасы нотариаттық органның (нотариустың) істерінде қалады. Егер нотариусқа бір мезгілде бірнеше құжат берілсе, куәландыру жазуы олардың әрқайсысына жазылады.

### **Өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары**

- 1) Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарты қалай рәсімделеді?
- 2) Жылжымайтын мүлікті айырбастау шартын куәландыруда нотариус қандай мән-жайларды ескеруі тиіс?
- 3) Сыйға тарту шартының нотариаттық куәландырудың мәні неде?
- 4) Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы мәміле қандай негізгі талаптарға сүйеніп орындалады?
- 5) Жылжымайтын мүлікті иеліктен алу шартын куәландыруда нотариус тарапынан қандай негізгі мән-жайлар ескерілуі тиіс?

6) Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтіндігін растаушы қандай құжаттарды білесіз?

7) Қандай жағдайларда бір жылдан асатын мерзімге пайдалану құқығында ауыртпалығы бар жылжымайтын мүлікті иеліктен алуға мүмкіндік бар?

8) Рента ауыртпалығы бар жылжымайтын мүлікті иеліктен алу туралы шарт нотариус тарапынан қандай жағдайларда куәландыруы мүмкін?

9) Бірлескен немесе үлестік меншіктегі мүлікті нотариаттық куәландыруда қандай мән-жайлар ескерілуі тиіс?

10) Жер заңнамасына сәйкес нотариус қандай мүліктік қатынастарды иеліктен алу шарттарын куәландыруға құқылы?

## 8-ТАРАУ

### АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ БАСТАРЫНА ЖӘНЕ ЖЕКЕ МҮЛІКІНЕ ТИІСТІ ІС ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАУ ТӘРТІПТЕРІ.

- 1.1 Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға беру
- 1.2 Ақшаларды депозитке қабылдау
- 1.3 Вексельдер наразылықтарын жасау
- 1.4 Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау
- 1.5 Дәлелдерді қамтамасыз ету
- 1.6 Жұбайлардың және ортақ бірліскен меншік құқығы негізінде мүлкі бар басқа адамдардың ортақ мүліктері үлеске меншік құқығы туралы куәлік
- 1.7 Мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және тыйымды жою

#### 8.1. Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға беру

Нотариус жеке және заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға береді. Арыздарды беруді нотариус қолхат алу арқылы дербес немесе кері хабар беру арқылы почтамен жүзеге асырады. Арыздар телефакс, компьютер жүйелерін және өзге техникалық құралдарды пайдалану арқылы берілуі мүмкін. Арыздарды беру үшін техникалық құралдарды пайдалануға байланысты шығындарды нотариаттық әрекетті жасауды өтінген адам төлейді.

Арызды беру фактісі арыздың мәтініндегі нотариустың қолымен де, арызды беру туралы куәлік беру арқылы да белгіленеді. Куәлікте арызға алынған жауаптың мазмұны немесе белгіленген мерзімде жауаптың түспегендігі туралы мағлұматтар көрсетілуі мүмкін.

Арыздар жолдау және арыздардың жолданғандығы туралы куәліктер беру нотариаттық әрекеттерді тіркеуге арналған тізбеде тіркеледі. Арыз бен куәлік 3 данадан ресімделеді, олардың бірі адресатқа жолданады, бірі тиісті арыз бен куәліктің адресатқа жолданғандығы туралы белгімен жолдаушыда қалады, ал бірі нотариустың істерінде қалады.

## 8.2. Ақшаларды депозитке қабылдау.

Зандарда көзделген жағдайларда нотариус ақшаларды несие берушіге беру үшін оларды борышқордан депозитке қабылдайды. Депозитке ақша қабылдау кезінде нотариус борышкердің жеке басын анықтайды және оған ҚР нотариустарының депозиттік операциялар есебінің тәртібі ақша жарнасы жөніндегі түбіртекті береді. Борышкердің өтініші бойынша ақша жарнасы жөніндегі жазудың берешекті белгілейтін құжатта жазылуы мүмкін.

Өз органының депозитіне міндеттеме затын (ақшалар) қабылдай отырып, нотариус жарна негіздерін, яғни несие беруші құқықтарының және борышқор міндеттерінің пайда болу негіздерін тексермейді.

Жарнаның түскендігі жөнінде нотариус несиелерге (депонентке) хабарлайды. Депоменттің арызы бойынша депозиттен ақша беруді жүргізеді.

Депоменттің жеке басын анықтау туралы жазуды оның жеке басын куәландыратын құжат деректемелерін көрсете отырып, нотариус арызда жазады, сондай-ақ депозиттік ақшаны алуға оның құқығын растайтын құжаттың (мұраға құқық туралы куәлік, сенімхат және т.б.) атауы көрсетіледі.

Ақша заңды тұлғаларға төлемдік тапсырмалармен олардың шоттарына аударылады. Егер борышқор несие берушінің мекенжайын (тұрған жерін) көрсетпесе, ал нотариусқа бұл мекенжай белгісіз болса, борышқорға несие берушіге ақша жарнасы туралы хабар беру оның міндетіне жататындығы хабарланады.

Егер ақшалар нотариаттық органға почтамен немесе несие мекемесінен келіп түссе, онда түскен ақшалардан тиісті мемлекеттік баж салығы ұсталып қалады (жекеше нотариустың нотариаттық әрекеттеріне ақы), ал қалғаны депозитке қабылданады. Ақшаларды депозитке қабылдау міндеттемені орындау жерінде, яғни несие беруші – жеке тұлға міндеттеме пайда болған сәтте тұрақты немесе көбінесе тұратын жерде жүргізіледі. Заңды тұлға үшін бұл жер мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте аталған оның органының орналасқан жері болып табылады.

Ақшаларды депозитке енгізген адамға қайтаруға тек несие берушінің жазбаша келісімімен немесе заңды күшіне енген сот шешімі негізінде жол беріледі. Ақшаны қайтару туралы нотариустың депозитіне ақша салған жеке және заңды тұлғалардың талаптары жазбаша білдірілуге тиіс.



Ақшаны есепке алу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Нотариустың депозиттік есебіндегі ақша нотариустың табысы болып табылмайды.

### **8.3. Вексельдер наразылықтарын жасау**

Төлемеу, акцептемеу және акцепті даталамауда вексель наразылығын нотариус Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүргізеді. Акцептемеу, төлемеу, сондай-ақ акцептің уақытын белгілемеу (қарапайым болсын, аудармалы болсын) туралы наразылықты нотариус оған вексель берілген сәттен бастап бір күн ішінде, оған акцептемеу, төлемеу немесе акцептің уақытын белгілемеу фактісін куәландыратын тиісті жазу жолымен жүргізеді. Егер аудармалы вексельде оның акцептелуі туралы ескерту болса, онда вексельдің акцептелуі жағдайында вексель бойынша төлемеу туралы наразылық атқарушы құжат әрі оны төлеушінің шотынан өндіріп алу үшін негіз болып табылады. Бұл ереже қарапайым вексельді ұстаушыға да қолданылады.

Вексельдерге төлемеу наразылығын төлеуші тұратын жердегі немесе төлеу орнындағы нотариус, ал акцептемеу және уақытын белгілемеу жөніндегі вексель наразылығын – төлеуші орналасқан жердегі нотариус жүргізеді.

Наразылыққа вексель қабылдау күнінде нотариус төлеушіге немесе вексель ұстаушыға вексель төлемі немесе акцепті туралы талаптар қояды. Егер төлеуші аудармалы вексельде акцепт туралы белгі жасаса, вексель вексель ұстаушыға наразылықсыз қайтарылады. Төлеуші вексельді төлеуден немесе акцептеуден бас тартқан немесе нотариаттық кеңсеге келмеген жағдайда, нотариус Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен белгіленген нысан бойынша төлемеу немесе акцептемеу жөніндегі наразылық туралы акт жасайды және тізілімде тиісті жазу, сондай-ақ вексельдің өзінің төленбегені немесе акцептелмегені туралы белгі қояды.

Егер төлеушінің орналасқан жері белгісіз болса, вексель наразылығы наразылық туралы актіде және тізілімде төлем немесе вексельді акцептемеу туралы талапты ұсынбай жасалады. Наразылық білдірілген вексель вексель ұстаушыға немесе ол өкілеттеген адамға беріледі.

## 8.4. Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау

Нотариус құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша арызы негізінде қабылдайды. Нотариустар сақтауға тапсырылатын құжаттар мен бағалы қағаздарды олардың мазмұнына, сондай-ақ белгілі адамға (адамдарға) тиесілігіне қарамастан қабылдайды. Мұндай нотариус құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтау нәтижесінде үшінші адамдарға келтірілген зиян үшін жауап бермейді.

Құжаттар немесе бағалы қағаздар тізімдеме бойынша тапсырылады, тізімдеме екі данадан жасалады және оған құжаттарды сақтауға тапсырған адам, сондай-ақ нотариус мөрін басып қол қояды. Егер тізімдеме бір беттен артық бетке жазылса, тізімдеме беттері нөмірленуге, баулануға және нотариус қолымен және мөрімен бекітілуге тиіс.

Тізімдеменің бір данасы нотариуста қалады, екіншісі құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адамға беріледі. Мүдделі адамның өтініші бойынша нотариус, егер құжаттар немесе бағалы қағаздар тиісті түрде буып-түйілсе (бума нотариустың қолымен және мөрімен, сондай-ақ құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адамның қолымен бекітіледі), оларды тізімдеме жасамай қабылдай алады. Бұл жағдайда нотариус тек буманың сақталуы үшін жауап береді.

Қабылданған құжаттар немесе бағалы қағаздар аталған нотариаттық әрекет жасаған нотариаттық органның (нотариустың) мөрімен хатталған темір шкафтарда немесе сейфтерде жеке пакеттерде сақталады. Құжаттардың немесе бағалы қағаздардың сақтауға қабылданғандығы жөнінде нотариус мүдделі адамдарға тиісті куәлік береді. Куәліктің бір данасы нотариустың істерінде сақталады.

Құжаттардың немесе бағалы қағаздардың сақталу мерзімі мүдделі адамның арызында көрсетілген мерзім негізінде айқындалады және құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау туралы нотариус беретін куәлікте көрсетіледі. Нотариус құжаттардың куәлікте аталған мерзім ішінде құжаттардың сақталуы үшін жауап береді. Құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтау үшін және куәлік беру үшін мүдделі адамдар мемлекеттік нотариустарға мемлекеттік баж салығы ставкалары бойынша, жекеше нотариустарға – Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мемлекеттік баж салығының мөлшеріне сәйкес ставкалар бойынша ақы төлейді.

Егер құжаттарды немесе бағалы қағаздарды нотариуста сақтау бұрын келісілген мерзімнен асып кетсе, ал нотариус сақтауды жалғастырса, құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға берген адам нотариусқа мемлекеттік баж салығын (жекеше нотариус қызметіне ақыны) қосымша төлейді.

Сақтауға қабылданған құжаттар немесе бағалы қағаздар оларды сақтауға берген адамға (не оның өкіліне) ол құжаттардың немесе бағалы қағаздардың сақтауға қабылдануы жөнінде куәлікті (қажетті болған ретте – тізімдемені де) көрсеткен жағдайда, не заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қайтарылады. Құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адамның (не оның өкілінің) жазбаша арызы негізінде құжаттар немесе бағалы қағаздар куәлікте келісілген мерзімнен бұрын да беріледі.

Құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адам қайтыс болған жағдайда құжаттар немесе бағалы қағаздар мұраға құқық туралы заңда белгіленген тәртіпте берілген куәлік негізінде мұрагерлерге беріледі.

## **8.5. Дәлелдерді қамтамасыз ету**

Мүдделі адамдарға қажетті дәлелдер беру кейін олар үшін мүмкін емес немесе қиын тиеді деп болжауға негізі бар мүдделі адамдардың өтініші бойынша нотариус сотта немесе өзге әкімшілік органда іс қозғалғанға дейін дәлелдерді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды. Мүдделі тұлғалар нотариуске өтініш ету сәтінде сот өндірісінде немесе басқа құзыретті органда болса, нотариус іс жөніндегі дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді.

Егер дәлелдер шетел мемлекеті органына берілуге тиіс болса, ереже қолданылмайды. Бұл жағдайларда, мүдделі адам жүгінген сәтте іс шетел мемлекеті органдарының іс жүргізуінде жатқанына қарамастан, дәлелдер қамтамасыз етіледі. Мүдделі адам нотариусқа дәлелдерді қамтамасыз ету талап етілетін жағдайларды баяндап, дәлел болатын объектіні немесе жағдайларды көрсетіп, арыз береді, сондай-ақ сотта немесе қандай да бір әкімшілік органда қозғалған іс жоқ деген мағлұмат беріледі. Арызды қабылдаған кезде нотариус мүдделі адамның арыздағы қолының дұрыстығын куәландырады. Нотариус мүдделі адамға егер дәлелдерді қамтамасыз ету сотта немесе өзге әкімшілік органда іс қозғалған соң жүргізілсе, мұндай қамтамасыз етудің заң талаптарына сәйкес күші болмайтындығын түсіндіреді.

Дәлелдерді қамтамасыз ету туралы мәселені нотариус әрбір кезде нақты жағдайларды ескере отырып шешеді. Дәлелдерді қамтамасыз ету қажеттілігі туралы мәселені шешу кезінде нотариус болашақта дәлел алу қиыншылығының немесе мүмкіншілігінің болмау қаупінің қаншалықты үлкен және шыннайы екендігін анықтайды. Егер нотариус дәлелді қамтамасыз ету туралы арыздың негізсіздігі туралы қорытындыға келсе, ол аталған нотариаттық әрекетті жасаудан бас тартады және бас тарту туралы қаулы шығарады.

Нотариус дәлелдерді қамтамасыз ету тәртібінде азаматтардан жауап алады, құжаттар мен заттарды қарауды жүргізеді, ал қажет болған ретте сараптама тағайындайды. Дәлелдерді қамтамасыз ету жөніндегі іс жүргізу әрекеттерін орындау кезінде нотариус Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларын басшылыққа алады. Нотариус барлық мүдделі адамдарға дәлелдерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарлайды, алайда олардың келмей қалуы дәлелдерді қамтамасыз ету жөніндегі әрекеттерді орындауға кедергі болып табылмайды. Мүдделі адамдарға хабарламай, дәлелдерді қамтамасыз етуді кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, немесе кейіннен іске кімнің қатысатынын алдын ала белгілеуге болмайтын кезде жол беріледі. Мұнда мүдделі адамдарға хабар бермеу себептері жауап алу немесе жазбаша және заттай дәлелдерді қарау хаттамасында көрсетілуі тиіс.

Дәлелдерді қамтамасыз ету тәртібінде куәдан жауап алу кезінде нотариус хаттама жасайды, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) жауап алу күні, уақыты және орны;
- 2) жауап алушы нотариустың тегі мен аты-жөні;
- 3) нотариаттың органның атауы;
- 4) жауап алуға қатысушы адамдардың тектері, есімдері және ежелерінің аттары, туған жылы мен тұратын жері;
- 5) куәнің тегі, аты, әкесінің аты, оның туған жылы, тұратын жері;
- 6) әдейі жалған мәліметтер беру үшін және мәліметтер беруден бас тарту үшін жауапкершілік туралы ескертілгендігін көрсету;
- 7) куә жауаптарының мазмұны (қойылған сұрақтар және оған берілген жауаптар).

Хаттаманың әрбір бетіне жауап берген адам қол қояды, ал соңғы бетке жауап алуға қатысушы адамдар мен нотариус қол қояды. Жазбаша және айғақты заттар оларды қарау жолымен қамтамасыз

етіледі. Қарау нотариуска алып келу мүмкін емес дәлелдердің тұрған жерінде жүргізіледі. Қарау сараптамаға ұласуы мүмкін, бұл үшін сарапшы шақырылады.

Жазбаша және айғақты заттарды қарау нәтижелері туралы хаттама жасалады, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) қарау жүргізілген күн, уақыт және орын;
- 2) қарауды жүргізген нотариустың тегі мен аты-жөні;
- 3) қарауға қатысқан мүдделі тұлғалардың (соның ішінде сарапшының) тегі, есімі, әкесінің аты, туған жылы және тұратын жері;
- 4) қарау кезінде анықталған мән-жайлар.

Қарауға қатысқан адамдар мен нотариус хаттамаға қол қояды. Бір беттен артық бетке жазылған хаттама нөмірленеді, бауланады және нотариустың қолымен және мөрмен бекітіледі.

Ғылым, техника, өнер саласындағы арнайы білімдерді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін нотариус сараптама тағайындауы және өткізуі мүмкін. Сараптама тағайындау жөнінде нотариус қаулы шығарады, онда мыналар көрсетіледі:

- 1) қаулының шығарылу күні, уақыты және орны;
- 2) өтініші бойынша сараптама тағайындалған адамның тегі, аты, әкесінің аты;
- 3) сараптама жүргізу тапсырылған сараптама мекемесінің атауы. Егер сараптама жүргізу нақты адамға тапсырылса, онда оның тегі, аты, әкесінің аты, тұратын жері, жұмыс орны мен лауазымы көрсетіледі;
- 4) қорытынды талап етілетін мәселелер тізбесі.

Қаулыға нотариус мөрін басып қолын қояды.

Сараптаманың жүргізілуі туралы акт жасалады, оған сарапшы және сараптамаға қатысатын адамдар қол қояды. Сарапшының қорытындысына сарапшы қол қояды. Дәлелдерді қамтамасыз ету жөніндегі іс жүргізу аяқталған соң мүдделі адамға дәлелдерді қамтамасыз ету тәртібінде жасалған әрбір құжаттың бір данасы беріледі, бір-бір данасы нотариаттық орган істерінде қалады.

Дәлелді қамтамасыз ету туралы арыз айтып жүгінген мүдделі адам сарапшыларға сыйақы және аталған нотариаттық әрекет жасауға байланысты жасалған басқа шығындарды төлейді.

## **8.6. Жұбайлардың және ортақ бірлескен меншік құқығы негізінде мүлкі бар басқа адамдардың ортақ мүліктері үлеске меншік құқығы туралы куәлік**

Мүлкі ортақ бірлескен меншікте тұрған адамдардың бірлескен жазбаша арызы бойынша нотариус ортақ мүліктегі үлесті алуды қалаған адамға немесе адамдарға осындай үлеске меншік құқығы туралы куәлік береді. Жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік берген кезде нотариус мыналарды талап етеді:

- 1) неке қатынастарын куәландыратын құжат (неке туралы куәлік);
- 2) ортақ бірлескен меншік режимінен ерекшеленетін, мүліктің өзге режимін белгілейтін неке келісімінің бұрын олардың арасында жасалғандығы туралы жұбайлардың арызы;

- 3) алынып тасталынды

- 4) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы;

- 5) автотөлемді құралдарына техникалық төлқұжат (тіркеу туралы куәлік және т.б.), кеме куәлігі және т.б.

- б) жұбайлар мүлкінің құрамы мен мөлшерін растайтын өзге де құжаттар (тұрғын үй-құрылыс, тұрғын үй және өндірістік кооперативтердегі жинақтар, ақша салымдары, шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталдарындағы үлестер).

Мүлікті бағалау актісі бұл жұбайлар арасындағы келісімде айқындалған жағдайда талап етіледі.

Көзі тірі жұбайына жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске құқық туралы куәлік берген кезде нотариус Нұсқаулықтың құжаттардан басқа қайтыс болу туралы куәлікті талап етеді.

Жұбайлардың бірі қайтыс болған жағдайда жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлікті мұра ашылған жердегі нотариус көзі тірі жұбайдың жазбаша өтініші бойынша мұраны қабылдаған мұрагерлер мұндай куәліктің берілуіне қарсы болмаған жағдайда ғана, мұрагерлік құқық туралы куәлік берілгенге дейін бір уақытта сонымен бірге бере алады. Егер көзі тірі жұбай мұраға құқық туралы куәлік берілген соң жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру жөнінде жүгінсе, нотариус оған сотқа бару тәртібін түсіндіреді.

Жұбайлардың бірі қайтыс болған жағдайда жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру туралы көзі тірі жұбайдың арызын алған жағдайда, нотариус қайтыс болған

жұбайдың мұраны қабылдаған мұрагерлеріне почта арқылы хабар жолдайды, онда көзі тірі жұбайдың үлесіне меншік құқығы туралы куәлік беруді өтінген жұбайлардың ортақ мүлкінің құрамы көрсетіледі, сондай-ақ осындай куәлік беру туралы наразылықтар болған ретте сотқа жүгіну тәртібі түсіндіріледі.

Мұрагерлердің қатарында әрекет қабілеті жоқ (әрекет қабілеті шектеулі) азаматтар болған жағдайда хабар қамқоршы және қорғаншы органға да жолданады.

Егер қайтыс болған жұбайдың мұрагерлері нотариусқа өздері келсе, оларға нотариус ауызша түрде хабарлайды, бұл жөнінде жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру жөніндегі көзі тірі жұбайлардың арызына мұрагердің қолы қойылып, белгі соғылады.

Егер хабарда көрсетілген, бірақ заңда белгіленген мерзімнен аспайтын мерзімде мүдделі адамдардың наразылықтары немесе жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беруді уақытша тоқтату туралы сот ұйғарымы келіп түспесе, нотариус көзі тірі жұбайға аталған куәлікті береді.

Егер неке шарты өзгеше белгіленбесе, жұбайлар ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік көзі тірі жұбайға неке уақытында алынған ортақ мүліктің жартысынан аспайтын бөлігіне беріледі.

Жекешелендірілген тұрғын үйдегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік берген кезде нотариус мыналарды талап етеді:

- 1) белгіленген тәртіппен тіркелген құқық белгілеуші құжат;
- 2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы;
- 3) алынып тасталды ;
- 4) егер жекешелендіру туралы шартқа кәметке толмаған балалар қосылса, қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімі.

Шаруа (фермерлік) қожалығындағы үлеске меншік құқығы туралы куәлік берген кезде нотариус мыналарды талап етеді:

- 1) шаруа (фермерлік) қожалығын бірлесіп жүргізетін адамдар шеңберін растайтын шаруашылық кітаптан алынған көшірме;
- 2) белгіленген тәртіппен тіркелген, жылжымайтын мүлікке (тұрғын үй, жер учаскесі және т.б.) құқық белгілеуші құжаттар;
- 3) белгіленген тәртіппен тіркелген ауылшаруашылық техникасына техникалық құжаттама және осы техниканы бағалау актісі.

Егер мүдделі адамдар шаруа (фермерлік) қожалығы мүлкінің

құрамында жұмыс малын, құсты, көп жылдық көшеттерді, тұқым қорын, астықты, егістіктерді, басқа мүлікті, сондай-ақ шаруа (фермерлік) қожалығының шаруашылық қызметі нәтижесінде алынған басқа да өнімді атаса, онда мұндай мүлікті нотариус тараптардың келісімі бойынша бағалайды, не олардың қалауы бойынша бағалаушы-маман тізімдеме жасай отырып жүргізеді.

Мүлікті иеліктен алуға тыйым салынған жағдайда, куәліктердің барлық түрлері тек несие берген банктің (заңды тұлғаның) не кепіл ұстаушының рұқсатымен беріледі. Сот немесе тергеу органы салған тыйым болған жағдайда, куәлік беру тыйым жойылғанға дейін уақытша тоқтатылады.

Жұбайлардың немесе ортақ бірлескен меншік құқығында мүлкі бар басқа адамдардың ортақ бірлескен меншігіндегі үлеске құқық туралы куәлік құқық белгілейтін дербес құжат болып табылады. Сондықтан осындай куәліктер беру кезінде мүлікке құқық белгілейтін құжаттар алынып тасталады және олар нотариуста қалады.

Құқық белгілеуші құжат (куәліктің берілгені туралы белгісі бар) нотариус жұбайлардың бірлескен меншігінде тұрған мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік бергенде және оларға қоса мүліктің меншік иелері құрамында үлестері аталған жағдайда айқындалмайтын басқа адамдар болғанда ғана қайтарылады. Бұл ретте нотариустың істерінде құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі қалады.

Нотариус қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы куәліктің белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс екендігін түсіндіреді. Тұрғын үйге (саяжайға), үйдің (саяжайдың) бөлігіне пәтерге меншік құқығы туралы куәлік олардың тұрғын жері бойынша беріледі.

## **8.7. Мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және тыйымды жою**

Мүлікті кепілге алып несие беру туралы банктің немесе заңды тұлғаның хабары бойынша, сондай-ақ кепіл туралы шартты ресімдеу кезінде аталған жылжымалы және жылжымайтын мүлік тұрған жердегі нотариус осы мүлікті иеліктен алуға тыйым салады. Мүлікті иеліктен алуға тыйым салу туралы нотариус жазбаша түрде жылжымалы және жылжымайтын мүлікті тіркеу органдарына хабарлайды. Тыйым салу банктің немесе заңды тұлғаның несие



беру хабарламасына бұл туралы белгіленген нысанда жазу түсіру жолымен жүргізіледі. Тыйым салу туралы нотариустың жазуы бар хабарламаның бір данасы тиісті тіркеу органына, бір данасы – тиісті банкке немесе заңды тұлғаға, хабарламаның бір данасы нотариаттық кеңсенің істерінде қалады.

Тіркеуге жататын мүлік кепілдігі туралы шарт бойынша тыйым салу кепіл туралы шартта бұл туралы жазу түсіру жолымен жүргізіледі. Кепіл туралы шарт бойынша тыйым салу туралы нотариус мүлікті тіркейтін органына хабарлайды.

Барлық жағдайларда тыйым салу жеке құжат жасау жолымен жүзеге асады, бұл құжат хабарламаға не кепіл туралы шартқа тігіледі. Иеліктен алуға тыйым салу нотариаттық әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімде, тыйым салу тізілімінде тіркеледі, сондай-ақ тыйым салуды есепке алудың алфавиттік кітабына енгізіледі. Мүлікке иелік етуге шектеу салу туралы мәлімет БНАЖ-не енгізіледі. Нотариус несиені берген ұйымнан несиенің өтелгені немесе кепіл туралы шарттың тоқтағаны туралы хабарлама алған жағдайда мүлікті иеліктен алуға салынған тыйымды алып тастайды.

Алынған несиенің өтелгендігі туралы банк хабарламасы немесе кепіл шартының тоқтатылғандығы туралы кепіл ұстаушының хабарламасы алынған соң нотариус иеліктен алуға салынған тыйымды жояды, бұл туралы жылжымалы және жылжымайтын мүлікті тіркеу органдарына жазбаша түрде хабарланады және нотариаттық әрекеттерді тіркеуге арналған тізбеде тыйымды алып тастау туралы белгі қойылады.

## 9-ТАРАУ

### НОТАРИУСТЫҢ НОТАРИАЛДЫҚ ІС-ӘРЕКТЕР ЖАСАУЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ ҚОЛДАНУ

**9.1 Адам құқықтарын реттейтін халықаралық актілер мен шарттар**

**9.2 Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы халықаралық шарттар**

#### **9.1 Адам құқықтарын реттейтін халықаралық актілер мен шарттар**

XXI ғасыр адамның құқықтары мен бостандығын бірінші орынға қойды. Әрбір демократиялық мемлекет адам құқықтарын құрметтеуге, оларды қамтамасыз етуге және бұзбауға міндеттенеді.

1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын қабылдады, онда адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу барлық мемлекеттер мен қоғамның аса маңызды міндеті екендігі жария етілді. Бұл Декларацияда өмір сүру құқығы, барлық адамдардың теңдігі, бостандық пен жеке басқа қолсұғылмаушылық құқығы, тұрғын үйді қорғау құқығы, азаматтық және саяси құқықтар алғаш рет айқындалды. Оның үлкен халықаралық маңызы да осында. Бұл Декларация 30 баптан тұрады. Олардың кейбіреулеріне жеке-жеке тоқталып өтейік.

1-бап. Барлық адам өзінің абыройы мен құқығы жөнінен бір-бірімен тең әрі азат болып туады. Оларға ақыл-ой мен ар-ождан берілген, ендеше бір-бірімен бауырмалдық рухында ғана қарым-қатынас жасауға тиісті.

3-бап. Әрбір адамның өмір сүруге, еркіндікке және қолсұғылмайтын дербестікке құқығы бар.

7-бап. Барлық адам заң алдында тең және ешқандай айырмасыз заңды түрде теңдей қорғалуға құқылы.

29-бап. Әрбір адам өзінің еркін әрі толық кемелденуіне мүмкіндік бере алатын қоғам алдында борышты.

Өкінішке орай, жалпыға бірдей Декларацияда халықтар мен

ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы, соғысты насихаттауға тыйым салу көрініс таппаған. Декларацияда жарияланған адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттердің сақтау міндеттеріне нұсқау берілмеген, кепілдіктер көрсетілмеген, жарияланған адам құқықтарын жүзеге асыру жолдары мен құралдары айтылмаған. Алайда әлемдік қауымдастық әрқашан әлемдегі соғыс пен зорлыққа тыйым салуға ұмтылады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясынан басқа адам құқықтары туралы халықаралық пактілер бар. Олар — экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті, 1966 жылғы 19 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.

Оларда мынадай ережелер мазмұндалған: халықтар мен ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы, еңбек ету құқығы, кәсіподақтық бірлестіктер құру құқығы, білім алу, ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы жалпылама тең және құпия дауыс беру туралы құқықтар және т.б.

Халықаралық шарт – (ағылш. international treaty; нем. internationaler Vertrag) Халықаралық құқықтар мен міндеттерді, оның қатысушылары үшін бекітетін олардың өзара және халықаралық қатынастарының түрлі мәселелері бойынша, мемлекеттер мен басқа халықаралық құқық субъектілері арасындағы келісім; халықаралық құқықтың негізгі көзі. Халықаралық шарттарды жасайтын органдарға қатысты түрде, оларды: мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомствоаралық шарттар деп бөледі.

## **9.2. Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы халықаралық шарттар**

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде нотариус басқа мемлекеттердің құқық нормаларына сәйкес нотариаттық әрекеттер жасайды. Басқа мемлекеттердің құқық нормалары олар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмеген жағдайда нотариаттық әрекеттер жасау кезінде қолданылады.

Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары үшін белгіленген тәртіпте және шарттарда нотариаттық әрекеттер жасауға жүгінуге құқылы.

Шетел азаматының азаматтық әрекет қабілетсіздігі ол азаматы

болып табылатын елдің заңы бойынша айқындалады. Азаматтығы жоқ адамның азаматтық әрекет қабілетсіздігі ол тұрақты тұратын елдің заңы бойынша айқындалады. Шетел заңды тұлғаларының азаматтық құқық қабілеттілігі аталған заңды тұлға белгіленген тәртіпте тіркелген елдің заңы бойынша айқындалады.

Қазақстан Республикасы аумағында жасалатын мәмілелерге қатысты шетел заңды тұлғаларының азаматтық құқық қабілеттілігі және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық әрекет қабілетсіздігі Қазақстан Республикасының заңдары бойынша айқындалады.

Егер шетел құқығы талаптарына сәйкес жасалған құжат көрсеткен тұлға, немесе шетелде қолдануға арналған құжатты нотариалды куәландыруды қажет ететін адам нотариаттық әрекет жасауға келсе, шетел мемлекетінің құқық нормаларын қолдану қажеттігі пайда болады. Шетел құқығы оның шетел мемлекетінде қалыптасқан түсіндірілу және қолданылу практикасына сәйкес қолданылады.

Шетел құқық нормасының мазмұнын айқындау кезінде нотариус Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне сұрау салуға немесе тиісті ұйымға (соның ішінде ұйымға) түсіндіруді сұрап келуге құқылы. Нотариус нотариаттық әрекет жасауға жүгінген мүдделі адамнан немесе оның өкілінен қажетті мағлұматтарды, сондай-ақ тиісті құқық қатынастарын реттейтін нормативтік актілердің мәтіндерін талап етуге құқылы.

Нотариус Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жасалған құжаттарды қабылдайды. Шетелде қолданылатын құжаттар нысаны, мазмұны және атауы бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын құжаттардан айтарлықтай ерекшелене алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына белгісіз бірқатар ерекшеліктері болады. Кейбір мәмілелердің шарттары мен нысандары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеуі немесе қайшы келуі, бірақ халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес келуі мүмкін. Атап айтқанда, шетелде куәландырылған немесе шетелде қолдануға арналған сенімхатта оның қолданылу мерзімі болмауы мүмкін, мұндай сенімхат жойылғанға дейін қолданылады, немесе сенімхат мәтіні өкілеттік беру нысанында баяндалуы мүмкін. Бұған қоса, сыйға беру шарты мүліктің меншік иесінің біржақты декларациясы түрінде жасалуы мүмкін.

Шетелде қолдануға арналған құжаттарды куәландыру кезінде

нотариус Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен нысанда куәландыру жазуын жазады. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайда, нотариус басқа мемлекет заңдары белгілеген нысанда куәландыру жазуын жасауға құқылы. Шетел азаматының қайтыс болуынан соң қалған, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған мүлікті немесе Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болуынан соң шетел азаматына тиесілі мүлікті қорғауға, сондай-ақ мүлікке қатысты мұраға деген құқық туралы куәлік беруге байланысты әрекеттер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. Егер мұралық мүлікті қорғауға шаралар қабылдау кезінде мұрагерлер Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұратын шетел азаматтары екендігі анықталса, нотариус Қазақстан Республикасының әділет органдары мен Сыртқы істер министрлігі арқылы оларға мұраның ашылу уақыты мен орны туралы хабар жолдайды. Хабар нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі дайындайды және бекітеді әрі оны нотариустардың назарына ұсынады.

Егер Қазақстан Республикасы мен азаматы мұра алып отырған басқа мемлекет арасында халықаралық шарт жасалса, нотариус осы шарт нормаларын басшылыққа ала отырып, мұралық мүлік құрамы мен құнын белгілейді, мұрагерлер шеңберін анықтайды, мұра қалдырушы өсиетінің барын не жоқтығын тексереді, қажет болған реттерде мұралық мүлікті қорғауға шаралар қабылдайды және мұраның ашылуы мен қабылданған шаралар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының аумағындағы тиісті мемлекеттің дипломатиялық немесе өзге де шетелдік өкіліне хабарлайды.

Заң (өсиет) бойынша мұраға құқық туралы куәлік, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес беріледі. Өсиет бойынша мұраға құқық куәлік берген кезде, нотариус өсиет (және оны жою) нысаны өсиет жасаған немесе оны жойған сәтте өсиет қалдырушы тұрақты тұрғын елдің құқығы бойынша айқындалатынын ескеруге тиіс.

Нотариус құжаттарды төмендегілер оларға апостиль қойған не ресмилендірген жағдайда, шетел мемлекетінің құзыретті органдарының лауазымды адамдарының қатысуымен шетелде жасалған немесе олардан жолданған құжаттарды қабылдайды.

Консулдық ресмилендіру тиісті құжаттардың олар шыққан мемлекеттің заңдарына сәйкестігін тексеруден тұрады және,

әдетте, оларды өзге мемлекетте пайдалану мақсатында осындай құжаттардағы лауазымды адам қолының және өкілетті мемлекеттік орган мөрінің дұрыстығын куәландыру болып табылады. Нотариус шетелде шетел мемлекетінің құзыретті органдарының лауазымды адамдарының қатысуымен жасалған немесе олардың атынан берілген құжаттарды, бұл Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда немесе осындай құжаттардың белгілі түрлерін ресмилендіруді өзара жоюды көздейтін Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген жағдайда, ресмилендіругіз қабылдайды.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск Конвенциясына, Қазақстан Республикасы мен Монғолия арасындағы Шартқа, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы Шартқа сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағында мына мемлекеттердің елтаңба мөрімен бекітілген және мекеме немесе оған арнайы өкілеттенген орган өз құзыреті шегінде дайындаған немесе куәландырған құжаттар ресмилендіругіз қабылданады: Қытай Халық Республикасы, Монғолия, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина.

Нотариус өзге мемлекеттер органдарына (сотта, аралық немесе төрелік сот, сондай-ақ өзге әкімшілік, қаржылық, валюталық, кеден және т.б. органдарда) іс жүргізу үшін қажетті дәлелдерді қамтамасыз етеді.

Дәлелді қамтамасыз етуді нотариус мүдделі тұлғаның өтініші бойынша, бұл адамның кейін дәлелді алуы мүмкін болмайды немесе қиын болады деп қауіптенуіне негіздің барына немесе жоқтығына қарамастан, бірақ ол аталған нотариаттық әрекетті жасау шетел мемлекеті органында іс жүргізу үшін қажет деген дәлел берген жағдайда, жүргізеді.

Нотариус дәлелді қамтамасыз ету жөніндегі әрекеттерді істің кез келген дәрежесінде, ол қозғалғанға дейін де, ол қаралып жатқан кезде де, сондай-ақ кассациялық немесе апелляциялық қарау сатысында да жүргізуге құқылы.

Нотариус басқа мемлекеттердің органдарында іс жүргізу үшін талап етілетін дәлелдемелерді қамтамасыз ету үшін жазбаша және

айғақты заттарды қарап, сараптама белгілейді. Аталған нотариаттық іс-әрекеттер, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен өзгеше белгіленбесе, белгіленген ретпен жүргізіледі.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта нотариус құзыретіне Қазақстан Республикасы заңдарында көзделмеген нотариаттық әрекет жасау жатқызылса, онда нотариус нотариаттық әрекетті Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген тәртіпте жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңында көзделмеген, бірақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта көзделген нотариаттық әрекеттерді нотариус тек Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға құқылы. Осы құжат ресми жариялау дереккөзі болып табылмайды.

### **«ҚР нотариаты» пәні бойынша тест сұрақтары**

#### **1. ҚР «Нотариат туралы» Заңының қабылдану мерзімі:**

- A. 14 шілде 1997 жылы
- B. 20 қараша 1998 жылы
- C. 5 маусым 2000 жылы
- D. 7 қазан 1999 жылы
- E. 27 қараша 2005 жылы

#### **2. Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға кімнің құқығы жоқ?**

- A. судьялар, прокурорлар
- B. аудандық маңызы бар қалалар әкімдер аппаратының лауазымды тұлғалары
- C. ҚР атынан консулдық қызметтерді жүзеге асыратын тұлғалар
- D. мемлекеттік нотариустар
- E. жекеше нотариустар

#### **3. Нотариаттық қызмет -**

- A. Нотариус пен басқа да құзырлы тұлғалармен нотариаттық әрекеттерді жасауы
- B. Нотариаттық іс-әрекет
- C. ҚР «Нотариат туралы» заңында көрсетілген қызмет
- D. тиісті тұлғалардың қызмет жасауы
- E. заңды тұлғалардың тиісті қызмет

**4. Нотариаттық қызметпен айналысуға ерік білдірген тұлғаларға қойылатын талаптар:**

- A. ҚР азаматтығы
- B. 2 жыл еңбек тәжірибесі
- C. құқық қорғау органдарындағы тәжірибе
- D. тиісті табыс көзінің болуы
- E. салық төлеуші ретінде тіркелуі

**8 Еңбек тәжірибесіне қойылатын жалпы талап:**

- A. 1 жыл
- B. 2 жыл
- C. 2 ай
- D. 6 ай
- E. тәжірибенің қажеті жоқ

**9 ҚР-ғы нотариат -**

A. құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ Заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзіндегі бекітілген жүйесі

B. заңда көзделген құқықтар мен фактілерді куәландыруға бағытталған арнайы субъектілердің нотариаттық қызметі

C. құқықтар мен фактілерді куәландыруға бағытталған мемлекеттік немесе жекеше орган

D. заңда көзделген құқықтар мен фактілерді куәландыруға бағытталған арнайы субъектілердің нотариаттық қызметі мен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзіндегі бекітілген жүйесі

E. Қазақстан Республикасындағы жеке немесе заңды тұлғалардың құқығымен мүдделерін қорғау үшін құрылатын орган

**10 Нотариаттық іс жүргізу ҚР Әділет министрлігі бекітетін Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ..... сәйкес жүзеге асырылады**

- A. Нұсқаулыққа
- B. Ережелерге
- C. Актіге
- D. Қаулыға
- E. Тәртіпке



**11 Нұсқаулық талаптарының сақталуына бақылау жасауды кім жүзеге асырады?**

- A. Аумақтық әділет органдары мен нотариаттық палата
- B. Аумақтық әділет органдары
- C. Әділет министрлігі
- D. Нотариаттық палата
- E. Өзге тұлғалар

**12 Заңды тұлғалар мен лауазымды адамдар қандай мерзім ішінде нотариаттық әрекеттерді жасауға қажетті мәліметтерді беруге тиісті**

- A. 10 күн ішінде
- B. 20 күн ішінде
- C. 2 ай
- D. 6 ай
- E. 30 күн ішінде

**13 Нотариус лицензиясы**

- A. басты және ҚР бүкіл аумағында қолданылады
- B. мерзімді және ҚР белгілі аумағында ғана қолданылады
- C. мерзімсіз және ҚР белгілі аумағында ғана қолданылады
- D. уақытша
- E. бір реттік

**14 Нотариус бола алмайды**

- A. өтелмеген немесе заңда белгілінген тәртіппен соттылығы алынбаған адам
- B. ҚР азаматтығы бар адам
- C. әрекет қабілеттілігі толық адам
- D. кәмелет жасына толық жеткен адам
- E. 1 жыл тәжірибеден өткен адам

**15 Нотариаттық қызметті жүзеге асыруға үміткер адамдардың аттестаттаудан өту ережесін ҚР-ның қандай органы бекітеді?**

- A. Үкіметі
- B. Парламенті
- C. Президенті
- D. аумақтық әділет органдары

Е. Нотариаттық палатасы

**16 Қанша уақытқа сынақтан өту мерзімі қысқартылады?**

- А. үш айдан кем болмауы керек
- В. екі жыл кем болмауы керек
- С. екі айдан кем болмауы керек
- Д. алты айдан кем болмауы керек
- Е. сынақтан өтудің қажеті жоқ.

**17 Нотариус лицензиясын беруден бас тартылған жағдайда өтініш иесіне қандай мерзім ішінде шешім беріледі?**

- А. 3 күн
- В. 15 күн
- С. 2 ай
- Д. 1 ай
- Е. 10 күн

**18 Нотариус лицензиясының күші алты айға дейінгі мерзімге тоқтатылады:**

- А. барлығы дұрыс
- В. нотариаттық қызметпен айналысу құқықғына лицензияны кері қайтарып алу жөніндегі талап-арыз ісін қозғағанда
- С. нотариус қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде тартылған жағдайда
- Д. нотариус өзіне белгіленген қызмет аумағын бұзғанда
- Е. нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді жасаған кезде ҚР заңдарын бұзғанда

**19 Мемлекеттік нотариустың қызмет ету аумағын белгілейді:**

- А. аумақтық әділет органы
- В. нотариаттық палата
- С. Әділет министрлігі
- Д. аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата бірлесе отырып
- Е. басқа органдар

**20 Жекеше нотариустың қызмет ету аумағын белгілейді:**

- А. нотариаттық палата
- В. аумақтық әділет органы

- C. Әділет министрлігі
- D. аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата бірлесе отырып
- E. басқа органдар

**21 Нотариаттық палата жарғысында көрсетілуі қажет:**

- A. барлығы дұрыс
- B. атауы, қызметтің мақсаттары мен негізгі түрлері
- C. құқықтары мен міндеттері
- D. мүше болу, мүшелікті тоқтата тұру және одан айыру шарттары мен тәртібі
- E. басша органдарды құру тәртібі, олардың атқаратын қызметтері мен өкілеттік мерзімі

**22 Нотариустың ар-ождан кодексін әзірлеп, бекітеді:**

- A. Республикалық нотариаттық палата
- B. аумақтық әділет органы
- C. Әділет министрлігі
- D. аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата бірлесе отырып
- E. басқа органдар

**23 Жеке нотариаттық архив аумақтық нотариаттық палатаның ..... болып табылады**

- A. филиалы
- B. өкілдігі
- C. негізгі субъектісі
- D. мүшесі
- E. құрылымдық бөлінісі

**24 Нотариаттық палата қандай мерзімде өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады?**

- A. жарты жылда және жылда
- B. әр ай сайын
- C. әр үш ай сайын
- D. әр аптаның соңында
- E. жылына бір рет

**25 ҚР-ң әрбір облысы, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы аумағында..... нотариаттық палата құрылады.**

- A. бір
- B. екі
- C. үш
- D. төрт
- E. басқа

**26 Нотариус заңсыз әрекеттер жасаған жағдайда қандай жауаптылық түрлеріне тартылады?**

- A. барлығы дұрыс
- B. қылмыстық
- C. әкімшілік
- D. материалдық
- E. тәртіптік

**27 Нотариаттық іс-әрекет жасау қанша күнге кейінге қалдырылуы мүмкін?**

- A. он күнге
- B. бір айға
- C. жиырма күнге
- D. бес күнге
- E. жеті күнге

**28 Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту ҚР «Нотариат туралы» Заңының қай бабында көрсетілген?**

- A. 48-бап
- B. 39-бап
- C. 76-бап
- D. 29-бап
- E. 30-бап

**29 ҚР Әділет министрлігі нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың Мемлекеттік .....жүргізеді.**

- A. тізілімін
- B. кестесін
- C. ережесін
- D. анықтамасын
- E. тәртібін

**27. ҚР қай органы нотариаттық жүзеге асыруға үміткер адамдардың өту ережесін бекітеді?**

- A. Үкіметі
- B. Президенті
- C. Жоғарғы Соты
- D. Парламенті
- E. Бас прокуратура

**28. Қандай органдардың талабы бойынша сот шешімімен нотариус лицензиясы кері қайтарылып алынады?**

- A. барлығы
- B. әділет аттестаттау комиссиясы
- C. прокуратура
- D. ҚР нотариаттық палатасы

**29. Мемлекеттік нотариат кеңсесі аумақтық әділет органының ..... болып табылады.**

- A. құрылымдық бөлімшесі
- B. заңды тұлға
- C. жеке тұлға
- D. арнайы субъектісі
- E. тиісті ұйымы

**30. Нотариус лицензиясының күшін тоқтату туралы ұсынысты кім енгізеді?**

- A. нотариаттық палата мен аумақтық әділет органы
- B. аумақтық әділет басқармасы
- C. нотариаттық палата
- D. Әділет министрлігі
- E. сот

**31. Нотариус құқықтарына жатады: 1 – нотариаттық іс-әрекеттер жасауға;**

2 – мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға;

3 – құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге; 4 – нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге; 5 – басқа да.

- A. 1,2,3,4,5
- B. 5
- C. 1

- D. 2,3,4
- E. 1,2,3,4

**32. ҚР-ң әкімшілік-аймақтық бөлініске сәйкес бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы ..... болып табылады.**

- A. нотариаттық округ
- B. нотариаттық аймақ
- C. нотариаттық кеңістік
- D. нотариаттық аумақ
- E. нотариаттық жай

**33. Нотариусқа қандай іс-әрекет жасауға рұқсат етілмейді?**

- A. кәсіпкерлік қызметпен айналысуға
- B. мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға
- C. құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге
- D. нотариаттық іс-әрекеттер жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге
- E. шығармашылық қызметпен айналысуға

**34. Сынақтан өтуші болуы мүмкін:**

- A. жоғары заңды білімі бар тұлға
- B. ҚР кез келген азаматтары
- C. заңды мамандық бойынша алты ай тәжірибесі бар тұлға
- D. кез келген мамандыққа ие тұлға
- E. еңбек тәжірибесі жоқ тұлға

**35. Нотариаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензиясы..... әрекет етеді.**

- A. ҚР барлық аумағында
- B. ҚР тиісті аумағында ғана
- C. ҚР белгілі бір облыс аумағында
- D. белгілі бір аудан аумағында
- E. белгілі бір қала аумағында

**36. Қандай мерзімге лицензиар лицензия әрекетін, тоқтата тұру себебін көрсете отырып, тоқтата тұруға құқылы?**

- A. алты айға дейін

- В. үш айға дейін
- С. бір айға дейін
- Д. жиырма күнге дейін
- Е. тоқтата тұру себебіне байланысты, көрсетілген кез келген мерзімге дейін

**37. Қандай мерзім ішінде лицензияны беру туралы арыз қаралады?**

- А. ол түскен күннен бастап 6 ай ішінде
- В. ол түскен күннен бастап 3 ай ішінде
- С. ол түскен күннен бастап 1 жыл ішінде
- Д. ол түскен күннен бастап бір ай ішінде
- Е. дұрысы жоқ

**38. Нотариаттық палата – бұл:**

- А. Заңды тұлға
- В. Жеке тұлға
- С. Адамдар жиыны
- Д. Мемлекеттік ұйым
- Е. Дұрыс жауабы жоқ

**39. Нотариаттық палата қалай құрылады ?**

- А. ҚР әрбір облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астанасы аумағында
- В. Әр облыс пен аудандарда
- С ҚР әрбір қаласында
- Д. Тек республикалық маңызы бар қалада
- Е. Астана аумағында

**40. Аумақтық нотариаттық палаталар қауымдастық нысанындағы қандай палатаға бірігуге құқылы?**

- А. Республикалық
- В. Облыстық
- С. Аудандық
- Д. Жергілікті
- Е. Қалалық

**41. Нотариаттық палата нотариаттық іс әрекетер жасау кезінде қандай бақылауды жүзеге асырады?**

- А. Нотариат туралы заңдардың сақталуын

- B. Конституциялық заңдардың сақталуын
- C. Шешімдердің орындалуын
- D. Заңның сақталуын
- E. Құқықтың сақталуын

**42. Нотариаттық палата қандай ұсыныс енгізеді?**

- A. Нотариус лицензиясын қайтарып алу және оның қолдануын тоқтата тұру
- B. Лицензияны қайтарып беру туралы
  - C. Қызметтерінен босату туралы
  - D. Заңды орындамау туралы
  - E. Дұрыс жауабы жоқ

**43. Нотариаттық палата нені ұйымдастырады?**

- A. Нотариустарды сынақтан өткізу мен оқытуды
- B. Мемлекеттік нотариустарды тағайындауды
- C. Нотариус лицензиясын алуды
- D. Нотариустық қызметті жүргізуді
- E. Нотариаттық іс әрекетті жүргізуді

**44. Нотариаттық палата өз мүшелерінің қызметіне байланысты қандай сараптама шығындарын өтейді?**

- A. Сот белгілеген
- B. Президент белгілеген
- C. Лауазымды адамдар белгілеген
- D. Үкімет белгілеген
- E. Парламент белгілеген

**45. Нотариусты кәсіптік міндеттері мен әдепті бұзғаны үшін қандай жауапқа тартылады?**

- A. Нотариустың ар-ождан кодексіне сәйкес
- B. Нотариаттың қызметі кодексіне сәйкес
- C. Нотариаттың іс әрекеті кодексіне сәйкес
- D. Барлығы дұрыс
- E. Дұрыс жауабы жоқ

**46. Нотариаттық палатаның қызметтік іс-әрекетіне не жатады?**

- A. Азаматтар мен заңда тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарайды



- B. Лауазымды адамдар қызметі
- C. нотариустың лицензиясын
- D. нотариаттық кеңсе
- E. Аумақтық әділет органдары

**47. Нотариаттық палата аумақтық әділет органына өз қызметі туралы қанша жыл сайын ақпарат беріп отырады?**

- A. Жыл сайын
- B. Екі жыл сайын
- C. Төрт жыл сайын
- D. Үш жыл сайын
- E. Әр айда

**48. Нотариаттық палата бұл...**

- A. Коммерциалық емес кәсіби өзін-өзі қаржыландыратын ұйым
- B. Коммерциялық ұйым
- C. Өзін-өзі қаржыландыратын ұйым
- D. Мемлекеттік емес ұйым
- E. Аудандық ұйым

**49. Аудандық әділет органдары нотариаттық палатамен бірлесе отырып...**

- A. Нотариаттық округте нотариаттың әрекет ету аймағын анықтайды
- B. Нотариустың іс әрекетіне қатысады
- C. Нотариаттық округте адамдарды тіркейді
- D. Нотариустың жеке тәжірбиесін арттырады
- E. Нотариустарды сайлайды

**50. Жеке нотариустардың біліктілігін тексеру үшін не істейді?**

- A. Аттестация өткізеді
- B. Есеп береді
- C. Сайланады
- D. Тағайындалады
- E. Дұрыс жауабы жоқ

**51. Қандай жағдайда заңдарға қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін?**

- A. Нотариаттық палатаның жарғысында

- В. Нотариустардың өз жұмыс орнында
- С. Нотариустық округте
- Д. Республикалық нотариатта
- Е. Нотариустарда

**52. Нотариаттық палата қандай жағдайда тіркелуге тиіс?**

- А. Заңда белгіленген тәртіппен
- В. Заңсыз белгіленген тәртіппен
- С. Жарлықта белгіленген тәртіппен
- Д. Барлығы дұрыс
- Е. Дұрыс жауабы жоқ

**53. Нотариаттық палатаның жарғысында мыналар көзделуге тиіс:**

- А. Палатаның құқықтарымен міндеттері қызметінің мақсаттары мен негізгі түрлері
- В. Адамдардың құқықтарымен міндеттері
- С. Лауазымды адамдар қызметі мақсаттары мен міндеттері
- Д. Заңды тұлғалардың бостандығы
- Е. Жеке адамдар қызметі

**54. Республикалық нотариаттық палата...**

- А. Нотариаттық палаталардың қызметін үлестіріп отырады. Нотариустарды оқытуды ұйымдастырады
- В. Қызметшілерді тағайындайды
- С. Заңды тұлғалармен ара қатынас жасайды
- Д. Жеке тұлғалармен ара қатынас жасайды
- Е. Мемлекетпен тікелей араласады

**55. Нотариаттық палата қандай қызметті жүзеге асырады?**

- А. Заңға және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті
- В. Барлық заңға қайшы емес қызметті
- С. Жарлықтарға қайшы келетін өзге де қызмет
- Д. Үкімдерге қайшы келетін қызмет
- Е. Дұрыс жауабы жоқ

**56. Республикалық нотариаттық палата ҚР қандай министрлігіне өз қызметі туралы жыл сайын ақпарат беріп отырады?**

- A. Әділет министрлігіне
- B. Білім министрлігіне
- C. Қ Денсаулық сақтау министрлігіне
- E. Сыртқы істер министрлігіне

**57. Нотариаттық палатаның жарғысында қандай пайдалану тәртібі қаралады?**

- A. Мүліктің қалыптасу түрлері және мүлік пен табысты
- B. Мүлікті өздеріне алады
- C. Мүлікті таратып жібереді
- D. Ондай болуы мүмкін емес
- E. Мүлікті тәркілейді

**58. Азаматтардың тірі екендігі фактісін куәландырады...**

- A. Нотариус
- B. Жергілікті әкімшілік
- C. Учаскалық полиция инспекторы
- D. Сот
- E. Туыстары

**59. Азаматтардың өтініші бойынша оның белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады...**

- A. Нотариус
- B. Азаматтардың ата-анасы
- C. Депутаттар
- D. Әкімшіліктер
- E. Аудандық маслихат төрағасы

**60. Кәмелетке толмаған азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру кімдердің өтініші бойынша жүргізіледі?**

- A. Заңды өкілдерінің
- B. Ата-анасының
- C. Тиісті тұлғалардың
- D. Ішкі істер органдарының
- E. Ешқайсысы дұрыс емес

**61. Нотариусөзіне көрсетілген құжаттың несін куәландырады?**

- A. Уақытын
- B. Санын

- C. Орнын
- D. Тізімін
- E. Мөрін

**62. Нотариус өзіне көрсетілген құжатты куәландырғанда міндетті түрде құжатқа оны көрсеткен адамның ..... көрсетіле отырып жазылады?**

- A. Тегі, аты, әкесінің атын
- B. Тұратын орнын
- C. Мекен жайын
- D. Тіркелген жерін
- E. Барлығы дұрыс

**63. Нотариус жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға беруді не арқылы жүзеге асырады?**

- A. Барлығы дұрыс
- B. Факс
- C. Телеграф
- D. Хат арқылы
- E. Қолхатпен немесе кері хабарламалы пошта

**64. Өтініштерді беру үшін техникалық құралдарды пайдалануға байланысты шығыстарды төлейді?**

- A. Іс-әрекет жасауды өтінген адам
- B. Нотариаттың өзі
- C. Нотариаттық палата
- D. Ешкім төлемейді
- E. Мемлекет өзі төлейді

**65. Өтініш беруші адамның сұрауы бойынша оған өтініштің бергені туралы ..**

- A. Куәлік беріледі
- B. Анықтама беріледі
- C. Мөр басылған құжаттың өзі беріледі
- D. Сертификат беріледі
- E. Нұсқа беріледі

**66. Нотариус заңда көрсетілген жағдайларда борышкерден несие берушіге беру үшін ақшаны неге қабылдайды?**

- A. Депозитке
- B. Банкке
- C. Жеке есеп шотқа
- D. Бюджетке
- E. Банктік несиеге

**67. Ақшаны депозитке қабылдауды нотариус қай жерде жүргізеді?**

- A. Міндеттемелер орындалатын жерде
- B. Нотариат мекемесінде
- C. Кез келген жерде
- D. Нотариаттық палатада
- E. Барлығы дұрыс

**68. Заң актілеріне қайшы келмейтін құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады...**

- A. Нотариус
- B. Лауазымды тұлға
- C. Президент
- D. Уәкілетті орган
- E. Премьер министр

**69. Нотариус қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыра отырып құжатта жазылған нелерді куәландырмайды?**

- A. Фактілерді
- B. Қорытындыларды
- C. Рұқсаттарды
- D. Құжаттарды
- E. Шешімдерді

**70. Борышкерден ақша сомасын өндіріп алу немесе мүлікті талап ету үшін нотариус берешекті белгілейтін құжатқа жазады...**

- A. Орындау жазбаларын
- B. Кейінге қалдыру жазбаларын
- C. Ақы төлеу жазбаларын
- D. Ешқайсысы дұрыс емес
- E. Тезірек төлеу жазбаларын

**71. Орындау жазбаларының негізінде берешекті даусыз тәртіппен өндіріп алатын құжаттардың тізбесін ҚР қай органы бекітеді?**

- A. Үкіметі
- B. Парламенті
- C. Соты
- D. Прокуратурасы
- E. Нотариаты

**72. Орындау жазбасы егер заңдарда өзге мерзімдер белгіленбесе ол жазылған күннен бастап неше жыл ішінде орындалуға ұсынылуы мүмкін?**

- A. 3
- B. 4
- C. 5
- D. 6
- E. 7

**73. Тізімдеу бойынша құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдайды...**

- A. Нотариус
- B. Банк
- C. Архив
- D. Сақтандыру компаниясы
- E. Кез келген лауазым иесі

**74. Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адамға не беріледі?**

- A. Күәлік
- B. Рұқсат қағаз
- C. Сертификат
- D. Қолжазба
- E. Қолхат

**75. Берілген мерзім ішінде наразылықты мәлімдеу мүмкін болмаған жағдайда оның себептері қай наразылық туралы мәлімдемеде көрсетілуі тиіс?**

- A. Теңіз
- B. Нотариус

- C. Көл
- D. Борышкер
- E. Дұрыс жаубы жоқ

**76. Ақшаны депозитке салған адамға оларды қайтарып беруге жол беріледі...**

- A. Сот шешімдерімен ғана
- B. Нотариус күәлігімен ғана
- C. Депозитші шешімімен
- D. Талап етсе болды
- E. Мерзімі аяқталғанда ғана

**77. Тізімнің бір данасы нотариуста қалдырылып екінші данасы кімге беріледі?**

- A. Құжаттарды сақтауға берген адамға
- B. Архивке
- C. Нотариаттық палатаға
- D. Нотариус көмекшісіне
- E. Үшінші тұлғаға

**78. Жасалған нотариаттың іс-әрекетін заңдылығын және мемлекеттік нотариаттың іс-жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды қай орган жүзеге асырады?**

- A. Әділет органы
- B. Парламент палаталары
- C. Президент
- D. Прокурор
- E. Сот

**79. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жасаған нотариаттың іс-әрекеттердің заңдылығын іс-жүргізу ережелерін сақтау бақылауын қандай органдар жүзеге асырады?**

- A. Әділет органымен нотариат палатасы
- B. Әділет органымен басқа орган
- C. Парламент
- D. ҚР адвокаттар алқасы
- E. сот органдары

**80. Әділет органымен нотариаттық палатаның лауазымды адамдарды нотариаттық қызмет тексеру кезінде мәлім болған нотариаттың іс-әрекеттер жасау құпиясын сақтауға.....**

- A. Міндетті
- B. Міндетті емес
- C. Болады
- D. Болмайды
- E. Ешқайсысы дұрыс емес

**81. Құпияны жария ететін және нотариусқа келтірген зияны үшін бұл адамдар ҚР-ның заңдарына сәйкес**

- A. Жауап береді
- B. Жауап бермейді
- C. Бәрі дұрыс
- D. Ешқайсысы дұрыс емес
- E. Тек кейде ғана

**82. Нотариаттық қызметі жүзеге асыруға кіріскен жекеше нотариустың жұмысты ұйымдастыруын тексеру өз нотариаттық іс-әрекеттер басталғаннан кейін қанша уақытта кешіктірмей жүргізеді?**

- A. 6 ай ерте немесе 1 жыл
- B. 2 ай мен 6 ай арасында
- C. 1 ай мен 8 ай арасында
- D. 1 жыл ішінде
- E. Бәрі дұрыс

**83. ҚР-ның Әділет министрлігі қанша қызмет атқарады?**

- A. 9
- B. 10
- C. 8
- D. 4
- E. 13

**84. Нотариустың нотариаттық қызметіне байланысты бақылауды кім жүзеге асырады?**

- A. Әділет министрлігі
- B. Премьер министрлігі
- C. Сот



- D. Президент
- E. Өзге органдар

**85. ҚР Әділет министрлігі**

- A. Нотариустың сынақтан өтушілері туралы ереже әзірлейді және бекітеді
- B. Адамдарды жұмысқа алады
  - C. Адамдарды жұмыстан босатады
  - D. Дұрыс жауап жоқ
  - E. Басқа өкіліттілікпен айналысады

**86. Жекеше нотариустарды есепке алып тіркейтін тәртіпті туралы ереже әзірлейтін және бекітетін органдар:**

- A. Әділет министрлігі
- B. Қорғаныс министрлігі
- C. Денсаулық сақтау министрлігі
- D. Білім және ғылым министрлігі
- E. Басқа министрлік

**87. Нотариустың салық туралы заңдарды сақтауын бақылауды қай орган жүзеге асырады?**

- A. Салық органдары
- B. Сот
- C. Прокуратура
- D. Парламент
- E. Атқарушы орган

**88. Нотариат туралы заңдар неден тұрады**

- A. Азаматтық кодекс, нотариаттық қызмет туралы заң және нотариаттық қызметті реттейтін өзге заңдар
- B. Азаматтық кодекс, қылмыстық кодекс
  - C. Азаматтық кодекс, әкімшілік кодекс
  - D. Қылмыстық кодекс, қылмыстық іс жүргізу кодексі
  - E. Азаматтық кодекс, азаматтық іс жүргізу кодексі

**89. Нотариустың және өзге де уәкілетті адамдардың заңмен көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы:**

- A. нотариаттық қызмет
- B. нотариаттық куәландыру

- С. нотариаттық бақылау
- Д. нотариаттық кепілдік
- Е. нотариаттық құпия

**90. Нотариаттық қызметпен айналысу үшін қажет:**

- А. лицензия
- В. патент
- С. бір жолғы төлем
- Д. патент және бір жолғы төлем
- Е. жауаптың ешқайсысы дұрыс емес

**91. Нотариустың көмекшілері мен сынақтан өтушілері:**

- А. болуы мүмкін
- В. болмайды
- С. тек көмекшісі болады
- Д. тек сынақтан өтушілері болады
- Е. заңмен тыйым салынады

**92. Нотариустың көмекшісі бола алады.**

- А. ҚР азаматы
- В. шетел азаматы
- С. азаматтығы жоқ адам
- Д. ҚР азаматы және шетел азаматы
- Е. шетел азаматы мен азаматтығы жоқтар

**93. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияны кім береді?**

- А. Әділет министрлігі
- В. Ішкі істер министрлігі
- С. Сыртқы істер министрлігі
- Д. Нотариаттық палата
- Е. аумақтық әділет органдары

**94. Нотариус лицензиясының мерзімі:**

- А. шектелмейді
- В. шектеулі
- С. 10 жыл
- Д. 2 жыл
- Е. 5 жыл

**95. Нотариус лицензиясын беруден бас тарту туралы шешім қандай мерзімде беріледі?**

- A. 3 күн
- B. 5 күн
- C. 1 ай
- D. 10 күн
- E. 15 күн

**96. Кәсіби қасиеттерінің деңгейін айқындау мақсатында жеке практикамен айналысатын нотариус ..... аттестациядан өтеді:**

- A. бес жылда бір рет
- B. жыл сайын
- C. он жылда бір рет
- D. жарты жылда бір рет
- E. әр үш ай сайын

**97. Жеке нотариус азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға байланысты шарт жасайды ма?**

- A. міндетті түрде
- B. жасай алмайды
- C. міндетті емес
- D. кез келген тұлға сияқты жасауға құқылы
- E. дұрыс жауабы жоқ

**98. Нотариустың құқығы жоқ**

- A. азаматтардың талап арызы бойынша шешім шығаруға
- B. мәмілелердің, өтініштер мен басқа да құжаттардың жобаларын жасауға
- C. құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлеуге
- D. нотариаттық іс-әрекет жасау мәселелері бойынша консультациялар беруге
- E. кәсіптік әдепті сақтауға

**99. Нотариус міндетті емес**

- A. нотариаттық іс-әрекеттер жасауға қосымша мәліметтер талап етуге
- B. заңға сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға
- C. кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға

D. заңға сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға

E. дұрыс жауабы жоқ

**100. Нотариус құқылы**

A. мәмілелерді куәландыруға

B. кәсіпкерлік қызметпен айналысуға

C. шарттарды жасау, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетуге

D. өкілді органға депутат болып сайланған жағдайда нотариус міндетін атқаруға

E. дұрыс жауабы жоқ

**101. Нотариустық қызмет ету аумағын.....белгілейді.**

A. әділет органы

B. сот

C. Парламент

D. Үкімет

E. басқа органдар

**102. Нотариаттық палатаның өкілеттігіне жатпайды**

A. лицензия беру

B. жекеше нотариустарға жалпы басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіріп отырады

C. жекеше нотариустар нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады

D. жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді

E. жекеше нотариустарды сынақтан өткізу мен оқытуды ұйымдастырады

**103. Қандай министрлік нотариаттық қызметпен айналысуға лицензия береді?**

A. Әділет министрлігі

B. Білім министрлігі

C. Еңбек және әлеуметтік министрлігі

D. Ішкі істер министрлігі

E. Барлығы дұрыс.

**104. ҚР-сы заңдарының бұзылуына жол бергені үшін мемлекеттік нотариус қызметінен босатылғаннан кейін нотариаттық қызметті тоқтатқан адам да осындай оқиға болғаннан кейін неше жыл бойы жұмыс істей алмайды?**

- A. 3 жыл
- B. 4 жыл
- C. 1 жыл
- D. 6 жыл
- E. 7 жыл

**105. Қай уақытта нотариус лицензиясының күшін тоқтатады?**

- A. Барлығы дұрыс
- B. Нотариус өз еркімен өтініш бергенде
- C. Нотариус азаматтығын өзгерткенде немесе ҚР-ның шегінен тыс жерге тұрғылықты мекенжайына кеткенде
- D. Нотариус қайтыс болғанда
- E. Нотариус қылмыс жасағаны үшін сотталғанда үкім заңды күшіне енгеннен кейін

**106. Нотариаттық қызмет қай уақытта шектеледі?**

- A. Шарттарды жасасу, өзгерту және бұзу кезінде делдалдық қызмет көрсетсе
- B. Заңға сәйкес іс жүргізгенде
- C. Нотариаттық палатамен іс әрекет жасағанда
- D. Жеке тұлғалардың мүліктерін қалыптастыру кезінде
- E. Лицензия алған сәттен бастап

**107. Қандай аумақ нотариаттық округ болып табылады?**

- A. Облыс аумағы, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы
- B. Ауылды аумақтар
- C. Шекаралық аумақтар
- D. Барлық жердегі аумақтар
- E. Дұрыс жауап жоқ

**108. Нотариаттық округ шегіндегі мемлекеттік нотариустың қызмет ету аумағын қай орган белгілейді?**

- A. Аумақтық әділет органы
- B. Қалалық әділет органы

- C. Ішкі істер органы
- D. Прокуратура органы
- E. Атқарушы орган

**109. Нотариус:**

- A. Құжаттардың көшірмелерін және олардың үзінділерін әзірлейді
- B. Құқықтарды реттейді.
- C. Міндеттерді орындайды
- D. Құқықтарын шектейді
- E. Дұрыс жауап жоқ.

**110. Нотариустың қанша міндеттері бар?**

- A. 6
- B. 7
- C. 9
- D. 10
- E. 12

**111. Нотариаттың іс-әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға түскен шағымдарды қандай заңдарға сәйкес соттар қарайды?**

- A. Азаматтық іс жүргізу кодексі
- B. Қылмыстық іс жүргізу заңдары
- C. Отбасылық іс жүргізу заңдары
- D. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу
- E. Аталғаннан өзге заңдарға

**112. Мемлекеттік нотариат кеңселері ҚР-ң қай жерлерінде орналасады?**

- A. Аудандарында (қалаларында)
- B. Облыстарда
- C. Дұрыс жауабы жоқ
- D. Жекеленген аймақтарда
- E. Шектелген аймақтарда

**113. Мемлекеттік нотариус қызметін қай орган енгізеді және жояды?**

- A. Аумақтық әділет органдары.

- В. Прокуратура органдары
- С. Ішкі істер органдары
- Д. Қаржы полициясы
- Е. Салық органдары

**114. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім жөнінде қандай мемлекеттік органға шағымдануға болады?**

- А. Сотқа
- В. Ішкі істер органдарына
- С. Әділет органдарына
- Д. Прокуратура органдарына
- Е. Қаржы полициясы

**115. Нотариус лицензиясын беруден бас тарту негіздері қандай заңдармен белгіленеді?**

- А. Лицензиялау туралы заңдармен
- В. Азаматтық заңдармен
- С. Қылмыстық заңдармен
- Д. Тіл туралы заңмен
- Е. Еңбек туралы заңмен

**116. ҚР-ның Президентінің «Лицензиялау туралы» заңды күші бар жарлығы қашан қабылданды?**

- А. 17 сәуір 1995 ж.
- В. 20 қараша 2000 ж.
- С. 27 мамыр 2003 ж.
- Д. 01 қазан 1999 ж.
- Е. 13 наурыз 2005 ж.

**117. Лицензия – бұл**

- А. мемлекеттік органның азаматқа немесе заңды тұлғаға тиісті қызметпен айналысуға немесе әрекеттерді жасауға берілетін рұқсаты
- В. мемлекеттік органның азаматқа немесе заңды тұлғаға қойатын тыйымдары
- С. мемлекеттік органдардың тиісті азаматтар мен заңды тұлғаларға қатысты іс-әрекеттері
- Д. дұрыс жауапбы жоқ
- Е. мемлекеттік органның жеке немесе заңды тұлғаларға байланысты арнайы құзыреті

**118. Лицензияның қызмет көлемдігіне байланысты болады: 1- басты, бірреттік, операциялық; 2- бірреттік немесе бірнеше реттік; 3- басты; 4- мемлекеттік; 5- басқа да түрлері**

- A. 1
- B. 3
- C. 4,5
- D. 2,3
- E. Барлығы дұрыс

**119. Лицензиат – бұл**

- A. Лицензияны алушы
- B. Мемлекеттік орган
- C. Лицензияны беруші
- D. Лицензияның әрекет ету аумағын шектеуші
- E. Нотариаттық палата

**120. Лицензия берілмейді, егер: 1- бұл қызмет түрі заңды актілерге сәйкес тиісті субъектілер категориясына тыйым салынған болса; 2 – заңға сәйкес барлық құжаттар тапсырылмаған болса; 3 – нотариаттық қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық төлем төленбеген болса; 4 – өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе; 5 – өтініш берушіге қатысты осы қызметпен айналысу үшін сот шешімі болса; 6 – барлық жауап дұрыс**

- A. 6
- B. 1
- C. 2
- D. 3
- E. 4,5

**121. Нотариаттық палатаның жарғысында көзделмейді:**

- A. заңға қайшы ережелер
- B. палата мүшелерінің құқықтары
- C. палата мүшелерінің міндеттері
- D. атауы
- E. қызметінің мақсаты

**122. Республикалық нотариаттық палата ҚР Әділет министрлігіне өз қызметі туралы ..... ақпарат береді.**



- A. жыл сайын
- B. ай сайын
- C. екі жыл сайын
- D. тоқсан сайын
- E. апта сайын

**123. Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды.....жүзеге асырады.**

- A. аумақтық әділет органы
- B. нотариаттық палата
- C. ішкі істер министрлігі
- D. Үкімет
- E. басқа орган

**124. Нотариустық салық туралы заңдарды сақтауын бақылауын..... жүзеге асырады.**

- A. ҚР салық қызметінің органдары
- B. аумақтық әділет органдары
- C. әкімшілік
- D. жергілікті өкілді органдар
- E. қаржы полициясы

**125. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді.**

- A. ҚР әділет министрлігі
- B. Мәжіліс
- C. ҚР сыртқы істер министрлігі
- D. Сенат
- E. Үкімет

**126. Аумақтық әділет органының құзыретіне жатпайды.**

- A. нотариусты қылмыстық жауапқа тарту
- B. мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашу және тарату
- C. азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік нотариустардың қызметтік іс-әрекетіне өтініштерін қарау
- D. нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныстар енгізу
- E. жекеше нотариусты жауапқа тарту туралы нотариаттық палатаға ұсыныс енгізу

**127. Нотариус мынандай іс-әрекет жасай алмайды:**

- A. шарттарды жасасу кезінде делдалдық қызметті жүзеге асыру
- B. мәмілелерді куәландыру
- C. мұраға құқық туралы куәліктер беру
- D. азаматтардың тірі екендігі фактісін куәландыру
- E. барлық жауап дұрыс

**128. Жергілікті атқарушы органның лауазымды адамы жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер**

- A. өсиеттерді куәландырады
- B. ақшаны депозитке қабылдайды
- C. мұраға құқық туралы куәліктер береді
- D. теңіз наразылықтарын жасайды
- E. вексель наразылығын жасайды.

**129. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мерзімдері:**

- A. мемлекеттік баж төленген не жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттеріне ақы төленген күні жасалады
- B. баж төленген кейін екі ай өткенде
- C. ақы төленгеннен кейін бір ай өткенде
- D. ақы төленбей тұрып
- E. мемлекеттік баж төленген соң ертесіне

**130. Адамның жеке басын анықтау жүргізіледі.**

- A. жеке куәлігі немесе төлқұжаты негізінде
- B. өзге құжаты негізінде
- C. неке куәлігі негізінде
- D. туу туралы куәлігі негізінде
- E. СТН мен басқа да құжат негізінде

**131. Мынандай мәмілелер немесе құжаттар куәландырылады:**

- A. анық жазылған
- B. өшіріп тасталған
- C. қосылып жазылған
- D. түзетулері бар
- E. қаламмен толтырылған

**132. Нотариус пен жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқылы:**

- A. заңды және жеке тұлғаларға
- B. өз атына және өз атынан
- C. өз жұбайының атына
- D. өз балаларының атына
- E. өз туыстарының атына

**133. Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарта алмайды:**

- A. мәмілені куәландыруды өтінгенде
- B. іс-әрекетті басқа нотариус жасауға тиіс болса
- C. мұндай іс-әрекет жасау заңдарға қайшы келсе
- D. нотариаттық іс-әрекет жасау жөнінде қабілетсіз азамат немес қажетті өкілеттігі жоқ өкіл өтініш жасаса
- E. мәміле заңдар талаптарына сәйкес келмесе

**134. Тіркелуге жататын жылжымайтын мүлікті иеліктен алу мен кепілге салу шартын куәландыру:**

- A. сол мүлік тұрған жерде жасалады
- B. өтінген тұлғаның тұрғылықты жерінде жасалады
- C. мұрагер тұратын жерде жасалады
- D. өтінген тұлғаның тіркелген жерінде
- E. жауаптар дұрыс емес

**135. Мұрагерлік құқық бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін белгілейді:**

- A. ҚР Үкіметі
- B. ҚР Президенті
- C. Парламент
- D. Әділет министрлігі
- E. өзге мемлекеттік органдар

**136. Ортақ меншіктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік қай жерде беріледі?**

- A. осы мүлік орналасқан жерде
- B. ортақ меншіктегі үлеске меншік құқығы бар адамдардың тіркелген жерінде
- C. ортақ меншіктегі үлеске меншік құқығы бар адамдардың тұрғылықты жерінде
- D. жұбайының тіркелген жерінде
- E. барлық жауап дұрыс

**137. Мүлікті иеліктен алуға тыйым салынғандығы туралы нотариус жылжымалы және жылжымайтын мүлікті тіркеу органдарына қандай нысанда хабарлайды?**

- A. жазбаша түрде
- B. ауызша түрде
- C. телефон арқылы
- D. ауызша немесе жазбаша
- E. кез келген нысанда

**138. Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландырады:**

- A. нотариус
- B. лауазымды тұлға
- C. ішкі істер органы
- D. әділет басқармасы
- E. атқарушы орган

**139. Кәмелетке толмаған азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру қалай жүргізіледі?**

- A. оның заңды өкілдерінің, сондай-ақ кәмелетке толмаған азаматты қорғаншылыққа алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі
- B. ішкі істер министрлігінің қаулысы бойынша жүргізіледі
- C. прокурордың ұйғарымы бойынша
- D. туысының өтініші бойынша
- E. дұрыс жауабы жоқ

**140. Нотариус жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға беруді қалай жүзеге асырады?**

- A. жеке қолхатпен немесе кері хабарламалы пошта арқылы
- B. телефон арқылы
- C. ауызша
- D. ауызша немесе жазбаша
- E. барлық жауап дұрыс

**141. Заңдарда көзделген жағдайларда борышкерден несие берушіге беру үшін ақша сомалары мен бағалы қағаздарды кім депозитке қабылдайды?**

- A. нотариус
- B. аумақтық әділет органы

- C. сот
- D. жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғасы
- E. аурухананың бас дәрігері

**142. Теңіз саудасын реттейтін заңдарға сәйкес теңіз нарзылығы туралы мәлімдеме қанша уақытта беріледі?**

- A. кеме портқа келген кезден бастап 24 сағаттың ішінде
- B. кеме портқа келген кезден бастап 72 сағаттың ішінде
- C. кеме портқа кірмей тұрып 10 күн ішінде
- D. кеме портқа келген кезден бастап
- E. басқа мерзімде

**143. Нотариус қандай дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді?**

- A. мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзіретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелер
- B. мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша қажетті дәлелдемелер
- C. табыс ету қиын болады деп топшылауға негіз болса
- D. табыс ету мүмкін емес деп топшылауға негіз болса
- E. жауаптар дұрыс емес

**144. Дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде нотариус қандай нормаларды басшылыққа алады?**

- A. ҚР азаматтық іс жүргізу заңдарының нормалары
- B. ҚР қылмыстық іс жүргізу заңдарының нормалары
- C. ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормалары
- D. ҚР қылмыстық кодексі
- E. ҚР азаматтық кодексінің нормалары

**145. Шетел азаматы өлген соң ҚР аумағында қалған мүлікті қорғауға байланысты іс-әрекеттер қандай заңға сәйкес жүргізіледі?**

- A. ҚР заңдарына сәйкес
- B. шетел азаматының заңдарына сай
- C. мұрагер немесе мұраға қалдырушы елінің заңына сай
- D. халықаралық шарттарға сай
- E. жауаптар дұрыс емес

**146. ҚР азаматы өлген соң шетелдік азаматқа тиесілі ҚР**

**аумағында қалған мүлікті қорғауға байланысты іс-әрекеттер қандай заңға сәйкес жүргізілді?**

- A. ҚР заңдарына сәйкес
- B. шетел азаматының заңдарына сай
- C. мұрагер немесе мұраға қалдырушы елінің заңына сай
- D. халықаралық шарттарға сай
- E. өзге актілерге сәйкес

**147. Нотариус басқа мемлекеттердің құзыретті органдары лауазымды адамдарының қатысуымен шетелде жасалған немесе солардан шығатын құжаттарды қандай жағдайда қабылдайды?**

- A. оларды ҚР-ның Сыртқы істер министрлігінің органы заңдастырған жағдайда
- B. оларды ҚР-ның Бас прокуроры тексерген жағдайда
- C. ҚР Үкімет бекіткен жағдайда
- D. ҚР-ның ішкі істер министрлігінің органы заңдастырған жағдайда
- E. барлығы дұрыс

**148. Егер ҚР бекіткен халықаралық шарт ҚР-ның заңдарында көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауды жүргізе алады ма?**

- A. ҚР Әділет министрлігі белгіленген тәртіппен жүргізеді
- B. жүргізе алмайды
- C. ҚР Ішкі министрлігі белгіленген тәртіппен жүргізеді
- D. ҚР Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен жүргізеді
- E. ҚР Парламенті бекіткен тәртіппен жүргізеді

**149. Жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттері жасаудың нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуінің ҚР-ның азаматтық заңдарында белгіленген міндеті**

- A. жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі
- B. жекеше нотариустың қылмыстық жауапкершілігі
- C. жекеше нотариустың әкімшілік жауапкершілігі
- D. азаматтың жауапкершілігі
- E. басқа жауапкершілік түрі

**150. Жекеше нотариустардың азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы ереже қашан қабылданды?**

- A. 1998 ж. 28 шілде
- B. 1999 ж. 25 шілде
- C. 1997ж. 27 шілде
- D. 1996ж. 20 шілде
- E. 2006 ж. 22 шілде

**151. Нотариат қызметімен айналысу үшін кемінде неше жыл жұмыс тәжірибесі болуы керек?**

- A. біржыл
- B. екі жыл
- C. алты ай
- D. төрт жыл
- E. бір жарым жыл

**152. Нотариат лицензиясын алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін кімдер белгілейді?**

- A. Әділет біліктілік алқасы
- B. Үкімет
- C. Парламент
- D. ҚР Президенті
- E. нотариаттық палата

**153. ҚР-да нотариаттық қызметпен кімдер айналыса алады?**

- A. мемлекеттік нотариустар және жеке практикамен айналысатын нотариустар
- B. судьялар,жекеше нотариустар
- C. адвокаттар,мемлекеттік нотариустар
- D. ҚР үкіметінің мүшелері
- E. кез келген арнай білімі бар жеке тұлға

**154. Мемлекеттік нотариус қызметін қай орган енгізеді және жояды?**

- A. аумақтық әділет органдары
- B. облыстық нотариаттық палата
- C. республикалық нотариаттық палата
- D. Әділет министрлігі
- E. жергілікті атқару органдары

**155. Қандай жағдайда нотариус лицензиясының күші тоқтатылады?**

- A. барлық жауабы дұрыс
- B. нотариус өз тілегімен өтініш бергенде
- C. нотариус азаматтығын өзгерткенде
- D. нотариус қайтыс болғанда
- E. өзге де жағдайда

**156. Жер учаскесіндегі тұрғын үй құрылысы туралы шартты кімдер куәландыра алады?**

- A. жер учаскесі берілген жердегі нотариат
- B. жер учаскесі иесінің тұрғылықты жеріндегі нотариат
- C. жер учаскесі иесінің өкілі тұратын жердегі нотариат
- D. нотариат палаталары
- E. соттар

**157. Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөніндегі, өз ықтиярын білдіруші...**

- A. өсиет беруші
- B. сенімхат беруші
- C. мұра қалдырушы
- D. мәміле жасаушы
- E. барлығы дұрыс

**158. Өсиет қандай нысанда жасалады?**

- A. жазбаша
- B. ауызша
- C. мұра қалдырушының еркі бойынша
- D. нотариус еркі негізінде
- E. басқа нысанда

**159. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жалдама қызметкер ретінде еңбек қатынастарында болуға құқығы бар ма?**

- A. құқығы жоқ
- B. құқығы бар
- C. кей жағдайларда
- D. Әділет біліктілік алқасы рұқсат
- E. барлық уақытта рұқсат етіледі



**160. Нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға теңестірілген өсиеттер мен сенімхаттарды лауазымды адамдар куәландыра алады ма?**

- A. құқығы бар
- B. құқығы жоқ
- C. кей жағдайларда
- D. Әділет біліктілік алқасы рұқсат
- E. барлық уақытта рұқсат етіледі

**161. Қандай жағдайларда нотариаттық іс әрекеттер жасаудан бас тартылуы мүмкін?**

- A. барлық жауап дұрыс
- B. егер, мұндай іс-әрекет жасау заңға қайшы келсе
- C. іс-әрекетті басқа нотариус жасауға тиіс болса
- D. нотариаттық іс-әрекет жасау жөнінде қаблетсіз азамат немесе қажетті өкілеттігі жоқ өкіл
- E. мәміле заңдар талаптарына сәйкес келмесе

**162. Нотариаттық іс әрекет жасауды өтінген адамға бас тартылған жағдайда, нотариус неше күннің ішінде себебі көрсетілген дәлелді қаулы беруге тиіс.**

- A. өтініш берген күннен бастап 10 күн ішінде
- B. 20 күн ішінде
- C. өтініш берген күннен бастап 1 ай көлемінде
- D. 15 күн ішінде
- E. 7 күн ішінде

**163. Өсиеттерді куәландырған кезде өсиет қалдырушыдан өсиетке қалдырылатын мүлікке оның меншік құқығын растайтын дәлелдемелер тапсыру талап етіледі ме?**

- A. талап етілмейді
- B. нотариус талап еткен жағдайда
- C. талап етіледі
- D. өсиет қалдырушының қалауы бойынша
- E. дұрыс жауап жоқ

**164. Нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қандай жағдайлар бойынша кейінге қалдырылуы мүмкін?**

- A. барлық жауап дұрыс

В. жеке және заңды тұлғалардан қосымша мәліметтерді талап ету қажет болғанда

С. құжаттарды сараптамаға жібергенде

Д. басқа бір мүдделі адам куәландырмақшы болған құқықты немесе фактіні сотта даулаушы мүдделі адамның жазбаша өтініші бойынша

Е. қосымша мәлімет қажет болған жағдайда

**165. Өсиеттер, өсиеттердің дубликаттары мен өсиеттердің көшірмелері туралы мәліметтер мүдделі адамға қай кезде беріледі?**

А. өсиет қалдырушы қайтыс болғаннан кейін

В. өсиет қалдырушының тірі кезінде

С. мүдделі адамның сұрауы бойынша

Д. өсиет куәландырылғаннан кейін

Е. 10 күн ішінде

**166. Нотариус дәлелдемелерді қамтамасыз ету кезінде куәдан жауап алу хаттамасын жасайды. Хаттамада нелер көрсетілуі тиіс?**

А. барлық жауап дұрыс

В. жауап алу күні, уақыты және орны;

С. жауап алушы нотариустың тегі мен аты-жөні;

Д. жауап алуға қатысушы адамдардың тектері, есімдері және әкелерінің аттары, туған жылы мен тұратын жері

Е. күәнің тегі, аты, әкесінің аты, оның туған жылы, тұратын жері.

**167. Нотариус мүдделі адамдарға дәлелдерді қамтамасыз ету туралы хабарлау нәтижесінде олардың келмей қалуы дәлелдерді қамтамасыз ету әрекеттерін орындауға кедергі болады ма?**

А. жоқ кедергі болмайды

В. кедергі болады

С. кей жағдайларда ғана

Д. нотариустың өзі шешеді

Е. дұрыс жауабы жоқ

**168. Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру қандай негізде жүзеге асырылады?**

А. мүдделі тұлғаның жазбаша арызы бойынша

- B. мүдделі тұлғаның ауызша өтініші бойынша
- C. мүдделі тұлғаның жұмыс ұйымының басшысының өтініші бойынша
- D. мүдделі тұлғаның өкілінің өтініші бойынша
- E. дұрыс жауабы жоқ

**169. Кәмелетке толмаған адамдардың белгілі бір жерде болу фактісі қандай негізде куәландырылады?**

- A. барлық жауап дұрыс
- B. ата-анасының өтініші бойынша
- C. асырап алушылардың өтініші бойынша
- D. қамқоршылары мен қорғаншыларының өтініші бойынша
Нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру

және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, селолардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады. Жеке практикамен айналысатын нотариустың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық аумақтық әділет органы мен нотариат палатасы жүзеге асырады. Бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының әділет министрлігі Республикалық нотариаттық палатамен бірлесіп белгілейді. Нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер, әкімдер аппаратының лауазымды адамдарының салық заңдарын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының салық қызметінің органдары жүзеге асырады.

### **5-тақырып. Нотариаттық іс-әрекеттердің түрлері**

Заңды тұлға құрмай, лицензия негізінде нотариаттық қызметпен айналысатын, өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін нотариаттық іс-әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша сақтандырған, нотариаттық палатаға мүше болған және аумақтық әділет органында есепке тұру тіркеуіне өткен азамат жеке практикамен айналысатын нотариус деп танылады. Жеке практикамен айналысатын нотариус банк мекемелерінде есеп айырылысу шоты болуына және өзге де шоттар ашуға, еңбек заңдарына сәйкес көмекшілер, техникалық қызметкерлер жалдап, оларды жұмыстан босатуға, нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан алынған табысқа билік етуге, соттарда өз атынан сөз сөйлеуге және ҚР-ның заңдарына сәйкес басқа да іс-әрекеттер жасауға құқылы.

### **6-тақырып. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың негізгі ережелері**

Нотариаттық іс-әрекеттер нотариаттық кеңсенің үй-жайында, үй-жайдан тыс жерлерде де жасалуы мүмкін. Егер нотариаттық

іс-әрекеттер нотариат кеңсесі немесе жеке қызметпен айналысатын, нотариус кеңсесі немесе жеке қызметпен айналысатын, нотариус кеңсесі үй-жайынан тыс жерлерде жасалса, онда құжаттағы куәландыру жазбасында және нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімде нотариаттық іс-әрекеттер жасалған орынның мекенжайы және уақыты көрсетіле отырып жазылады. Нотариус пен жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының өз атына және атынан, өз жұбайының, оның және өз туыстарының (ата-аналары, балалары, аға-інілері, апа-сіңілілері, немерелері, әжесі, ағасы) атына және олардың атынан нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінде іс қағаздарын жүргізудің және мұрағаттың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуі үшін жауапкершілік аумақтық әділет органы басқармасы бастығының бұйрығымен мемлекеттік нотариат кеңсесі нотариустарының біріне жүктеледі. Жеке практикамен айналысатын нотариустардың іс қағаздарын жүргізуі мен мұрағатының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жауапкершілікті жеке практикамен айналысатын нотариустың өзі көтереді. Мұрағат үшін жауапты мемлекеттік нотариус жұмыстан шыққан немесе басқа жұмысқа ауысқан жағдайда, оның міндеттері басқа нотариусқа жүктеледі, бұл жөнінде қабылдау-өткізу актісі жасалады. Жеке жұмыс істейтін нотариус өз өкілеттігін тоқтатқан жағдайда аумақтық әділет органы және нотариаттық палата құжаттарды басқа нотариусқа немесе тиісті мемлекеттік мұрағатқа тапсыру жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

### **7-тақырып. Құжаттарды нотариаттық куәландыру**

Нотариус заңдармен бекітілген міндетті нотариаттық нысанда мәмілелерді куәландырады. Тараптардың тілегі заңмен міндетті нотариаттық нысан белгіленбеген мәмілелер мен басқа да мәмілелер куәландырылуы мүмкін. Нотариус тараптарға олар табыс еткен мәмілелер жобасының мазмұны мен мағынасын түсіндіруге және оның мазмұны тараптардың шын ниеттеріне сәйкес келетінін және заң талаптарына қайшы келмейтінін тексеруге міндетті. Егер мәміле жасау сәтінде әрекет етуге қабілетті жеке тұлға алкогольдік немесе есірткілік масаю халінде болса нотариус мәмілені куәландырудан бас тартуға тиіс. 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың атынан мәмілелерді олардың ата-аналары, ал әрекет қабілеттілігі жоқ азаматтардың атынан-қамқоршылары жасайды. 14-тен 18 жасқа



дейінгі кәмелетке толмағандар мәмілелерді ата-аналарының, ал әрекет қабілеттілігі шектелген адамдар- қорғаншыларының келісімімен жасайды.

Өз арыздарында кемелердің капитандары жүзу кезінде болған оқиғалар (апат, жүктің бүлінуі және т.с.с.) туралы хабарлайды. Теңіз наразылығы туралы арызда оқиға жағдайларының және капитанға сеніп берілген мүлікті сақтау үшін ол қабылдаған шаралардың сипаттамасы болуға тиіс. Егер теңіз наразылығын мәлімдеу қажеттігін тудырған оқиға айлақта болған болса, наразылық оқиға сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде мәлімденуі тиіс.

Наразылықты белгіленген мерзім ішінде мәлімдеу мүмкін болмаған ретте, теңіз наразылығы туралы арызда мерзімді өткізіп алу себебі көрсетілуге тиіс. Теңіз наразылығы туралы арызда баяндалған жағдайларды растау үшін кеме капитаны сауда теңіз қатынасын реттейтін заңдарға сәйкес арыз берумен қатар, бірақ кеме айлаққа кірген сәттен бастап жеті күннен кешіктірмей (немесе егер оқиға айлақта болса, ол болған сәттен бастап) нотариусқа қарауға кеме журналын және капитан куәландырған кеме журналынан алынған көшірмені беруге міндетті.

### **8-тақырып. Азаматтардың жеке бастарына және жеке мүлікіне тиісті іс-әрекеттерді жасау тәртіптері**

Нотариус құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға жеке немесе заңды тұлғаның жазбаша арызы негізінде қабылдайды. Нотариустар сақтауға тапсырылатын құжаттар мен бағалы қағаздарды олардың мазмұнына, сондай-ақ белгілі адамға (адамдарға) тиесілігіне қарамастан қабылдайды. Мұндай нотариус құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтау нәтижесінде үшінші адамдарға келтірілген зиян үшін жауап бермейді. Құжаттар немесе бағалы қағаздар тізімдеме бойынша тапсырылады, тізімдеме екі данада жасалады және оған құжаттарды сақтауға тапсырған адам, сондай-ақ нотариус мөрін басып қол қояды. Егер тізімдеме бір беттен артық бетке жазылса, тізімдеме беттері нөмірленуге, баулануға және нотариус қолымен және мөрімен бекітілуге тиіс.

### **9-тақырып. Нотариустың нотариалдық іс-әрекеттер жасауында халықаралық шарттарды қолдану**

Қазақстан Республикасы аумағында жасалатын мәмілелерге қатысты шетел заңды тұлғаларының азаматтық құқық қабілеттілігі

және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық әрекет қабілетсіздігі Қазақстан Республикасының заңдары бойынша айқындалады. Егер шетел құқығы талаптарына сәйкес жасалған құжат көрсеткен тұлға, немесе шетелде қолдануға арналған құжатты нотариалды куәландыруды қажет ететін адам нотариаттық әрекет жасатуға келсе, шетел мемлекетінің құқық нормаларын қолдану қажеттігі пайда болады. Шетел құқығы оның шетел мемлекетінде қалыптасқан түсіндірілу және қолданылу практикасына сәйкес қолданылады.

## **Қазақстан Республикасының нотариаты пәні бойынша емтихан сұрақтар**

1. Азаматтық заңнамаға сәйкес жеке тұлға деген ұғым.
2. Азаматтың құқық қабілеттігі қай уақыттан пайда болады?
3. Басқа адам атынан құқықтар мен міндеттерге ие болуға жол беріле ме?
4. Қай кезден бастап азаматтың әрекет қабілеттілігі толық көлемде пайда болады?
5. Кәмелеттік жасқа толмағандар банктерге салымдар салуға және салған салымдарына дербес иелік етуге құқылы ма?
6. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға қандай нысанда құрылуы мүмкін?
7. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады ма?
8. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын және мемлекеттік бюджеттің есебінен ғана ұсталатын заңды тұлға қандай нысанында құрылуы мүмкін?
9. Заңды тұлғаның филиалы деген ұғым қандай?
10. Заңды тұлға таратылған кезде кредиторлардың қандай талабы бірінші кезекте қанағаттандырылады?
11. Банкроттық ұғымы.
12. Заңды тұлғаның өкілдігі деген ұғым қандай?
13. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қандай ұйымдық-құқықтық нысанда қайта ұйымдастырылуы мүмкін?
14. Қандай құжаттар акционерлік қоғамның құрылтай құжаттары болып табылады?
15. Өндірістік кооперативтің ең аз мүше саны қандай болуы тиіс?
16. Заңды тұлға таратылған кезде әрбір кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі.
17. Қандай тәртіпте банкроттықты тануға болады?
18. Шаруашылық серіктестігінің жоғарғы органы.
19. Толық серіктестік ұғымы?
20. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының міндеттемелері бойынша жауапкершілігі?
21. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының саны.
22. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті тарату комиссиясын

тағайындау және тарату балансын бекіту кімнің айрықша құзыретіне жатады?

23. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушының өз үлесін (оның бір бөлігін) үшінші адамдарға беруіне бола ма?

24. Өндірістік кооперативтің жарғысын қандай орган бекітеді?

25. Қандай орган мемлекеттік кәсіпорынды басқаратын орган болып табылады?

26. Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша қалай жауап береді?

27. Қандай органның шешімі бойынша қазыналық кәсіпорын құрылады?

28. Мекеме ұғымы.

29. Кәсіптік одақтың құқықтық мәртебесі?

30. Съездің (конференцияның) немесе жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратылатын қоғамдық бірлестіктің мүліктері қандай тәртіппен бөлінеді?

31. Қоғамдық қор ұғымы.

32. Мәмілелердің түрлері (тараптардың саны бойынша).

33. Мәмілелер жасау нысандары.

34. Мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптарды бұзудың салдарлары.

35. Меншік құқығы деген не?

36. Заттардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупі кімге көшеді?

37. Мемлекеттік меншіктің түрлері.

38. Серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен (толық серіктерімен) қосымша жауап беретін бір немесе одан да көп қатысушылармен қатар, серіктестіктің (салымшылардың) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін бір немесе одан көп қатысушыларды да енгізетін және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын серіктестік қалай аталады?

39. Мәміле ұғымы.

40. Жалған мәміле ұғымы.

41. Құлықпен жасалған мәміле ұғымы.

42. Сенімхат қолданысының ең ұзақ мерзімі.

43. Сенімхат берген тұлға сенімхатты немесе басқаға сенім білдіруді жоя ала ма?

44. Сенімхат берілген тұлға одан бас тарта ала ма?
45. Талап қою мерзімінің жалпы мерзімі.
46. Талап қою мерзімінің уақыты қай кезден басталады?
47. Шарт ұғымы.
48. Шарт қай кезде күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады?
49. Шарт қай кезден бастап жасалынған болып есептеледі?
50. Сатып алушы азық-түлікке жатпайтын тауар өзіне берілген кезден бастап қанша күн ішінде, егер сатушы неғұрлым ұзақ мерзім жарияламаған болса, сатып алынған тауарды сату орнында немесе сатушы хабарлаған өзге де орындарда бағасында айырма болған жағдайда сатушымен қажетті қайта есеп айырыса отырып, мөлшері, нысаны, ауқымы, пішіні, түсі, жинақтылығы және т.б. бойынша соған ұқсас тауармен алмастырып алуға құқылы?
51. Егер шартта жеткізуді қолдану мерзімі белгіленбеген болса және міндеттемелерден пайда болмайтын болса, ол қанша мерзімге жасалынған болып танылады?
52. Айырбас шарты деген ұғым?
53. Сый алушы өзіне сый берілгенге дейін кез келген уақытта одан бас тартуға құқылы ма?
54. Жылжымалы мүлікті сыйға беру шарты қай кезде жазбаша нысанды жасалуы тиіс?
55. Сыйға беру шарты қандай жағдайда өкілі жарамсыз деп таниды?
56. Егер сый алушы сыйға тартушының өміріне, оның отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының біреуіне қастандық жасаса не сый берушіге қасақана дене жарақатын салса, сыйға тартушы не жасауға құқылы?
57. Сыйға тарту шарты бойынша сыйға тартуға уәде берілген сый алушының құқықтары оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауысады ма?
58. Сыйға тартуға уәде берген сыйға тартушының міндеттері оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауыса ма?
59. Қайырмалдық деген не?
60. Рента шарты нотариаттық куәландырылуы тиіс пе?
61. Тұрақты рентаны төлеу мерзімі?
62. Тұрақты рента төлемі ретінде тегін берілген мүліктің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін кім мойнына алады?

63. Тұрақты рента төлемі ретінде төлеу үшін берілген мүлік кездейсоқ жойылған немесе кездейсоқ бүлінген кезде төлеуші тиісінше рента төлеу жөніндегі міндеттемесін тоқтатуды немесе оны төлеу талаптарын өзгертуді талап етуге құқылы ма?

64. Ғұмырлық рентаны төлеу мерзімі.

65. Азаматтар арасындағы ауызша түрде жасалатын мүлік жалдау шарты қанша мерзімге жасалуы мүмкін?

66. Мүлікке меншік құқығының кейіннен жалға алушыға ауысуын көздейтін мүлік жалдау шарты қандай нысанда жасалады?

67. Лизингінің нысанасы не бола алады?

68. Лизинг беруші лизинг алушы үшін мүлік сатып ала отырып, мүліктің белгілі бір тұлғаға лизинг ретінде беруге арналғандығы туралы сатушыны хабардар етуі тиіс пе?

69. Кәсіпорынды жалдау шартының нысанын сақтамау шарттың жарамсыздығына әкеп соға ма?

70. Прокат шарты қандай нысанда жасалады?

71. Прокат шарты бойынша жалға берілген мүлікті күрделі және ағымдағы жөндеу кімнің міндеті болып табылады?

72. Тұрғын үйді жалдау шарты қандай нысанда жасалады?

73. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді жалдау шарты ненің негізінде жасалады?

74. Жекеше тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді жалдау талаптарын кім белгілейді?

75. Оны тапсырысшыға тапсырғанға дейін және оған төлем жасалғанға дейін аяқталмаған құрылыстың иесі кім болып табылады?

76. Қандай жағдайда атқарушы өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша міндеттерді орындаудан бас тарта алады?

77. Заем шарты қай кезден бастап жасалынған болып есептеледі?

78. Қай кезден бастап тіркеуге жататын мәмілелер жасалынған болып есептеледі?

79. Мәмілелердің қарапайым жазбаша нысандарын сақтамау қандай құқықтық салдарларға әкеп соқтырады?

80. Сыртқы экономикалық мәмілелердің қарапайым жазбаша нысандарын сақтамау қандай құқықтық салдарларға әкеп соқтырады?

81. Мәмілелерді жасаған кезде қолтаңбаның факсимелік көшірмелерін, электрондық цифрлық қолтаңбаларды пайдалануға бола ма?

82. Егер азамат дене кемтарлығы, науқастығы немесе сауатсыздығы салдарынан өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша мәмілеге басқа азамат қол қоя ала ма?

83. Хат, жеделхат, телефонжазба, телетайпжазба, факс, электрондық құжаттар немесе субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріле ме?

84. Екіжақты мәмілелер әрқайсысына өзін жасаған тараптар қол қойған құжаттарды алмасу арқылы жасалуы мүмкін бе?

85. Әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған адам жасасқан мәміле жарамсыз деп таныла ма?

86. Он төрт жасқа толмаған адам (жас бала) жасаған мәміле жарамды бола ма?

87. Он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің келісімінсіз жасаған мәмілесі жарамсыз деп танылуы мүмкін бе?

88. Кіріптарлық мәміле ұғымы.

89. Алдау, зорлық, қорқыту ықпалымен жасалған мәмілені және бір тарап өкілінің екінші тараппен зұлымдық ниетте келісуі нәтижесінде жасалған мәмілелер бойынша талап арыз мерзімі қандай?

90. Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесі кімнің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады?

91. Өкіл жеке өзіне қатысты да, сонымен бірге өзі өкілі болып табылатын басқа адамға қатысты да өкілдік берушінің атынан мәмілелер жасай алма ма?

92. Сипаты жөнінен тек жеке өзі ғана жасауға болатын мәмілені өкіл арқылы жасауға жол беріле ме?

93. Әрекет қабілеттігі жоқ азаматтардың атынан мәмілелерді жасауға кімнің құқығы бар?

94. Мәміле жасауға уәкілдік берілмеген адамның басқа адам атынан немесе өкілеттігін асыра пайдаланып жасаған мәмілесі қандай жағдайларда ол үшін азаматтық құқықтар мен міндеттерді туғызады, өзгертеді және тоқтатады?

95. Қандай сенімхаттар міндетті тәртіппен нотариаттық куәландырылуы тиіс?

96. Міндеттемедегі тұлғалар ауысқан кезде талап қою мерзімі өзгереді ме?

97. Талап қою мерзімінің өтіп кетуіне байланысты бұзылған құқықты қорғау туралы талапты сот қабылдамай тастай ма?

98. Екі немесе бірнеше адамның меншігіндегі мүлік оларға қандай меншік құқығымен тиесілі болады?

99. Жылжымайтын мүлік бойынша иелену мерзімі қандай?

100. Жылжымалы мүлік бойынша иелену мерзімі қандай?

101. Тәркілеудің реквизициялаудан қандай айырмашылығы бар?

102. Регресс деген не?

103. Айыпты төлету туралы келісім нысаны қандай?

104. Егер тараптар келісімде оны төлеу міндетін қарастырмаған болса, кредитор айыпты төлетуді талап етуге құқылы ма?

105. Ипотека деген не?

106. Кепілзат деген не?

107. Ортақ меншік болып табылатын мүлікті кепілге беруге бола ма?

108. Мүлікті қайта кепілге салуға бола ма?

109. Консорциумға қатысушылары консорциумның қызметіне қатысты міндеттемелері бойынша қандай жауапкершілікте болады?

110. Міндеттемелердің тараптары кімдер?

111. Міндеттемелерді орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол беріле ме?

112. Міндеттемелерді атқаруды толығымен немесе жартылай үшінші тұлғаға жүктеуге бола ма?

113. Ақша сомасын немесе бағалы қағаздарды депозит шарттарында салу немесе нотариустың немесе соттың атына сақтау міндеттеменің орындалғаны болып есептеле ме?

114. Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы қалай аталады?

115. Болашақта пайда болатын талаптарға қатысты кепіл белгіленуі мүмкін бе?

116. Ортақ мүліктегі үлеске құқық кепілдің дербес құралы бола ала ма?

117. Кепілдегі шарттың нысаны.

118. Кепіл құралының өзгеруі тіркеуден өтуі тиіс пе?

119. Кепіл мен кепіл болушылық шарттарының нысандары.

120. Уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен



алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды не өзге міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома қалай аталады?

121. Кепілпұл туралы келісім нысаны.

122. Қандай құқықтардың басқа тұлғаға ауысуына жол берілмейді?

123. Өндірістік кооперативтің мүшесі болып табылмайтын азаматқа жарнаны (оның бір бөлігін) беруге бола ма?

124. Өндірістік кооперативтің мүшесі қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері кооператив мүшесі етіп қабылдана ма?

125. Өндірістік кооператив мүшесінің жарнасынан оның жеке борышын өндіріп алуға жол беріле ме?

126. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін салымдар (үлестер, жарналар) бойынша бөлуге бола ма?

127. Мемлекеттік кәсіпорындардың фирмалық атауында нелер көрсетілуге тиіс?

128. Мемлекеттік кәсіпорын қалай құрылады, таратылады және қайта ұйымдастырылады?

129. Қазыналық кәсіпорын ұғымы?

130. Қазыналық кәсіпорынның құрылтай құжаттары болып табылады.

131. Жедел басқару құқығына негізделген кәсіпорынның фирмалық атауында не көрсетілуі тиіс?

132. Шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорынның құрылтай құжаттары не болып табылады?

133. Қандай ұйымдық құқықтық нысанда саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңдарға қайшы келмейтін, өздерінің ортақ мақсаттарына жету үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері құрылуы мүмкін?

134. Қоғамдық бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке құқықтары бар ма?

135. Съездің (конференцияның) немесе жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратылған қоғамдық бірлестіктің мүлкі қалай жұмсалады?

136. Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым қандай ұйымдық құқықтық нысанда құрылуы мүмкін?

137. Қоғамдық қордың қаржылық көзі не болып табылады?

138. Қандай заңды тұлға өз мүлкінің пайдаланылуы туралы есептерін ресми баспасөз басылымдарында жыл сайын жариялап отыруға міндетті?

139. Қатысушылардың материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (үлестік) жарналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі қандай ұйымдық құқықтық нысанда құрылуы мүмкін?

140. Тұтыну кооперативінің тапқан табыстары қалай бөлінеді?

141. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталының ең аз мөлшері қандай?

142. Заңды тұлғалардың түрлері қандай?

143. Шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталына не салым бола алады?

144. Шаруашылық серіктестікке қатысушы серіктестік мүлкіндегі өз үлесін салып қоюға және сатуға құқылы ма?

145. Азамат адам өлді деп жарияланғаннан кейін сол адамға тегін көшіп, сақталып қалған мүлкін қайтарып беруді қанша уақыт ішінде талап ете алады?

146. Азамат туралы мәлімет болмаған кезде, мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша қанша уақыт ішінде сот оны қайтыс болды деп тануы мүмкін?

147. Қайтыс болды деп жарияланған адамның қайтыс болған күні қай күн болып есептеледі?

148. Қанша уақыт бойы азаматтың тұрғылықты жерінде ол туралы деректер болмаса, мүдделі адамдардың арызы бойынша сот оны хабар-ошарсыз кетті деп таниды?

149. Қандай жағдайларда сот азаматты әрекетке қабілетсіз деп тануы мүмкін?

150. Қандай жағдайларда азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы шектеу қойылуы мүмкін?

151. Нотариат – юрисдикциялық орган.

152. Нотариат құқық қорғау органдары жүйесінде.

153. Қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі нотариаттың рөлі.

154. Нотариат тарихы және нотариат туралы заңнама.

155. Нотариат реформасы – объективтілік қажеттілік.

156. Нотариалдық заңнама қайнар көздерінің жүйесі.

157. Құқық жүйесіндегі нотариат туралы заңдардың алатын орны.

158. Нотариаттық қызметтің түсінігі.

159. Нотариаттық қызметтің негізгі белгілері.
160. Нотариаттық іс жүргізудің сатылары.
161. Нотариаттық қызмет жасауға уәкілетті субъектілер.
162. Нотариаттық әрекеттердің жүйесі.
163. Нотариаттық қызметтің қағидаларының түсінігі мен жүйесі.
164. Нотариус қызметін бақылау.
165. Нотариус қызметінің аумағы.
166. Нотариаттық қызметті жүзеге асыру орны.
167. Нотариаттық қызметтің қағидаларының кепілдіктері.
168. ҚР нотариатының жүйесі.
169. Нотариаттың құрылымы.
170. Нотариаттық округ.
171. Нотариус қызметінің аумағы.
172. Нотариаттық әрекеттерді жүзеге асыру орны.
173. Мемлекеттік нотариат.
174. Мемлекеттік нотариат кеңсесі.
175. Мемлекеттік нотариус.
176. Мемлекеттік нотариат кеңсесі.
177. Мемлекеттік нотариус.
178. Мемлекеттік нотариустарды аттестациялау.
179. Жекеше нотариат.
180. Нотариаттық палата.
181. Тәжірибеден өту ережелері.
182. Жеке практикамен айналысатын нотариусқа қойылатын талаптар.
183. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.
184. Көмекшілер мен сынақтан өтуші нотариустар.
185. Нотариустардың және нотариаттық әрекеттер жасауға уәкілетті тұлғалардың жауапкершілігі.
186. Нотариаттық әрекеттерді жүзеге асырудың құпиялылығы.
187. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға көмектесу.
188. Лауазымды тұлғаларды аттестациялау.
189. Нотариаттық әрекеттер жасау субъектілерінің жауапкершілігі.
190. Нотариаттық қызмет субъектілерінің пәндік және аумақтық құзіретінің түсінігі.
191. Мемлекеттік және жеке практикамен айналысатын нотариустардың құзіреті.

192. Консулдық мекемелердің лауазымды тұлғаларының күзіреті.
193. Консулдық легализация.
194. Нотариаттық әрекеттерді жасау орны.
195. Нотариус қызметінің аумағын шектеу.
196. Нотариаттық әрекеттерді жасау мерзімдері.
197. Нотариаттық әрекеттерді кейінге қалдыру.
198. Кейінге қалдырудың негіздері мен мерзімдері.
199. Кейінге қалдыру туралы қаулы.
200. Нотариаттық әрекеттерді жасауды тоқтата тұру.

## Қосымшамалар

## ҮЛГІЛЕР

Тағылымдамадан өткен және  
нотариаттық қызметпен айналысу  
құқығына үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу қағидаларына

Комиссияның нотариаттық қызметпен  
айналысу құқығына үміткерді аттестаттау туралы шешімі

\_\_\_\_\_ қаласы 20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері  
бойынша

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша \_\_\_\_\_ балл  
емтихан билеті бойынша \_\_\_\_\_ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға

Мүшелері

\_\_\_\_\_ аттестатталсын деп шешті.  
(Т.А.Ә.)

Комиссия төрағасы  
Комиссия хатшысы

Тағылымдамадан өткен және  
нотариаттық қызметпен айналысу  
құқығына үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу қағидаларына

Комиссияның нотариаттық қызметпен  
айналысу құқығына үміткерді аттестаттамау туралы шешімі

\_\_\_\_\_ қаласы 20\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау нәтижелері  
бойынша

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

тестілеу бойынша \_\_\_\_\_ балл  
емтихан билеті бойынша \_\_\_\_\_ балл жинады.

Мына құрамдағы Комиссия:

Төраға  
Мүшелері  
шешім шығарды:

\_\_\_\_\_ аттестаттаудан өтпеді деп саналсын.  
(Т.А.Ә.)

Комиссия төрағасы  
Комиссия хатшысы

**Заң бойынша мұраға құқық туралы  
куәлік**

\_\_\_\_\_ каласы (кенті, ауылы, облысы)

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,  
(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус

лицензиясының нөмірі мен күні)

\_\_\_\_\_ нотариусы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)

ҚР АҚ \_\_\_\_\_ бабының негізінде 20\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қайтыс  
болған  
азамат \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мұра қалдырушының Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ мүлкіне  
(мұрагерлердің Т.А.Ә., олардың тұрғылықты жері туған жері, олардың мұра

қалдырушыға туыстық қатынастары) әрқайсысының тең үлесте мұрагерлер  
болып табылатынын куәландырамын. Осы куәлік берілген мұралық мүлік  
мынадай заттардан тұрады:

\_\_\_\_\_ (куәлік берілетін мүлік көрсетіледі)

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді  
Мемлекеттік баж өндірілді  
немесе жекеше нотариуска  
төленген сома \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_  
(мұралық іс нөмірі)  
Мөр Нотариус \_\_\_\_\_  
(қолы)

### Өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік

\_\_\_\_\_ қаласы (ауылы, кенті, өлкесі, облысы)  
\_\_\_\_\_ қаласы (кенті, ауылы, облысы)

(күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,  
(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус

лицензиясының нөмірі мен күні)

\_\_\_\_\_ нотариусы

(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(өсиетті куәландырған нотариаттық органның негізінде атауы)  
\_\_\_\_\_ куәландырылған және № \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелген өсиеттің  
қандай жағдайда болмасын және қай жерде болмасын 20 \_\_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_\_ "  
қайтыс болған аз. \_\_\_\_\_ өсиетінде аталған  
мүлкіне

\_\_\_\_\_ (мұрагерлердің тектері, аттары, әкелерінің аттары және куәландырамын.

\_\_\_\_\_ мұрагерлер болып табылатынын  
олардың тұрғылықты жері)

№ \_\_\_\_\_  
(мұралық іс нөмірі)

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді  
Мемлекеттік баж өндірілді  
немесе жекеше нотариуска  
төленген сома \_\_\_\_\_

мөр Нотариус \_\_\_\_\_  
(қолы)



## Меншік құқығы туралы куәлік

\_\_\_\_\_ қаласы (кенті, ауылы, облысы)

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,  
(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус

лицензиясының нөмірі мен күні)

\_\_\_\_\_ нотариусы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

ҚР «Неке және отбасы (супружество) туралы» Кодексінің \_\_\_\_\_ бабының негізінде және

аз.аз. \_\_\_\_\_  
(ерлі-зайыптылардың Т.А.Ә және олардың тұрғылықты жері)

\_\_\_\_\_ арыздарына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезінде жинаған ортақ мүлкінде меншік құқығы \_\_\_\_\_  
(ерлі-зайыптылардың қайсысына ортақ мүліктен үлес жататыны көрсетіледі) қандай \_\_\_\_\_ жататынын куәландырамын.

Аталған ерлі-зайыптылардың аталған үлесте меншік құқығы куәландырылған ортақ бірлескен мүлкі мынадай заттардан тұрады: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (меншік құқығы туралы куәлік берілген мүлік көрсетіледі, ол кімнің

\_\_\_\_\_ атында болды немесе бұрын кімнің атына тіркелді)

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді  
Мемлекеттік баж өндірілді  
немесе жекеше нотариусқа  
төленген сома \_\_\_\_\_  
мөр Нотариус \_\_\_\_\_

**Азаматтың тірі екендігі  
фактісін куәландыру жөніндегі куәлік**

\_\_\_\_\_ қаласы (кенті, ауылы, облысы)

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,  
(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус

лицензиясының нөмірі мен күні)

\_\_\_\_\_ нотариусы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)

аз. \_\_\_\_\_ тірі екендігін және \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә, туған жылы, туған жері) (оның тұрғылықты жері)  
тұратынын куәландырамын. Аз. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., туған жылы, келіп отырғанның туған жері)

бүгін \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минутте (маған немесе айтылған мемлекеттік нотариат кеңсесіне) өзі келді. Жеке басы анықталды.

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді  
Мемлекеттік баж өндірілді  
немесе жекеше нотариусқа  
төленген сома \_\_\_\_\_  
мөр Нотариус \_\_\_\_\_  
(колы)

**Азаматтың белгілі бір жерде  
болу фактісін куәландыру жөніндегі куәлік**

\_\_\_\_\_ қаласы (ауылы, кенті, өлкесі, облысы)  
\_\_\_\_\_ қаласы (кенті, ауылы, облысы)

\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,  
(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус

лицензиясының нөмірі мен күні)

\_\_\_\_\_ нотариусы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ тұратын аз. \_\_\_\_\_  
(тұрғылықты жері) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., туған жылы, туған жері)  
20 \_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағ \_\_\_\_\_ минөтте \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ мекенжайындағы мемлекеттік нотариат кеңсесінің бөлмесінде  
(немесе жекеше нотариуста) болғанын куәландырамын.  
Оның жеке басы анықталады, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді  
Мемлекеттік баж өндірілді  
немесе жекеше нотариуска  
төленген сома \_\_\_\_\_  
мөр Нотариус \_\_\_\_\_  
(қолы)

### **Құжаттарды сақтауға қабылдау туралы куәлік**

\_\_\_\_\_ қаласы (ауылы, кенті, өлкесі, облысы)  
\_\_\_\_\_ қаласы (кенті, ауылы, облысы)  
\_\_\_\_\_ (күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,  
(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус  
лицензиясының нөмірі мен күні)

\_\_\_\_\_ нотариусы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ тұратын аз. \_\_\_\_\_  
(оның тұратын жері) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә., туған жылы, туған жері)  
20 \_\_\_\_ жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(мекен жайы)  
мемлекеттік нотариат кеңсесіне (немесе жекеше нотариуска) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мерзімге қоса беріліп отырған тізімдемеге сәйкес  
(мерзімі сөзбен көрсетіледі) құжаттарды маған сақтауға тапсырғанын  
куәландырамын.

Құжаттарды сақтауға тапсырған адамның жеке басы анықталды, әрекет  
қабілеттілігі тексерілді.

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді  
Мемлекеттік баж өндірілді  
немесе жекеше нотариуска  
төленген сома \_\_\_\_\_

мөр Нотариус \_\_\_\_\_

### Өтініш беру туралы куәлік

\_\_\_\_\_ қаласы (кенті, ауылы, облысы)

(күні, айы, жылы)

Мен, \_\_\_\_\_,

(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы немесе жекеше нотариус

лицензиясының нөмірі мен күні)

нотариусы

(Т.А.Ә.)

"Нотариат туралы" ҚР Заңның 84-бабының негізінде мен арқылы \_\_\_\_\_  
жылдың

" " \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.туған жылы, туған жері немесе өтініш берген \_\_\_\_\_ бергенін  
қуәландырамын.

ұйымның атауы)

Өтініш мазмұны

мынадай \_\_\_\_\_

(өтініштің қысқаша мазмұны көрсетіледі)

Өтініш берген азаматтың (өкілдің) жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі  
тексерілді.

№ \_\_\_\_\_ тізілімде тіркелді

Мемлекеттік баж өндірілді

немесе жекеше нотариусқа

төленген сома \_\_\_\_\_

мөр Нотариус \_\_\_\_\_ (қолы)

## Ұсынылатын нормативтік актілер мен әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы/ 1995 ж. 30 тамыз
2. ҚР «Нотариат туралы» Заңы / 1997 ж. 14 шілде, 2006.22.06; Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген.
3. ҚР 1999 ж. 13 шілде ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі
4. ҚР 1999 ж. 23 шілде «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы
5. ҚР 1996 ж. 31 желтоқсан «Мемлекеттік баж туралы» Заңы.
6. ҚР Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше) 2006 ж. 29 наурыз.
7. Госпитальдардың, санаторийлердің және басқа әскери-емдеу мекемелерінің бастықтарымен, орынбасарларының сенімхаттар мен өсиеттерді куәландыру тәртібі туралы №5 нұсқаулық
8. Ауруханалар, санаторийлер және өзге емдеу – алдын алу мекемелерінің бас және кезекші дәрігерлерінің өсиеттерді куәландыру тәртібі туралы №7 нұсқаулық
9. Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау мекемелері мен органдарының басшыларының сенімхаттарды және қарттар мен мүгедектер үйлерінің директорларының, бас дәрігерлерінің өсиеттерді куәландыру тәртібі туралы №9 нұсқаулық
10. Қазақстан Республикасы нотариустарының нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы нұсқаулық. 1998 ж. 28 шілде ҚР Әділет министрі бекіткен.
11. Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустармен куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысан бекіту туралы ереже. 2012 ж. 31 қаңтарда №33 бұйрығымен ҚР Әділет министрі бекіткен.
12. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау ережесін бекіту туралы ереже. 2012 ж. 31 қаңтардағы №31 бұйрығымен ҚР Әділет министрі бекіткен.
13. Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы ереже. 2012 ж. 31 қаңтардағы №32 бұйрығымен ҚР Әділет министрі бекіткен.
14. Нотариаттық округтегі ең аз нотариустар саны бекіту туралы ереже. 2012 ж. 31 қаңтардағы №34 бұйрығымен ҚР Әділет министрі бекіткен.
15. Жеке нотариустардың есептік тіркеуден өту туралы ережесін бекіту туралы ереже, 2012 ж. 31 қаңтардағы № 30 бұйрығымен ҚР Әділет министрі бекіткен.
16. Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы ереже. 2012 ж. 31 қаңтардағы №29 бұйрығымен ҚР Әділет министрі бекіткен.
17. Нотариустың сынақтан өтушілері туралы Ережесі. ҚР Әділет министрі 1998 ж.18 қаңтарда бекіткен.
18. Государственный нотариат. // Сборник нормативных актов. 1999.
19. «Авокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу үшін берілетін мемлекеттік лицензиялардың нысандарын бекіту туралы» Қаулысы.
20. «Нотариаттық қызмет көрсету кезінде жеке нотариустардың бақылау-қасалық аппараттарын қолдану мәселелері бойынша» Түсіндірмелері. 2000 ж. 12 қазан.

21. «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Ережелер. 1998ж. 29 шілде.
22. «Нотариаттық әрекеттер жасайтын жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларын аттестациялау туралы» Ереже 1998ж. 9 наурыз.
23. «Орталық аттестациялық комиссия туралы Ережені бекіту туралы» Бұйрығы. 1997ж. 24 қараша.
24. Нотариалдық палатаның Жарғысы.
25. Төлеуғалиев Ф. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, оқулық, Алматы, 1999 ж.
26. Жайлин Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Ерекше бөлім. 1-2 томдар, Алматы, 2003 г.
27. Рашидова З. Наследование по завещанию Гражданский Кодекс Республики Казахстан – толкование и комментирование. Выпуск 5. Алматы, Баспа, 1998
28. Баймолдина З. Х. Нотариат Республики Казахстан: типовая учебная программа, 2003.
29. Әленова А. Х., Қосанов Ж. Х., Нотариаттық іс-әрекеттер және оларды іске асыру ережелері, Астана, 2007.
30. Виноградова Р.И. Образцы нотариальных документов. М.: Юрид лит., 1994.
31. Михайлова Е. П., Таранина И.В. Нотариат в схемах. Учебно-практическое пособие. М.: БЕК, 2000.
32. Власов Ю.Н., Калинин В. В. Нотариат. Курс лекций. – М., 2001.
33. Глушенко П. П., Седов А. М. Основы нотариальной деятельности. Учебное пособие. 2-е изд. – С-Петербург, 2000.
34. Полтавская Н., Кузнецов В. Нотариат. Курс лекций. – М.: Институт международного права и экономики им. Грибоедова, 1998.
35. Правовые основы нотариальной деятельности. Учебное пособие. / Под ред. Аргунова В. – М.: БЕК, 1994.
36. Гражданский и арбитражный процесс, нотариат, обязательственные отношения. /Отв. Ред. В.В. Ярков. – М.: БЕК, 1998.
37. Комментарий к Основам законодательства Российской Федерации о нотариате. /Под ред. Аргунова В. – М.: СПАРК, 1996.
38. Михайлова Е. П., Таранина И. В. Справочник по нотариату. – Новосибирск, 1999.
39. Нотариальная практика. /Ред. С. А. Новиков. – М.: ПРИОР, 1998.
40. Репин В. С. Настольная книга нотариуса (теория и практика). – М.: Юридическая литература, 1994.
41. Сотов П. В., Каменецкий Р.А. Адвокатура и нотариат. Учебно-практическое пособие. – М.: Проспект, 1999.
42. Репин В. С. Настольная книга нотариуса М. Юрид. Лит, 1994.
43. Сотов П. В. Адвокатура и нотариат. Уч. Практ. Пособие. М. Проспект. 1999.
44. Полтавская Н. Нотариат. Курс лекций. 1998.

## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз</b> .....	3
<b>1 ТАРАУ.</b>	
<b>Нотариаттың түсінігі, жүйесі және міндеттері</b> .....	4
1.1 Нотариаттың түсінігі, нотариаттың міндеттері.....	4
1.2 Нотариаттық қызметтің пәні және принциптері.....	6
1.3 Нотариат туралы заңнама оның құқық жүйесіндегі орны.....	12
1.4 «Қазақстан Республикасының нотариаты» курсының пәні және жүйесі.....	15
<b>2 ТАРАУ.</b>	
<b>Нотариаттық қызметтің даму кезеңдері</b> .....	17
2.1 Нотариаттың қалыптасу және даму тарихи.....	17
2.2 Егеменді Қазақстанның нотариатының даму кезеңдері.....	21
2.3 Қазіргі жағдайлардағы нотариат және оның рөлі.....	22
<b>3 ТАРАУ.</b>	
<b>Нотариат органының жүйесі</b> .....	26
3.1 Қазақстан Республикасындағы нотариат органдарының жүйесі.....	26
3.2 Нотариалдық округ.....	27
3.3 Нотариустардың құқықтық дәрежесі.....	30
3.4 Нотариустардың құқықтары, міндеттері.....	35
<b>4 ТАРАУ.</b>	
<b>Нотариустардың іс-әрекетін қадағалау</b> .....	37
4.1 Нотариустардың іс-әрекетін қадағалау.....	37
4.2 Әділет органдарының құқықтық жағдайы.....	38
4.3 Нотариалдық палатаның түсінігі және өкілеттілігі.....	40
4.4 Республикалық нотариалдық палата және оның құқықтық дәрежесі.....	42
4.5 Нотариалдық палатаның жарғысы.....	42
<b>5 ТАРАУ.</b>	
<b>Нотариаттық іс-әрекеттердің түрлері</b> .....	44
5.1 Нотариустармен жасалынатын іс-әрекеттер.....	44
5.2 Уәкілетті лауазымды адамдармен және консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер.....	45
5.3 Нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға тенестірілген өсиеттер мен сенімхаттарды лауазымды адамдардың куәландыруы.....	46
<b>6 ТАРАУ.</b>	
<b>Нотариаттық іс-әрекеттер жасауындағы негізгі ережелер</b> .....	49
6.1 Нотариаттық іс-әрекеттер жасау және тоқтата тұру тәртібі.....	49
6.2 Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.....	52
6.3 Нотариаттық іс қағаздарын жүргізудің жалпы ережелері.....	54
6.4 Нотариаттық мұрағат және істерді сақтау.....	56

## **7 ТАРАУ.**

Құжаттарды нотариаттық куәландыру .....	60
7.1 Мәмілелерді куәландырудың жалпы ережелері.....	60
7.2 Мәмілелердің жекелеген түрлерін куәландыру.....	64
7.3 Теңіз наразылықтарын жасау.....	70
7.4 Құжаттардың көшermелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыру.....	71
7.5 Құжаттардағы қолдардың түпнұсқаулығын куәландыру.....	73
7.6 Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру.....	74
7.7 Азаматтың тірі табылу және азаматтың белгілі бір жерде табылу фактісін куәландыру.....	75
7.8 Құжаттардың көрсетілу уақытын куәландыру.....	76

## **8 ТАРАУ.**

<b>Азаматтардың жеке бастарына және жеке мүлікіне тиісті іс әрекеттерді жасау тәртіптері.....</b>	<b>78</b>
8.1 Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын басқа жеке және заңды тұлғаларға беру.....	78
8.2 Ақшаларды депозитке қабылдау.....	79
8.3 Вексельдер наразылықтарын жасау.....	80
8.4 Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау.....	81
8.5 Дәлелдерді қамтамасыз ету.....	82
8.6 Жұбайлардың және ортақ бірліскен меншік құқығы негізінде мүлкі бар басқа адамдардың ортақ мүліктері үлеске меншік құқығы туралы куәлік.....	85
8.7 Мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және тыйымды жою.....	87

## **9 ТАРАУ.**

<b>Нотариустың нотариалдық іс-әрекеттер жасауында халықаралық шарттарды қолдану.....</b>	<b>89</b>
9.1 Адам құқықтарын реттейтін халықаралық актілер мен шарттар.....	89
9.2 Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы халықаралық шарттар.....	90
«ҚР нотариаты» пәні бойынша тест сұрақтары.....	94
Қосымшалар.....	161
Қазақстан Республикасының нотариаты пәні бойынша емтихан сұрақтар.....	170
Ұсынылатын нормативтік актілер мен әдебиеттер тізімі.....	188



**Г. Р. РАХМЕТОВА**

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОТАРИАТЫ**

*Оқулық*

Басуға 29.12.2012 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times».  
Пішіні 60х90/16. Офсеттік басылым. Баспа табағы 12.  
Таралымы 1200 дана. Тапсырыс 221.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан  
басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru